ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ИНСТИТУТЫ
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ» КАФЕДРАСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. М. УТЕМИСОВА
ИНСТИТУТ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
КАФЕДРА «АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА»

«ҰЛТ САНАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

12 сәуір 2019 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

«МОДЕРНИЗАЦИЯ СОЗНАНИЯ НАЦИИ И ЦЕННОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

12 апреля 2019 г.

Орал, 2019
Уральск, 2019

ӘОЖ (УДК) 323
КБЖ (ББК) 66.3
У 47

Редакциялық коллегия / Редакционная коллегия

Серғалиев Н.Х., ***бас редактор / главный редактор,*** *М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / ректор ЗКГУ имени М. Утемисова, ассоциированный профессор, кандидат биологических наук*

Қыдыршаев А.С., ***жауапты хатшы / ответственный секретарь****, «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор / директор института «Рухани жаңғыру», доктор педагогических наук, профессор*

Ахмеденов К.М., *М.Өтемісов атындағы БҚМУ, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, география ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по научной работе и международным связям, ассоциированный профессор, кандидат географических наук*

Тасмағамбетов Ә.С., *оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, доцент / проректор по учебно-методической работе, доктор исторический наук, доцент*

Даришева Т.М., *тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент / проректор по воспитательной работе и социальным вопросам, кандидат педагогических наук, доцент*

Шайхиев Т.Т., *«Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі, «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері / заведующий кафедрой «Ассамблеи народа Казахстана», научный сотрудник института «Рухани жаңғыру»*

Танзенов Д.Ж., *«Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері, тарих магистрі / научный сотрудник института «Рухани жаңғыру»,магистр истории*

Сұңғатова Г.Х., *«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері / методист института «Рухани жаңғыру»*

У47 Ұлт санасының жаңғыруы және ұлы дала құндылықтары = Модернизация сознания нации и ценности великой степи: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019.-142б.

Ғылыми жинақта халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары қамтылған. Жинақ материалдарын рухани жаңғыру қадамдары – ұлттық кодымыздың сақталуы, озық дәстүрлеріміздің жаңғыруы, XXI ғасырдағы ұлттық сана, бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құру, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы, латын әліпбиі: тарихи кезеңдері, көзқарастар жүйесі және тәжірибелік тиімділігі, тұлғатану, заманауи Қазақстанның келбеті және ұлттық рухани құндылықтар жүйесі сынды мәселелер қарастырылған. Конференцияға Италия, Ресей Федерациясының Орынбор қаласы, Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысының Орал қаласындағы жоғары оқу орындарының ғалымдары, магистр-оқытушылары мен магистранттары қатысқан.

Сборник состоит из материалов международной научно-практической конференции. В материалах вошедших в сборник, рассматриваются такие вопросы, как: сохранение национальнойидентичности, возрождение лучших традиций, национальная численность в XXI веке: конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, торжество знаний, эволюционное развитие Казахстана, открытость сознания, латинский алфавит: исторические этапы, система взглядов и практическая эффективность, личностоведение: облик современного Казахстана и система национальных духовных ценностей. Участниками конференции являются ученые, магистры-преподаватели из Италии, Оренбургской области Российской Федерации и Западно-Казахстанской области Республики Казахстан.

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз. **Көлгінов А.С.** Рухани жаңғыру – бәсекелік қабілетімізді арттыру көзі.....5
Серғалиев Н.Х. Рухани жаңғыру – еліміздің жарқын болашағы.....6
Қыдыршаев А.С. Заманауи әлемдегі рухани жаңғыру құндылықтары негізіндегі берік рухани иммунитеттің қажеттілігі.....8
Gian Luca Bonora Cultural Connectivity in the Inner Syrdarya Delta during the Second Half of the First Millennium BC.....12
Сабыр М. Ұлы даланың бір қыры – Алтын Орда.....16
Жақсығалиев Ж.Ж. Тектілік феномені *(тарихи-этнографиялық пайым)*.....21
Байболсынова А.С., Жалғасова Г. Ұлт болмысының терең рухани тамыры – тарихи ескерткіштер мен киелі орындар.....32
Серікова Л.С., Танзенов Д.Ж. Н.Ә.Назарбаевтың қазақ халқының рухани жаңғыруына қосқан үлесі.....36
Журасова А.Ш. Рухани-адамгершілік тәрбиенің ұлттық идея мен прагматизмді қалыптастырудағы орны.....38
Танзенов Д.Ж. «Рухани жаңғыру» бағытындағы ізгілікті ізденістердің қарымды қадамдары.....42
Қыдыршаев А.С., Абдрахманов И.С. Тәуелсіздік тірегі – мемлекеттік тіл *(Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіз қазақ елі құндылықтары туралы)*.....45
Қыдыршаев А.С., Мұхамбетқалиев Ә.С. Қазақ тіліндегі әлемнің үздік туындылары оқу үрдісінде.....48
Рамазанов С.К., Тұрлыманова С.С. Маңғыстау өлкесіндегі киелі географиялық нысандар.....51
Қыдыршаев А.С., Мұхамбеткереева Г.І., Ербөлекова Б.А. Білімге негізделген құндылықтар мен өнер қуатын дарыту – ұлт тұлғасын баулу кредосы *(Ғалым-ұстаз Мәтжан Мақсымұлы Тілеужановтың ұлттық рухани құндылықтарға қатысты тұжырымдары)*.....56
Мұхамбетқалиева Р.Қ., Абдубали А.О. Тұранның феномені - Асан деген... *(«Мәңгілік ел» мемлекеттік идеясының тарихи тұлғалар өміріндегі көрінісі)*.....60
Хасанов Ғ.Қ. Асан Қайғы тәліміндегі рухани жаңғырудың профессор М.М.Тілеужанов көзқарасындағы көріністері.....66
Ахмеденов К.М. Бальнеологическая оценка лечебных грязей соленых озер Западного Казахстана.....70
Шайхиев Т.Т. Казахстан и Россия: перспективы интеграционных процессов.....74
Байболсынова А.С., Каиржанова Г. Евразийский союз: особенности интеграционных процессов (на примере ЗКО и Саратовской области).....77
Хайдаров Е.Е. Ұлттық бірегейлік тәуелсіздіктің айқын белгісі ретінде.....79
Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев О.А. Заманауи еуразиялық идеяның басты тірегі – ел бірлігі.....84
Калинин А.Е. Роль приграничных регионов в развитии и укреплении торгово-экономических связей в ЕАЭС.....87
Карабаева К.Д. Мировозренческий потенциал Евразийской модели государства вконтексте философской традиции русского зарубежья.....94
Шохина В.К.Роль этнокультурных объединении в интеграционных процессах на евразиийском пространстве.....97
Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө. Жазушы Қайыр Бектұрғанов әңгімелеріндегі өткен тарих іздері, бүгінгі заман бейнесі.....99

Қыдыршаев А.С., Таңатарова А.Х., МақсотоваЛ.Н. Атадан – өсиет, анадан – қасиет *(Белгілі айтыскер ақын Шолпан Қыдырниязованың «Анадан – ақыл, әжеден - әдеп» атты туындысы хақында*).....102
Науанова К.М., Есеева Г.Н. Евразийская идея в русской философии.....104
Науанова К.М., Есеева Г.Н. Основные этапы Евразийской интеграции.....108
Камнева Е.М. Воспитание толерантности и социальной гармонии в школе.....114
Гайсина М.Б. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекаралық ынтымақтастықты орнатудың Европалық тәжірибесі.....118
Мырзабаева Б.М. Қазақстан Республикасы Президент Еуразияшылдық идеясы.....121
Чудрова В.У., Садыкова Г.А. Проблемы жилищно-коммунального хозяйства и пути их решения.....125
Танзенов Д.Ж. Ресей империясының Орталық Азиядағы қоныстандыру саясатының төңкеріске дейінгі мерзімді басылымдарда көрініс табуы.....130
Қатарова Р.А. Шахзада Шонанова – саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қазақ қызы.....133
Мағзомова Г.Т. Жыраулар поэзиясы мәтіндеріне текстологиялық барлаулар.....137

ӘОЖ 323

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БӘСЕКЕЛІК ҚАБІЛЕТІМІЗДІ АРТТЫРУ КӨЗІ

А.С.Көлгінов
Батыс Қазақстан облысы әкімі

Ардақты ағайын! Рухани жаңғырудың жолын айқын бағдарлау мақсатын көздеген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы баса айтылған түйінді тұжырымдар қазақ елінің зиялы қауымын саналы ұрпақтың рухани тазалығы, рухани байлығы туралы тереңірек ойлануға алып келгені аян. Ал Ұлы Даламыздың жеті қырына бойлау нысана етілген Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы – еліміздегі рухани жаңғырудың заңды жалғасы да.

Бүгінде күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін еместігі айқын. Ал, өзгерту үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіру керек-ақ. Елбасымыз осы орайда: *«Озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды»,* - деп түйіндейді.

Шынында да қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алмақ. *Бәсекелік қабілетіміз* – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, не болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Осыдан өрбіте айтар болсақ, бүгінгі рухани жаңғыру қадамы – бәсекелік қабілетімізді арттыру көзі. Осы орайда да қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Демек, біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің күллі қызметі осы үрдісте өрістеуі нақты нәтижеге әкелері даусыз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: *«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз мен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», - деп тұжыра келіп: «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды», - дейді.*

Осы тұста болашағына мол сеніммен қарайтын біздің бүгінгі жастарымыз табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркез терең түсінуі тиіс. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана

табысқа жетпек. Демек, қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымыздың да талап етеді. Олай болса, Елбасымыз айтқандай, жаңа жағдайдағы жаңғыруға ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керектігі, оған көнбегендердің тарихтың шаңына көміліп қала беретінінің ақиқаттығы да осында.

Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан облысында да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларындағы негізгі бағыттары мен нақты жобаларын жүзеге асыру бойынша келелі ой таразыланып, тарихи сананы жаңғыртудың ірі жобаларына қатысты кешенді жоспарлы жұмыстардың жүргізіліп жатқаны қуантады. Бұл бағыттағы келелі де киелі істеріміз өз жалғасын тапса игі.

ӘОЖ 378 (574)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЕЛІМІЗДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ

Н.Х.Серғалиев
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Рухани жаңғыру – қазақ ұлтының салт-дәстүрін, өткеннен келе жатқан мұраларын пайдалана отырып өркениетті қоғам жасауға ұмтылған жоба. Яғни, тамырынан адаспай, дәстүрін қайта жаңғырта отырып өркениетті ұлт қалыптастыру. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы - ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда Елбасы Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі - саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Осы арнада М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де жоспарлы және кешенді жұмыстар оздырылуда. «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қарасты оқу орнымызда арнайы тұжырымдама дайындалып, мақалада көрсетілген бағыттар бойынша жоспарлы жұмыс атқаруға арналған «Жол картасы» қабылданды. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелеп ұйымдастыру мақсатымен 2017 жылдың қыркүйек айында университет қабырғасынан «Рухани жаңғыру» институты ашылды.

Мұндай Жоба бойынша жұмыстың маңызды кезеңі негізгі мақсаттар мен маңыздылығын қалың бұқараға кеңінен жеткізіп түсіндіру. Бұл тұрғыда БҚМУ-да көлемді ақпараттық және ағартушылық қызмет атқарылуда. Әр айсайын университетте арнайы медиа-жоспарлар дайындалып, сол медиа-жоспарлардың орындалуы бойынша тиісті тараптарға тұрақты есеп берілуде. Мысалы, осы уақытқа дейін бұқаралық ақпарат құралдарындауниверситет профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер, магистранттар және студенттердің қатысуымен 254 мақала, бағдарлама мен сұхбаттар жарық көрді.

Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарсыз, яғни қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдарсыз интеллектуалды ұлт қалыптастыру мүмкін емес. Елбасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақтіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша аударылған әлемдегі ең жақсы 100 оқулықтың алғашқы 19 томы М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми кітапханасы қорына келіп түсіп, биылғы оқу жылынан бастап олар оқу жоспарына енгізілді. Сөйтіп студент жастарымыз әлемдік деңгейдегі білім қорына өз ана тілінде қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды.

Елбасы «Туған жерге туыңды тік» деген халық мақалына да ерекше акцент береді. Себебі патриотизм туған жерге сүйіспеншіліктен бастау алады. Университетімізде Отанды сүюге, туған жерге тағызым етуге, ұлтжандылыққа тәрбиелейтін іс-шаралар үзілген емес. Бағдарламалық мақалалар шеңберінде ғылыми және ғылыми-танымдық экспедициялардың да орны ерекше. Сондықтан да «Туған жер» жобасы аясында университетте бірнеше археологиялық, өлкетану және географиялық экспедиция ұйымдастырылды. «Қазақстанның жалпыұлттық 100 киелі нысаны» тізіміне енген, ортағасырлық Жайық қаласының аумағында университет ғалымдарының басшылығымен археологиялық қазба жұмысы жүргізіліп, географиялық экспедиция жасақталды.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерден жасақталған экспедициялар «Туған жер» бағдарламасына сәйкес өлке тарихын зерттеу, тану және насихаттау мақсатында қазыналы тарихқа толы хан ордасы мен бірқатар ауданда болып қайтты. Бүгінгі таңда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен Шыңғырлау ауданының әкімдігі арасында тарихи жәдігерлерді зерттеп, танып білу мақсатында бірлескен жұмыстарды айқындайтын екі жақты келісілген меморандум жасалған.

«Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Елбасы жаңғырудың алты бағытын белгілеп берді. Ол – бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы. Бұл бағыттардың барлығы уақыт талаптарына нақты жауап бере алады. Осы құндылықтар қатарындағы қасиеттерге БҚМУ студенттерінің көзқарасын айқындау мақсатында әлеуметтік зерттеулер аясында мониторинг жүргізілген болатын. Көрсетілген нәтижелер бойынша студент жастарымыздың осы аталған қасиеттердің қай-қайсысының да маңыздылығын ұғынғаны байқалады. Әлеуметтік зерттеуге қатысқан респонденттер жаңа қазақстандық жастар, ең алдымен, білімді, өз елінің патриоты болу керектігіне басымдық берген. Сонымен қатар өзге тұлғалық қасиеттерді, соның ішінде адалдық, бәсекеге қабілеттілік, құзыреттілік, өз ана тілінде сөйлеу, үш тілді білу, жаңа технологияларды меңгеру, діни экстремизмге түбегейлі қарсылық, мақсатшылдық, толеранттылық, табиғатты аялау, бірлік және халықтар достығына ұйытқы болу сынды өзге қасиеттерді белгілеген. Біздіңше бұл – қуанарлық жағдай.

Бүгінде бағдарламаның жарияланғанына екі жыл толуда. Атқарылған жұмыстар да аз емес. Дегенмен, бұл көрсеткішке қарап, тоқмейілсуге болмайды. Жастар арасында тәрбие жұмысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазұнын терең түсініп, маңыздылығын ұғындыру мақсатында жұмыс тоқтамауы тиіс. Мәселен, «Жомарт жүрек» қайырымдылық шарасына біздің студенттеріміздің еріктілер тобы көптеп қатысуы олардың бойында ізгілік, жомарттық қасиеттер мол екендігінің көрінісі дер едік. Мұндай шаралардың жастардың бойында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, әлеуметтік жағдайы төмен жандарға қолғабыс жасау, қайырымды іс жасау арқылы жан дүниесі рухани кемелденген жас буынды тәрбиелеуде маңызы зор деп санаймыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа қатысты өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр… Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыру тұрғысындағы деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Ұлттық кодымызды сақтау үшін біз өзіміздің мәдени, тарихи құндылықтарымызды дамыта отырып, әлемнің жақсы қасиеттерін бойымызға сіңіруіміз керек. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген қанатты сөздің төркіні осыны ұғындырады. Тұңғыш Президентіміздің ой-пікірі бабалар ұлағатымен астасып жатыр. Аталарымыз ұлы дала мен ұлы мәдениетті мұра етті. Ол – жалпыға ортақ құндылық. Оны жастардың бойында дарыту – бүгінгі міндет.

ӘОЖ 323

ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ БЕРІК РУХАНИ ИММУНИТЕТТІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

А.С.Қыдыршаев
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» мақаласындағы баса айтылған түйінді тезистер қазақ елінің зиялы қауымын саналы ұрпақтың рухани тұрғыдағы тазалығы, рухани байлығы туралы тереңірек ойлануға жетелеуде [1;2;3]. Рухани жаңғыру ұлттық рухы жоғары азаматтардың азаюына алаңдаушылықтан да туындап отыр. Себебі адамды ұлтымен, тілімен қатар, мәдениеті де, салт-дәстүрі де, табиғаты мен тарихы да байланыстырмақ. Мәселен,еврей халқында ұлт болашағына қатысты бір өлшем бары мәлім. Оларда егер ұлттың 18 жасқа дейінгі жастарының 40%-ы ана тілінде сөйлесе, ол ұлттың 40 жыл өмірі бар, ана тілін меңгерген жастардың саны өсіп, азайған сайын ұлттың ғұмыры да өседі не өшеді делінеді [4].Ақиқаты сол – тек рухани жан дүниесі бай ұрпақ қана елдік мәселелерге бет бұрмақ, ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін сезе алмақ, біле алмақ. Бұл – аксиома! Бұл – елдің, жердің біртұтастығының, мемлекеттің мәңгілігінің, ұлт сақталуының негізгі кепілі.

«Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек»деп шегелеген әйгілі Әбіш әлеміне үңілсек, *«рухани ерлік», «рухани байлық», «рухани өмір», «рухани күшті адам», «рухани максимализм», «рухани енжарлық», «өзін-өзі рухани шыңдай білуі», «рухани тәжірибе», «рухани жалдаптық», «рухани көлгірлік», «рухани мүгедектік», «рухани мүгедек», «рухани алаяқтылық», «рухани экология», «рухани адалдық», «рухани жанқиярлық», «рухани нақұрыстық», «рухани қайсарлық», «рухани әлем», «рухани микроб», «рухани иммунитет», «рухани бедерсіздік»* секілді ұғымдарды кездестіреміз [5, 207-219].

Жасыратыны жоқ, бүгінгі сіз бен біз өмір сүріп отырған қоғамдағы рухани мәселеге келсек, кей тұстарда күйзеле сөйлесек те, қорына, торыға сөйлеуден аулақпыз. Десек те,бүгінгі идеологиялық ахуалдың біраз тұстары ойландырмай қоймайды. Ең бастысы – науқаншылдық, осы маңызды іске үстірт қарау. Бағдарлай білсек, әрбір жеңіл-желпі іс-әрекеттің де терең себеп-салдары бар.Нақтырақ айтар болсақ, біздің халқымыздың рухани өмірінде саяси проблемалардан гөрі адамгершілік проблемалары үстемірек орын алатын сынды. Мәселен, классик жазушы өзі тұңғиығына бойлаған әдебиетте іскер адамды да, қарапайым адамды да емес, рухани күшті адамды көрсетуді қалайды. Себебі, рухани бай адам – ең алдымен, арлы адам. Ал арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсынбайды. Сондықтан оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, бірақ та өкінішті болуы мүмкін емес.

Шынайы әдебиет – ұлттың рухани бейнесі. Ойшыл Әбіш Кекілбаев сананың рухани жаңғыруы турасында айта келе, қазіргі гуманистік әдебиет адамдарды рухани енжарлықтан, жалқаулықтан, көрсеқызарлықтан, ләззатқұмарлықтан, баққұмарлықтан, даңққұмарлықтан сақтай білуге тиістілігін қозғайды. Жазушы әдебиеттің негізгі міндеті ретінде әшкерелеу де, дәріптеу де, ақыл айту да, алдарқату да емес, адамдарды адамдық тіршілікті әуелі өзі жете түсініп, сосын оқушысын жете түсіндіріп, оның өзін-өзі рухани шыңдай білуіне түрткі болуы тұрғысында пайымдайды [5]. Шынында да, ойлап қарасақ, ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы - өзіміз бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибеміз. Одан қол үзген қауым – келешегінен қол үзген қауым.

Тәуелсіздік тұсында халқымыз талай дүниені ой елегінен өткізе білді десек те, рухани салада әлі де пәрменіміз төмен. Ел жаңаруда, десек те сананың жаңаруы баяу. Ұлтсыздық отбасылық тәрбие, ақпарат ағынымен, әлеуметтік ортаның ықпалымен жалғасуда. Сыртқы ықпал да жоқ емес. Мәселен, орыс бұқаралық мәдениеті мен орыс тілі арқылы қазақтарды орыс идеологиясы аясынан шығармау,тәуелсіздікті құнсыздандыру мақсаты бүгінде өткір күйінде қалуда. Ұлттық мүдделерге парықсыздықпен қарау,талғамсыздық, ұлттық құндылықтарды менсінбеу, селқостық және оны сезінбеу ұлтсыздықты бойға сіңіре бермек. Бүгін жалған руханилық, ұлттық мүдделерді сыйлаған болу,тіпті мүсіркеу, ұлтшыл болып көріну де ұшырасады. Көп ұлттымыз деп басқалардың қасы мен қабағына қарау да ұлттың намысын түсірмек. Ұлттық сананы кейде сыртқы факторлар да оятары анық. Мәселен, егер Мәскеу қазақты ұлт ретінде менсінбей, қайдағы бір шүрегейге қазақ елін басқаруға бермесе, қазақтардың бірқатарының намысы оянбас та еді-ау.

Байқап тұрсақ, өмірде небір шын құрмет, шынайы ықылас, нағыз махаббатқа лайық абзал жандар өзін-өзі көтермелеп, өзін-өзі қолдан-қолға өткізіп, өзін-өзі саудаға салып жүрген рухани жалдаптардың құрбандығына айналып жатады. Сәйкесінше өмірдегі небір қаны тамшылаған шындықтар қайдағы бір жалған намыстың сойылын соққан рухани көлгірліктің тасасында қалып жатады. Ендеше, бүгінгі тұста шындыққа сенбей, қисынға сену рухани мүгедектікке ұрындырады. Біздіңше, қазіргі қоғамдағы көнбістік – рухани мүгедектіктің бір сатысы. Ал көнбістік бара-бара ұлтсыздыққа әкелмек.Ал ұлтсыздық болса, отарланған ұлтқа тән көнгіш, жалтақ, еліктегіш психологияның салдары.Ұлтсыздық – ұлт мерейінің төмендігі. Осы ретте жазушы Әбіш Кекілбаевтың: «Заман үрдісіне тән қойылған төтен сауалдан айламен сытылып кетуге

тырысатын рухани алаяқтық – перілік, төтен сауалға тура жауап беруге тырысатын рухани адалдық – періштелік, тырысып қана қоймай, жауап таппай тынбайтын рухани жанқиярлық - пайғамбарлық» [5],- деп жазғаны бар-ды.

Шынтуайтында өмірдің күллі саласында ұлттық ерекшеліктерді ескеру, этностық мәдениетті, әдепті сақтау – руханилықтың бір көрінісі. Себебі, дәстүрлі наным-сенім, ұлттық құндылықтар - ұлттың темірқазығы. Мәселен, француздарды өзге еуропалықтар ұлтшыл деп айыптаса да, ұлттық құндылықтарын бәрінен де жоғары қояды. Басқа мәдениеттерге айқара есік ашу- өз мәдениетін төмендетіп, басқаны қаржыландыру, қолдау деуге саяды. Біле білсек, кино мен театр – идеология негізі. Ол ұлттың мінез-құлқына, ойлау мәдениетіне қарқынды ықпал етпек.

"Табиғат экологиясы", "Тіл экологиясы" дегенді білеміз. Әбіш қаламгер *«рухани экология»* ұғымын баса атап: «Рухани экологиямызды аздырып-тоздыратын апат өзіміздікін өзімізге көп көретін ескі қасіретімізден – етектен тартпа іштарлығымыздан өніп, өрбиді» [5],- деп пайымдайды. Одан әрі жазушы бүгінгі ортақ рухани проблемаға назар аударта келіп, қолына қалам алып, былайша ой өргені бар: «Әңгүдік дәурен: әлеуметтік делқұлылыққа, рухани нақұрыстыққа, саяси қояншықтыққа бой алдырғанымыз сонша, желбіреген тудан басқаға, будақтаған түтіннен басқаға, от түкірген мұржадан басқаға көзімізді, зіркілдеген зеңбірек пен азынаған гудоктан басқаға – құлағымызды тікпейтін болдық. Жайқалған гүлді жырласақ – арзан әсемпаздыққа, жауқазындай жарымыз бен бүлдіршін баламызды жырласақ – күйкі үйішілікке, дос-жар ортасын жырласақ – томаға-тұйық тоғышарлыққа бой алдырған болып шықтық»[5],- деп ашына жазған-ды. Сондай-ақ, ой зергері оқырмандарымен сырласа келе, сырт көзге қиқарлық көрінетін кейбір қылықтардың ар жағында үлкен рухани қайсарлық жатарын да абайлап айтады. Демек, қаламгердің кез келген микробтар сияқты рухани микробтардан да тек есік-терезені тарс қымтап қойып сақтана алмайтынымызды айтып, берік рухани иммунитеттің қажеттілігін түйіндеуі қолдарлық. Олай болса, ұлт руханиятына терең бойлай алған, қазақ сөзінің мағыналық тұңғиығына тереңдей алған, артына, кейінгі ұрпағына теңдессіз қайталанбас мұра қалдырған әлемдік деңгейдегі құндылықтар сапындағы қайраткер-жазушы Әбіш Кекілбаевтың жазбаларына бойлау арқылы бүгінгі мына адасу үстіндегі әлемді жартылай құтқаруға болар еді. Нәтижеде, бүгінгі заманауи әлемдегі рухани жаңғыру құндылықтары негізіндегі берік рухани иммунитет қажеттілігі турасында баса айта келе, қазіргі қоғам жастарына қатысты рухани жаңғырудың жолы қайсы дер едік. Біздіңше, бүгінгі жастарға қарата айтылар бұл бағыттағы нақтылы қадамдар сатысы бір шоғыр. *Біріншіден*, ата-баба лұғатына құлақ түрсек, білімнің басы - бейнет, соңы – зейнет. Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толарына, құлағы жоқ, көзі саудың ақылы соларына қалай сенбессің. Ердің сәні – қашан да білім. Білім – ырыс тізгіні, ырыс қазығы. Бүгінде оқусыз білім, білімсіз күнің жоқ. Күш – білімде. Білекті бірді, білімді мыңды жығары даусыз. Білімі жоқ ұрпақ – жұпары жоқ гүлге тең. Үйренбей білім жұқпасы да ақиқат. Дұрысы, білімді бесіктен тесікке дейін іздену арқылы толтыру жөн. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл демей ме. «Жаста оқыған оқуың – тасқа жазғанмен бірдей» деу де қаншама тұңғиық мағына жатыр. Осы тәмсілдерді ескерсек қана, аттан тай озары, атадан бала озары күмәнсіз. Демек, көп оқыған білімдар болғанға не жетсін! Әйтпесе, мына заманда қарусыз адам секілдісің. Бүгінгі студенттерімізге қарата айтарымыз, олар үлкен ғылым-білім ордасында тәлім алып жатыр, енді оның да ауқымынан шығып, біраз нәрселерге үңіліп, біраз дүниелерді қарау керектігін ескерген жөн-ау!

Екіншіден, өзіндік ой, өзіндік мінез қалыптастыру мәселесі – аса маңызды. Студент жас алғашқыда жаңа ортаға бейімделу кезеңінен өтеді, сол шақта әркімнің сөзіне сену, еру басым болмақ. Осындай жағдайда өзіңді ілгері алып шығатын, өзгешелігіңді көрсететін басты белгі – өзіндік ой өре білу білігі. Бес саусақ бірдей емес болса, адамның ойы да түрліше, осы бастан өзіндік ой, сана-сезім қалыптастыру - аса қажетті алғы міндет те. Ендеше, адамның өз заманының көркі болғанына не жетсін! Әр

адам - өз заманының баласы да. Адамды заманы билейтінін ескерсек, әр заманның бір көрегені болары даусыз. Десек те, адамның сырты алдамшы. Қалай болғанда да әркімнің өзі шығар биігі бар. Ал адамның құлағынан семіреріне сенсек, жасық адамның жасына жетпей қартаярын, асыл адамның жасына жетпей марқаярын ескерейік. Яғни, жұмсақ ағаш құртқа жем, жұмсақ адам жұртқа жем. Қысқасы, армансыз ер – жалаңаш. Арманы жоқ жігіттің пәрмені де жоқ. Олай болса, өзіндік мінез негізсіз сомдалмайды. Өзіндік мінез қалыптастыру жолы университет табалдырығынан басталмақ. Сыныктан өзгенің бәрі жұғады десек, талабы жоқ жас – қанаты жоқ құспен тең, жалыны жоқ шоқпен тең. Бұндайда әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы. Тәрбиелі адам – тағалы атпен тең. Әбіш ғұлама айтады: «Заманауи мінез: қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз пысық болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды»[4] деп. Қалай сенбессің? Сенесің! Сену үшін де өзіндік ой, көзқарас керек-ау. Демек, өз кезеңінде бүгінгі қарбалас тұста қағылез жастарымыздың өзіндік ойына жететін ештеңе жоқ деп білеміз.

Үшіншіден, бүгінгі өзекті тұстың бірі – жастардың өз ойларын еркін жеткізе алмауы. Адам болып туған соң, еркін көсіле ой өргенге не жетсін! Сұңқар қанаты ұшқанда қатаймақ. Бұл жолда да жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ бола қоймас. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деген. Темір сырын отта танытады, адам сырын жоқта танытады емес пе. Студент жастарымыз айтар сөзін, ойын еркін, ашық жеткізе білуге осы бастан дағдылануы тиіс.

Біздіңше, осы айтылған кеңес пікірлер – болам-толам, өсем-ұлғаям, рухани тұрғыда жаңғырам, болашақ тұлға ретінде қалыптасам деген жастың бойында болуы тиісті алғы ретте жолға қойылар біліктілік биігі-ау деп ойлаймыз.

Қазақ халқы айтпай ма: «Он адам жүрген жерде із қалады, жүз адам жүрген жерде – соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» деп. Демек, ұлтымыздың ұлы тұлғаларынан тағылым алғанға не жетсін! Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады дегендей, Елтұтқа қайраткерлеріміз тарапынан айтылған сериалды қамқор кеңестер – студенттер бойынан ғана емес, кез-келген саналы адам бойынан табылуы тиіс қасиеттер. Тек өзіңе керегін қажетінше ала білгейсің! Білім алу ешқашан кеш емес, сондықтан әр кезде жаңаша білімге, жаңаша көзқарасқа ұмтылыс болуы тиіс. Білімді жас – ел болашағы. Білімді адамның ойы қашан да ерекше, әсерлі. Өз сөзімізде өзіндік ойды екінші кезекте айтуымыз да тегін емес. Білімсіз адамның өзіндік ойы қайдан болсын! Өзіндік ой – жарқын келешекке жетелейтін, өмір өткелдерінен сүріндірмей өткізетін бірден-бір белгі. Ой еркіндігі – адам баласына туғаннан бітетін құдірет іспетті. Қазақ жұрты еркіндікке үйренген халық, кейінгі жастарының бойында да еркіндік болғанын қалары даусыз. Сөздің өзі ой арқылы жарыққа шықпақ, ендеше ой еркіндігі – сөйлеудегі еркіндік, өзіндік ерекшелік, сом тұлғалыққа бастар алғышарт. Қысқасы, жоғарыда айтылған кеңестеріміз бір тұлға бойына жиналса, мол жетістіктер мен белестерге жеткізері анық. «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас» дегендей, бүгінгі заман талабына қажетті айтылған тұжырым-түйіндеріміз өз дәрежесінде таратыла насихатталуы тиіс деп білеміз [1, 1-2-б.б.].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Барымыз да, бағымыз да - Тәуелсіздік». Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың республикалық «Egemen Qazaqstan»және «Aiqyn» газеттеріне берген сұхбаты // «Egemen Qazaqstan» газеті, №62, 2 сәуір 2019. - 1-2-б.б.
2. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, №70, 12 сәуір 2017. – 1-2-б.б.
3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы. «Егемен Қазақстан» газеті, №223, 21 қараша 2018 ж. 1-2-б.б.

4. Айталы А. Ұлттық құндылықтарға сүйіну, ұлтсыздыққа күйіну // «Egemen Qazaqstan»газ., №66, 28 сәуір 2019. – 7-б.
5. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін). Құрастырушы Е. Шаймерденұлы, Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. – 320-б

UDK 94(574)

CULTURAL CONNECTIVITY IN THE INNER SYRDARYA DELTA DURINGTHR SECOND HALF OF THE FIRST MILLENNIUM BC

Gian Luca Bonora
Professor of Central and Middle Asian Archaeology c/o ISMEO - International Association of Mediterranean and Oriental Studies (Rome, Italy). email address: eclglbonora@gmail.com

The alluvial deltaic plain of the Lower Syrdarya, (known as *Iaxartes* in ancient Greek sources), is bordered by the steppe of the Sary-arka (or Central Kazakhstan) to the north, by the Aral Sea to the west and by the Kyzyl Kum desert to the south. A network of ancient riverbeds, which flowed from east to west, traversed this alluvial region. The following are its six main deltaic branches, listed from north to south: Syrdarya, Pra-Kuvandarya, Kuvandarya, Zhanadarya, Inkardarya and Karadarya (fig. 1). Their flow regime was marked by significant seasonal variations: periods of high and low flow related to morphological and hydrogeological factors. Moreover, each palaeo-channel was not an isolated geographic element, but was a part of a river system composed of numerous watercourses of varying sizes, characterised by an erratic and unpredictable regime: a typical feature of rivers, both large and small, in Central Asia. A highly complex environmental situation such as this required a multiform adaptability by the human communities, who responded to the erraticism of water courses and hydraulic resources with the construction of reservoirs, embankments and channels diverted from the main rivers in order to live in this region and practice pastoralism.

A considerable number of Neolithic camp-sites pertaining to the middle and late phases of the Kel'teminar culture, which date to the 4th and 3rd millennium BC (Bonora 2014: 33-34) attest to sparse and temporary settling along some of the deltaic distributaries.

Another documented phase of peopling took place during the Late Bronze Age (hereafter LBA), dating to the 2nd millennium BC, and is represented by the burial ground of Tagisken North (Itina, Yablonskiy 2001; Bonora 2018) as well as by small temporary sites and seasonal encampments scattered across the alluvial plain and topographically located near hydrologically active areas.

These campsites were occupied by groups of pastoral breeders, whose material culture was characterised by coarse hand-made ware with incised or comb-stamped decorations pertaining to the LBA Andronovo tradition (Bonora 2014: 34-37). This pottery is likewise widely documented in the funerary contexts represented by round and rectangular mausoleums of Tagisken North. Tagisken North was the necropolis of a large mobile community which inhabited the inland plain of the Syrdarya seasonally, presumably during the winter, and migrated in the warm months both northeastward across Central Kazakhstan to the Irtysh valley and the Altai mountain region and northwestward to the region north of the Caspian Sea and south of the Urals. Seasonal transhumance brought about contact, trade and cultural interaction with other mobile communities moving across the Eurasian expanse as well as with settled societies pertaining to the Oxus Civilisation in Middle Asia. The discovery of two amber disc-shaped beads attests to long-distance interactions and exchange with the Baltic shores (Itina 1998).

The cultural and natural landscape of the Inner Syrdarya Delta experienced a great transformation in the middle of the 1st millennium BC. Most of the Inkardarya was fed to a lesser extent, while the Zhanadarya water system began to develop, consequently attracting groups and communities in search of new reclaimable lands.

The Chirik Rabat culture, chronologically comprised between the 4th and 2nd centuries BC, is the direct, local evolution of the sociopolitical and cultural achievements and practices documented in the settlements and burials grounds of the Bronze and Early Iron Age. This culture was strictly local in nature, where elements of different traditions syncretistically blended and merged bringing about a series of unique and complex socio-political and cultural entities. The clear and predominant Saka matrix attested in the grave goods of the Early Iron Age burial grounds (Tagisken south, Uygarak and Sengir Tam 2) dwindles and is partially replaced by Achaemenid influences and interactions with pastoralists of sarmatic cultural tradition from the northern Caspian Sea and southern Ural geographic areas.

The archaeological culture that developed in the *Mesopotamia* between the Zhanadarya and the Inkardarya (Vaynberg, Levina 1992; 1993) is named after Chirik Rabat, an oval-shaped site more than 40 ha. in size (ca. 850 x 600 m), set on the left bank of the Zhanadarya river bed. Its first phase of occupation, characterised by a Saka cultural assemblage, took place in the second half of the 1st millennium BC, and the second one, with a mediaeval cultural assemblage, dates from the 9-10th to the late 12th century A.D.

Enclosed by two oval outer fortification walls and a moat 40 m wide and 4.5 m deep, Chirik Rabat (figure 5) was defended by a third rectangular earthen wall, built in the central part of the site, which enclosed the main citadel (12 ha of extension). Numerous funerary structures, i.e. mud-brick mausoleums erected on the surface, underground barrows and shaft-pit tombs, occupied the central area of this site. The exact number of Iron Age funerary structures is unknown, as the surface was subsequently modified in mediaeval times, and is currently entirely covered by thick *saksaul* vegetation.

The most important archaeological evidence discovered at Chirik Rabat are its underground and surface funerary buildings. From 1957 to 1960 Ju.A. Rapoport, of the ChAEE, excavated a very large underground funerary barrow (about 60 m in diameter and 3.5 m high) located in the north-eastern part of the site. Unfortunately it had already been plundered (Tolstov 1961a: 131–132; 1961b: 73–74; 1962: 139–144; Tolstov *et alii* 1963: 53–56). Two large surface mausoleums, one circular and the other rectangular in plan, were excavated by S.A. Trudnovskaya and V.A. Lokhoviz, of the ChAEE, respectively (Trudnovskaya 1963; Tolstov 1962: 150-151; Lokhoviz 1963). The cruciform scheme prevails in the layout of their interiors, defined by two corridors that intersect at right angles. Intended for containing bodies above platforms built along the walls of some rooms, or more rarely cremated remains of skeletons, these mausoleums had a prolonged period of use characterised by primary and secondary depositions of members of the aristocracy and the most important socio-political classes. Both had been extensively plundered.

Another rectangular-shaped mausoleum, without a cruciform inner partition, was recently completely excavated by members of the ChRAE – Chirik Rabat Archaeological Expedition (Kurmankulov 2011; Kurmankulov *et alii* 2009). Although it had been previously plundered at least three times, the burial chamber contained fragments of two marble vessels (*alabastron*) inscribed with the same ancient Greek writing (fig. 2), composed of two words of one and four letters respectively: A on the first stroke - of difficult interpretation, may be an indication of quantity or quality - and ΚΑΣΙ on the second stroke – a reference to *Cassia*, a fragrant spice made from the bark of trees traditionally used for funerary purposes (Ivanchik, Lur'e 2013). From a palaeographic point of view, the inscription can be dated to the 4th - 3rd centuries BC. Without ruling out the hypothesis that they might be spoils of war or a raid on a merchant caravan, it may be conjectured that these two *alabastron* are evidence of cultural interactions between the pastoralist tribes of the Inner Syrdarya Delta and Near Eastern or Iranic peoples over the course of the 1st millennium BC. The marble vessels may have been gifted to the Saka prince or ruler by the Achaemenids in order to forge a political alliance, an economic or military agreement or to seal a marriage.

Among the many other burials that were excavated by the ChRAE in recent years, the most noteworthy is excavation 1, a large deep oval grave with two funerary niches excavated in 2004 and 2005 - (Kurmankulov *et alii* 2006). The western niche had been completely plundered, yet, although the eastern one was robbed as well, three human skeletons were found at a depth of more than 3.5 m from the current surface. A curious fact is that two of the skeletons were buried one above the other, while the third was isolated and buried with a 1-metre-long iron sword with an embellished wooden handle, an iron knife, some decorative bronze belt plaques, some hemispherical gold beads, a clay incense burner and a wooden vessel. Remains of wool rugs, decorated with small tubular-shaped golden beads, were found below this warrior's skeleton, while one of the most interesting finds of the whole burial was discovered near his skull: a pilgrim's flask or canteen, bearing an Aramaic inscription on its shoulder (fig. 3). The vessel is characterised by small handles and is shaped as a tortoise shell. From a typological point of view, the tortoise-shell pottery type was present during the Elamite period and mid Achaemenid times (Haerinck 1993: 36), and exceedingly widespread in north-eastern Iran and adjacent territories from the Parthian era to the 1st century BC. Thus, this find is a clear marker of Achaemenid and post-Achaemenid cultural presence in the Inner Syrdarya delta. One of the signs, the first to the left, may be interpreted as a potter's mark (it consists of two vertical, parallel segments cut by a single horizontal line at their middle length). The inscription was etched on the flat side of the vessel near the rim (Ivanchik, Lur'e 2013) before it was fired. It is horizontal, composed of eight letters and ends with a tamga, a sign represented by two parallel vertical lines crossed by a single horizontal line. The most likely interpretation of these eight Aramaic letters, without signs of ligature, is *tyrybwdy* - *Tīriβōδ*^{i}. It would appear that this is a proper name, possibly that of the owner of the canteen or the craftsman who manufactured it. It is worth noting that this name is of Iranian origin and the first part of it **Tīrya*-, **Tīri*-, is the name of an Iranian deity which made its way into the Iranian pantheon relatively late, perhaps during the compilation of the latest sections of the Avesta (Ivanchik, Lur'e 2013). The second component of the name, *bwdy*, has fewer parallels in Iranian onomastics, although there are a few. It apparently derives from the Early Iranian lexeme **baudi*-, reflexed in the Indo-European **b*^{h}*eud*^{h}- (see Sanskrit *bodhi*, Greek Πεύθομαι, Russian будить) meaning "wake up, realise (or understand), feel". Thus the name may be interpreted as "(one who commits) the exaltation of Tiri", referring to the Zoroastrian connotation of the name.

Regarding the language of the inscription, Aramaic was long considered the *lingua franca* of the Achaemenid territories, " … *a vehicle for written communication between the different regions of the vast empire with its different peoples and languages*" (Rosenthal, Greenfield, Shaked 1986). Particularly after the Macedonian conquest, the Aramaic alphabet was utilised as a means of recording many Iranian languages: Middle Persian, Parthian, Sogdian, Choresmian and possibly Bactrian. According to the palaeographic analysis performed by A. Ivanchik and P. Lur'e (2013), this inscription on the vessel may be attributed, at the earliest, to a period pertaining to the 2nd century BC.

Bibliographical References

Bonora G.L. 2014. Updating Report on the Prehistorical Human Settlement in the Syrdarya Alluvial Plain. In C.C. Lamberg-Karlovsky and B. Genito (eds. in chief) B. Cerasetti (ed.) *"My Life is like the Summer Rose" Maurizio Tosi e l'Archeologia come modo di vivere*, BAR, Oxford 2014: 31 – 47.

Bonora G.L. 2018. A General Revision of the Chronology of the Tagisken North Burial Ground. *Ancient Civilizations from Scythia to Siberia*. Volume 24, Issue 1-2 (Nov 2018): Special Volume: Ancient Chorasmia, Central Asia and the Steppes, edited by Michele Minardi and Askold Ivantchik, 2018: 307 - 330.

Haerinck, E. 1983. *La Céramique en Iran pendant la période Parthe (ca. 250 av. J.C. à ca. 225 après J.C.), Typologie, Chronologie et Distribution*, Iranica Antiqua, Supplément II, Gent.
Itina, M.A. 1998. Kompleks s yantarnymi busami iz Priaral'ya. *Rossiyskaya Arkheologiya*, 3: 164 - 168.
Itina, M.A., Jablonskij, L.T. 2001. *Mavzolei severnogo Tagiskena. Pozdnij bronzovij vek Nižnej Syrdar'i*, Moskva.
Ivanchik, A.I., Lur'e, P.B. 2013. Dve nadpisi iz Chirik-rabata. In: S.T. Tokhtas'eva, P.B. Lur'e (eds.) *Commentationes Iranicae. Sbornik statey k 90-letiyu Vladimira Aranovicha Livshica*, St Peterburg, 286 - 294.
Kurmankulov, Zh.K. 2011, "Shirik Rabat Ekspediciyasynyn 2004-2010 zhzh. zertteuleri", in: B.A. Baytanaev (ed.), *Mynzhyldyktar kualary: Kazakstan arheologiya gylymy 20 zhylda (1991 – 2011): gylymy makalalar zhinagy*. Almaty, 188 - 195.
Kurmankulov, Zh.K., Zhetibaev, Zh., Utubaev, Zh., Baytileu D., Iskakov, A. 2006. Arheologicheskie issledovaniya pamyatnika Chirik Rabat i prilegayushchikh rayonov, *Arheologijalyk Zertteuler Žayly Esep 2005*, 249 – 251.
Kurmankulov, Zh.K., Zhetibaev, Zh., Utubaev, Zh., Darmenov, R., Tazhekeev, A. 2009. Arheologicheskie issledovaniya na ukreplennoy usad'be Balandy 1 i v ee okrestnostyakh v 2008 godu, *Otchet ob akheologicheskikh issledovaniyakh po Gosudarstvennom programme "Kul'turnoe nasledie" v 2008 g.*, Almaty, 202 – 203.
Lokhoviz, V.A. 1963. Raskopki kvadratnogo pogrebal'nogo sooruzheniya na gorodishche Chirik-Rabat. In: Tolstov, S.P. (ed.) *MKhE* (*Materialy Khorezmskoy Ekspeditzii)*, VI, chast' I, Moskva, 214 – 220.
Rosenthal, F., Greenfield, J.C., Shaked, S. (15 December 1986) Aramaic, *Encyclopaedia Iranica*, Iranica Online http://www.iranicaonline.org/articles/aramaic- (last check: 07 April 2019).
Tolstov, S.P. 1961a: Priaral'skie Skify i Khorezm", *Sov Etn* (*Sovietskaya Etnografiya)*, 4, 114–146.
Tolstov, S.P. 1961b: Les Scythes de l'Aral et le Khorezm, *IA* (*Iranica Antiqua)*, 1, 42–92.
Tolstov, S.P. 1962: *Po drevnim del'tam Oksa i Yaksarta*, Moskva: .
Tolstov, S.P., Zhdanko T.A., Itina M.A. 1963, "Raboty Khorezmskoy arkheologo-etnograficheskoy ekspeditzii v 1958 – 1961 gg.", *MKhE* (*Materialy Khorezmskoy Ekspeditzii)*, VI, chast' I, Moskva: 3 – 90.
Trudnovskaya, S.A. 1963, Krugloe pogrebal'noe sooruzhenie na gorodishche Chirik-Rabat. In: Tolstov, S.P. (ed.) *MKhE* (*Materialy Khorezmskoy Ekspeditzii)*, VI, chast' I, Moskva, 201–213.
Vaynberg B.I., Levina, L.M. 1992. Chirikrabatskaya kul'tura. In: Moshkova, M.G. (ed.), *Arkheologiya SSSR. Stepnaya polosa aziatskoy chasti SSSR v skifo-sarmatskoe vremya*, Moskva: Nauka, 47–60.
Vaynberg B.I., Levina, L.M. 1993, *Chirikrabatskaya kul'tura, Nizov'ya Syrdar'i v drevnosti*, Vyp. 1, Moskva: Rossiyskaya Akademiya nauk.

Gian Luca Bonora
Professor of Central and Middle Asian Archaeology
c/o ISMEO - International Association of Mediterranean and Oriental Studies (Rome, Italy).
email address: eclglbonora@gmail.com

ӘОЖ 94 (574)

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ БІР ҚЫРЫ - АЛТЫН ОРДА

М.Б. Сабыр
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ұлт тарихын түгендеуде қашанда күрделі мәселелер бар. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз», - деп атап көрсеті. Тарихтағы өз орнымызды саралауда Алтын Орда кезеңіне соқпай кете алмаймыз. Соңғы жылдарда Ресей тарапы Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми қалыптасқан көзқарастарын қайта қарап жатқаны белгілі. Екі жүз елу жыл татар-монғол басқыншылығының езгісінде болып, елдікке азаттық күрестердің нәтижесінде жеттік дейтін тұжырымдардан гөрі ел болып, етек жеңімізді жинауға Алтын Орданың мемлекеттік жүйесі тікелей ықпал етті деген пікірлер ұсынылуда. Әрине Алтын Орда ыдыраганнан кейін күшейген Мәскеу Русы мемлекеттік жүйені Алтын Орда дәстүрімен қалыптастырғаны аян. Осы тұжырымның артында Алтын Орданың мұрагері біз, Ресей деген ашық ой жатыр. Түптеп келгенде байырғы Алтын Орданың мұрагері Ресей болса, сол Алтын Ордадан тамырын алған бүгінгі елдердің, күллі Еуразияның қожасы Ресей деген өктем саясаттың да шеті қылтиып тұр.

Соңғы уақытта жарияланған Хакас мемлекеттік университетінің доценті Г.Тюньдешевтің «Великий хан Батый - основатель Российской государственности» атты кітабы көптеген пікір қайшылықтарын тудыруда. «Нынешняя Россия формировалась не на почве Киевской Руси, которая распалась на несколько суверенных государств еще в XII веке, за век до появления „монголов“, не в соперничестве с ордынцами, с которыми не было у русских трений на религиозной или культурнойпочве.Россия возникла на совершенно новой московской почве, которая была органической частью золотоордынской государственности; она выросла из соперничества Московии с ханствами, входившими ранее в Золотую Орду, за право наследия распадающегося великого государства», - дейді ғалым.

Алтын Орданың ежелгі территориясының қырық пайызы бүгінгі Қазақстан иелігі, байырғы қазақ жұртының ата - мекені. Алтын Орданың мұрагеріміз деп пікір айтуға біздердің де толық құқымыз бар. Биылғы жыл Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Ал мұрагерміз деп құр кеуде соғудан гөрі оның айқын дәлелін тарихтан да, тілден де, әдебиеттен де іздеу шарт.

Кез келген тобыр ұлт бола алмайды. Қазақ халқы да ұлт болып қалыптасу жолындақилы-қилы тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Бүгінгі қазақтар көне қыпшақтардың заңды жалғасы, мұрагері. Қыпшақтар қайдан шықты, қайда барды, қайда кетті деген күрделі сұрақтарға ғылымда соңғы кездері нақ жауаптар, тың тұжырымдар айтыла бастады. Белгілі тарихшы Мурад Аджи былай деп жазды: “Кыпчак – это имя одного из древнейших тюркских родов. Возможно, он когда-то первым отселился с Алтая, и других переселенцев стали называть его именем” [1,83-84]. Бұдан әрі ғалым тарихтағы халықтардың ұлы қоныс аударуының көш басында қыпшақтар болғанын айта келіп: “...Тогда, то есть к концу V века, кипчаки заселили пол Европы и всю Центральную Азию. Тюркская речь заглушала на Евразийском континенте любую другую. Тюрки были самым многочисленным народом мира… Один народ дал жизнь десятком других народов”,-дейді [2, 165]. Міне, осы қыпшақтар половцы, кумандар атала жүріп мың жылдан астам уақыт тарихта белгілі болған. “Қыпшақ” сөзі ең алғаш Селенгі өзенінің бойында тасқа қашалып бедерленген.

Элетміш Күл Білге қағанның (747-757) басына қойылған құлпытаста былай жазылған: “түрк кыбчак еліг йыл ол дурмысың (когда тюрки-кыбчаки властвовали над нами пятьдесят лет)[3,24]. Араб зерттеушілерінің еңбектеріне үңілсек қыпшақтар IX ғасырдан белгілі болған[4,28]. Сонымен қатар IX-X ғасырларда тарих сахнасында оғыздардың да үлкен орны болды. Олар Солтүстік Каспий, Сырдарияның төменгі ағысы, Арал теңізі маңайын жайлады. Бірақ XI ғасырдағы қыпшақ тайпаларының өсіп, өркендеп, билік басына келуі оғыздарды ығыстырып, басқа да түрлі тайпалардың қыпшақ одағына сіңіп, ортақ қыпшақ тілінде сөйлеуіне мәжбүр қылды. С.Г.Агаджанов былай дейді: “В конце X-первой половине XI в. в политических рамках державы сырдарьинских ябгу происходит интенсивный процесс формирования огузской народности, он стимулировался распадом старых кровнородственных связей, образованиям новых территориально-хозяйственных объединений и становлением раннефеодальных отношений. Однако данный процесс не получили своего завершения и был прерван гибелью огузского государства в середине XI в. в результате кипчакского движения [5,36].

Басында Қимақ қағанатының құрамында өмір сүріп, кейін дара тайпа болып бөлінген [6,53] қыпшақтар XI ғасырдан бастап Ә. Құрышжановтың сөзімен айтқанда “тарих сахнасының авансценасына” шығады. Орта ғасырлық қыпшақтар тарихын арнайы зерттеген С.М. Ақынжанов: “әртүрлі тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI-XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты”, - деп тұжырымдады[7,205]. Қыпшақтар ұлан байтақ территорияны игеріп Балқаш көлінің жағалауларындағы жазық далалардан бастап Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларына дейінгі аралықты мекендеді. Мафазат әл-гузз (оғыздар даласы) атауының орнына Дешті қыпшақ (қыпшақтар даласы) атауы пайда болды. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Европаға дейін тарады.

Ал монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Бұл жерде М. Аджидің “Дешт-и-кипчак при новом монголском правителе получил и новое имя – Золотая Орда, …которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках” деген сөзінің маңызы зор [1,102]. Сол қыпшақтар қазақ халқының жеке этникалық топ болып қалыптасып, дербес ұлт ретінде тарих дастарханынан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, алтай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді.

Қазақтың біртұтас этнос болып қалыптасуында, өсіп-жетіліп, өркендеуінде Алтын Орда мемлекеті зор рөл атқарды.Осыдан төрт жыл бұрын ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында мемлекетіміздің түп-тамыры сонау ғұн-үйсін, Түркі дәуірінен бастау алып, Алтын Орда мемлекетіне ұласқанын айта келіп, Қазақ хандығы өз еншісін осы мемлекеттен алғанын ашып айтқан еді.

Алтын Орда дүниежүзілік тарихта, әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар іргелі де қуатты мемлекет еді. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысы, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказдың Дербентке дейінгі, тіпті одан да арғы далаларды, шығыста батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауын алып жатқан кең байтақ ел болатын. Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан (1227-1255), кейін Берке хан (1257-1266) тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір хан (1266-1280), Өзбек хан (1312-1342) мен Жәнібек хан (1342-1357) тұсында Еуразияның апайтөс даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды. Алтын Орданың нағыз гүлденген кезеңі – Берке хан мен Өзбек ханның билік жүргізген дәуірі. Берке ханның ислам дінін қабылдауы мемлекеттің дамуына игі әсер етті. Беркенің сарайына мемлекеттің төрт бұрышынан ғалымдар, ақындар, суретшілер келе бастайды. Қала мәдениеті өркендейді. Бұл жайында Э.Н.Наджип былай деп жазды: “Арабские и

персидские историки, побывавшие в Золотой Орды сообщают о многих ученых, писателях, богословах и поэтах, которые жили на территории Золотой Орды, занимались научной и литературной деятельностью. Ныне обнаруженные памятники материальной и духовной культуры Золотой Орды подтверждают высокую культуру вес центрах" [8,I,29]. XIV ғасырдың бірінші жартысында бүкіл елге мұсылман діні кеңінен жайылды. Өзбек хан қалалар, мешіттер, медреселер салуға көңіл бөлді. Алтын Орда сауда жолында орналасқан ең мәдениетті мемлекетке айналды.

Алтын Орда мемлекетінің территориясын мекендеген халықтардың этникалық құрамы туралы әртүрлі мәліметтер бар. Түркітанушы П.М.Мелиоранский "Араб филолог о турецком языке" деген еңбегінде: "Золотая Орда состояла из смеси различных турецких и монгольских племен" деп көрсеткен [9,13]. Белгілі ғалым Ә.Құрышжанов тарихи деректерге сүйене отырып, Алтын Орда халқының дені қыпшақ рулары болған деген қорытындыға келеді. Сол қыпшақ рулары қазіргі қазақ халқының арғы тегі екені даусыз. Бұл ру, тайпалар әлемдік мәдениетке өз үлестерін қосып, кейінгі ұрпақтарға мол мәдени мұралар қалдырып кетті.

Ә.Кекілбаев «Қазақтың төрт мың жылдық тарихы бар, дәйекті, деректемелі тарихы екі мың жылдың көлемінде» десе, ал қазақтың сүйегін зерделеп жүрген, антрополог ғалым Оразақ Смағұлов «қазақтың тарихы бір тал шашында» деп, ұлтымыздың 40 ғасырлық тарихын бұлтартпас деректермен дәлелдеп отыр. Алаш ардагері Ә.Бөкейханов «қазақ тарихы – қазақ әдебиетінде» деген еді, ал біздің ойымызша, ең дәйекті, ең деректемелі тарих тілдің бойында сақталады. Қазақтың тарихы-қазақ тілінде. Сол тілде сөйлеп, сол тілді жазып жүріп, осыдан төрт, тіпті бес мың жыл бұрынғы ата-бабамыз айтқан сөзді, түбірді, жұрнақты, тіпті дыбысты айтып, күнде қайталап жүргенімізді өзіміз байқамаймыз.

Ұлт тарихын зерделеуде тілдің қалыптасу үдерісін ескермей алысқа бара алмаймыз. Тіл тарихы-ұлт тарихы. Ал қазақ тілінің ең көне тілдік деректері Орхон-Енисей жазба мұраларында сақталған. Академик Ә.Т. Қайдаров мына пікірі аса өзекті: "Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін[10,34].

Қыпшақ тілдерін, оның ішінде қазақ тілінің тағдырын сөз еткенде орта ғасырларда, дәлірек айтсақ Алтын Орда дәуірінде, XIV ғасырда дүниеге келген жазба ескерткіштер тіліне жүгінеміз. Атап айтсақ, олар Құтыптың "Хұсрау мен Шырын", Сеиф Сарайидің "Гүлистан би-түрки", Хорезмидің "Мұхаббат - наме", Махмуд бин-Алидің "Нахдж әл-Фарадис" атты шығармалары. Отандық түркітануда орта ғасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу ісі Э.Н.Наджип, Э.Фазылов, А.К.Боровков, А.М.Щербак, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, Ә.Керімов, А.Ибатов сияқты ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Жалпы ғылымда қалыптасқан көзқарас бойынша, XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда мен Мысыр жерінде пайда болған ескерткіштер екі түрлі аралас тілдің бірінде: не қыпшақ-оғыз аралас тілінде, не оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған (Наджип, Щербак, Баскаков). Дегенмен, қыпшақ-оғыз элементтері аралас келгенмен бір-бірінен алшақ кетпей, бір әдеби дәстүрге бағынған. А.Зайончковскийдің "XIII-XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык" [11, 93], -деген пікіріне сүйене отырып, аталмыш жазба ескерткіштер ортақ, бірегей түркі тілінде жазылған деп айтуға әбден болады. XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін

туыстас тілдердің бәріне ортақ, әртүрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті орта түркі тілі болғаны анық. Ә.Құрышжанов пен Ә.Ибатов “Орта түркі әдеби тілі өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарын түгел, Европа жеріндегі “Дешті қыпшақ” пен Қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы – Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған [12, 101], - деп тұжырымдады. Осы орта түркі тілінің сол орта ғасырлардың өзінде-ақ деп екі үлкен тармағы, қыпшақ және оғыз варианты өзіндік белгілерімен даралана бастаған еді. Тіл тарихы халық тарихымен тығыз сабақтас, экстралингвистикалық жағдайларға тәуелді. Орта түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты басқаларға қарағанда XIII-XIV ғасырларда тарих сахнасында мойны озық болды, өйткені Дешті қыпшақта, Алтын Ордада және Мысырда қыпшақтар гегемондық рөл атқарды. Сондықтан біртұтас орта түркі тілі, нақтырақ айтсақ көне қыпшақ тілі еді. XIII-XIV ғасырларда Еуразия кеңістігінде, Жібек жолының бойында халықаралық тілге айналған да осы көне қыпшақ тілі болатын. Алтын Орданың ресми тілі де көне қыпшақ тілі еді. Жазба мұрағаттар көне қыпшақ тілінде жазылған. Осы мұралар бүгінгі қазақ тіліне тікелей қатысты, қазақ әдеби тілінің басты бір арнасы.

Қазақ тілі бір тұтас, монолитті тіл, бірақ бұл тұтастықтың бастауы көне түркі заманынан басталып, орта ғасырларда шыңдалып, ұлттық деңгейде даралана бастайды. Сол дәуірлерден баз-баяғы қалпында, дыбыстық және мағыналық тұлғасы өзгермей қазақ тіліне жеткен сөздер байырғы сөздік қорды құрайды. Ал Алтын Орда жазба ескерткіштерінде қазақ тіліндегі баламаларымен дәлме-дәл 420-дан астам сөз бар. Олар: *адым, азық, ай, алма, ала, сары, кең, тар, төрт, тоқсан, айыр, бар, кет* т.б. Кейбір сөздердің қолданылу жиілігі 20-ға дейін барады.

Қазақ тілінің материалдық мәдениет лексикасы қалыптасуының бір арнасы Алтын Орда дәуірі мұралары. Осы жазба ескерткіштердің тілінен байқағанымыз, ата бабаларымыздың баққан малын (*ат, бағлан, йылқы, оғлақ, сығыр, тева, қысрақ, қозы, қой*) біз де бағып жүрміз. Ал таққан әшекейін (*асырға, йүзук*) тағып, ыдыс-аяқтарын *(айақ, ызыш, бычақ, чанақ, чөмчә, қазған, қашуқ*,), үй-іші мүліктерін (*ачғуч, бешик, йастуқ, йоғурған, кийиз, килим, сипурткә*) тұтынып, киген киімдерін(*тон, чапан, кәмәр, құр, кафтан, көнләк, бөрк, башпақ*) киіп жүрміз. Киім тігілетін материалдарын да (*бөз, йүң, чөбрәк, қайыш, атлас, йибек, көн, мамұқ, тәри*), еңбек құралдарын да (*балта, бурғу, ырғақ, көрүк, тарғақ//тырнауыш, арава, йиб, тузақ, чәләк, қазуқ, қоңырағу*) қолданып, ішкен-жеген тамағын да (аш, ет, бал,йоғұрт, сарқут,туз, ун, қаймақ, сүт) ішіп жүрміз. Бұның өзі этномәдени сабақтастықты көрсетеді.

Түркі тілдерінде түбір аса күрделі құбылыс. Олар күллі лексикалық қордың - мәйегі. Академик Ә.Қайдаров қазақ тіліндегі 3000 бір буынды түбірлерді айқындаған еді. Тілдің даму үдерісінде кейбір түбірлер көмескіленіп, түпкі түбірге не өлі түбірге айналады. Өлі түбір деген ұғым шартты түрде айтылып жүр. Түбір мүлде өлмейді, ол көмескіленіп, өзіне туындаған кейінгі тұлғаға сол мағынасын аманаттап тұрады. Өсімдіктің тамыры іспеттес. Бүгінгі қазақ тіліндегі синхрондық тұрғыдан түбір мен қосымшаға бөлінбейтін тұлғаларды диахрондық тұрғыдан буынға жіктеуге болады. Мысалы, *Сы (сы-н, сы-н-дыр), ай (ай-т), бод (бод-ан), бош (бус-ан), кәп//кәб (кеб-енек), йіт (жіт-ім//өлім-жітім), қар (қар-ым-қатынас), саб (сөз сап-тау), тын (тын-ым)*. Бұдан байқағанымыз, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан өлі түбірлер Алтын Орда дәуірінің жазба ескерткіштерінде дербес сөз, дербес түбір тұлға күйінде қызмет атқарған. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің сабақтастығының жарқын дәлелі-осы түбірлер.

Ал тұрақты тіркестер ұлттың дүниетанымының - көрінісі. Фразеологизмдер – тілдің көркемдігін, суреттемелігін, бейнелілігін көрсететін тілдік бірліктер. Тұрақты тіркестердің қалыптасуы ұзақ үдеріс. Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дені орта ғасырларда, Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан. Халықтың өмір сүрген

ортасына көзқарасы, ойлау жүйесі осы фразеологизмдердің бойынан анық көрінеді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің түп тамырын жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологиялық тұлғалармен сабақтастыра зерделесек, сабақтастықты, ортақтықты анық көреміз. Мәселен,*Он төртинчи түннүң толун айы* – он төртінші түннің толған айы, сұлу. Йелиб он төрт күн йар тиләйи, ол он төртинчи түннүң толун айы "он төртінші түннің толған айын (сұлуды) тілеп, он төрт күн, түн желді".

Йүзин йергә қойуб – жүзін жерге қойып, ұялып. Бир ақил вазир шафаат йүзин йергә қойуб айтты "бір ақылды уәзір, жүзін жерге қойып, айтты" . "Ұялу, ұятқа қалу" мағынасын *йүз сувын төк* тұрақты тіркесі де береді.

Йети иқлим ичиндә – бүкіл әлем, жеті ықылым. Йети иқлим ичиндә көркә хали, сениң тек бир тағы сұлтан йоқ, ей жан "Бүкіл әлемде сенен асқан көрікке бай сұлтан жоқ, ей жан". Қазақ тілінде *жеті ықылым* "дүние", "бүкіл әлем" мағынасын білдіреді. Бұл деректер сөз жоқ қазақ тілінің көнелігін, қалыптасу жолын көрсетсе, қазіргі қыпшақ тілдерінің бұрынғы да, бүгінгі де ұйытқысы қазақ тілі екенін дәлелдейді. М.Жұмабаевтың "қыпшақтардың бір кезде дәуірлеп жасаған жазира даласының қара шаңырағының мұрагері де сол қазақтар" деген сөзі нақ шындық.

Ал Алтын Орда мұралары қазақ жазба әдебиетінің де басты арнасы. Қазақ жазба әдеби тілінің негізін салушы ұлы Абайдың ғылымда үш мектебі айтылады. Біріншісі-ауыз әдебиеті, екіншісі-шығыс әдебиеті, үшіншісі-орыс және Батыс Еуропа әдебиеті. Абайдың ақын болып қалыптасуындағы тағы бір арна, төртінші мектеп – ол Ж. Баласағұнның «Құдатғу білігінен» басталған түркілік жазба әдебиет еді. Абай өзіне дейінгі жазба дәстүрді, жазба әдебиетті жақсы білген және содан нәр алған. Абайдың қазақ әдебиетінде алғаш қолданған айшықты сөз тіркестерінің түп негізі Алтын Орда әдебиетінде жатыр.

Мысалы, Құтып ақында:

Көңіл қушы бу ғашық отында учар,
Хайалы ол Шырын Хусрауны қучар

деп, *көңілқұшы* түрінде айтылса,

Абайда:

Көңіл құсы құйқылжытар шар тарапқа
Адам ойы түрленіп алған шақта

деген сияқты *көңіл құсы* түрінде мағыналық, тұлғалық жағынан дәлме-дәл келіп, Құтыпта да, Абайда да бұл фраза "жүйрік қиял" мағынасында айтылып отыр. Немесе *сынуқ көңүл* тұрақты тіркесі Құтыпта:

Мені қадғумда аз хор қылғыл
Сындуқ көңүлүмні бәс азар қылған

түрінде айтылса,

Абайда:

Сынық көңілім көп кешер
Майда қолмен ұстасаң

деп келеді. Осындағы *сынық көңіл* фраземасы екі дәуір ақынында "жабырқаңқы, қайғылы көңіл күйді" білдіреді. Сонымен қатар ұлы Абайда *көңілдің жайлауы, көңілдің күні* сияқты бояуы қанық, жаңаша өрілген фразеологизмдер ұшырасады.

Бұл деректерге қарап, XIX ғасырдағы Абай поэзиясы, орта ғасырлық қыпшақ жазба поэзия дәстүрінің заңды жалғасы, дәстүрлі өнер сабақтастығы деп айтуға болады. Ғасырлар қойнауынан өзгермей, тарихтың ызғарлы желіне түтіліп кетпей келе жатқан тұрақты тіркестерден тұтас бір ұлттың қазақи бет-бейнесі анық көрінеді.

Қорыта айтқанда, осындай тарихи, тілдік және әдеби деректерге сүйене отырып, Алтын Орданың бүгінгі басты мұрагері-қазақ ұлты, Қазақстан Республикасы деп тұжырымдауымға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер
1. Аджи М. Полынь Половецкого поля. - М.: Новости, 2000. - 210 с.
2. Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. - М.: Новости, 1999. -230 с.
3. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. - М.-Л.: Изд. АН СССР, 1995. —260 с.
4. Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по историй кыпчаков VIII-XIV в.в. - Алма-Ата: Наука, 1987. -160 с.
5. Агаджанов С.Т. К этнической истории огузов Средней Азии и Казахстана // Проблемы современной тюркологии. -Алма-Ата, 1980. - С. 35-37.
6. Кляшторный С.Т. Кыпчаки в рунических памятниках // Сб. Тюркология. -Л.: Наука, 1986. - С. 53-60.
7. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекого Казахстана. - Алматы: Гылым, 1995. - 294 с.
8. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” Сейфа Сараи и его язык. - Алматы: Наука, 1975. - Ч. 1. - 208 с.
9. Мелиоранский П.М. Араб филолог о турецком языке. - СПб., 1900.- 200 с.
10. Қайдаров А.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 1998. - 303 б.
11. Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI вв) // Вопросы языкознания. - 1967. - N 6. - С. 10-14.
12. Құрышжанов Ә., Ибатов А. Ежелгі түркі жазба-ескерткіштері жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. - Алматы: Ғылым, 1981. - 97-124 бб.

ӘОЖ 94(574)

ТЕКТІЛІК ФЕНОМЕНІ *(тарихи-этнографиялық пайым)*

Ж.Ж. Жақсығалиев
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

Тектіден текті туады,
Тектілік тұқым қуады.
Тектілердің тұяғы,
Таңдайды құз-қияны.
Шын тектілер халқы үшін,
Өлімге басын қияды.
Жақсы, жаман деместен,
Жанына жұртын жияды...
Бекасыл әулие (1822-1915)

Отан тарихы ғылымында зерттеушілердің дендеп бойлай алмай жүрген ділгірлігінің бірі – тектілік феномені. Тектілік пен оның эволюциясы сыры толық ашылмаған ең күрделі мәселелердің бірі және оның құпиясының ғылымда жұмбақ күйінде жатқан қырлары жеткілікті. Тәуелсіздікке дейін қазақ тарихын негізінен жергілікті ұлттың тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, этногенезисін жетік білмейтін өзге жұрт өкілдері жазғандықтан, аталған тақырып тесіле зерттеліп, тереңірек ашылмады. Басқа жұрттың дәстүрінен өзгешелеу көрінетін қазақ қоғамының қатпарларына жатжұрттық зерттеушілердің түсінік, парасат-пайымы жете бермеді. Шындығына келгенде, ұлтсыздандыру саясатын абайлап, жымысқылықпен жүзеге асыруға кіріскен кеңестік-коммунистік режим тұсында ұлттық дәстүр, ұлттық мәдениет,

ұлттық құндылық сияқты мәселелерге нақты ғылыми тұрғыда көңіл бөлу мүмкін бе еді?! Оның бер жағында, азаттық алғанымызға ширек ғасырға жақындаса да ұлттық құндылықтарға бодандық дәуірде қалыптасқан стереотиптерден алшақтап кеткеніміз шамалы. Мұның сырын зиялылар бізде кейбір посткеңестік кеңістіктегі елдердегідей деколонизация (отаршылдықтан арылу) саясатының жүрмеуімен байланыстырады. Күні бүгінге дейін «қазақтар «ақ жұмыртқа, сары уыз» қыздарын қалың малға бола қаусаған шалға сатқан» деген санамызға сіңген сыңаржақ түсініктен толық арылғанымыз жоқ. Ұлы қайнардан сусындаған дана халықтың аялап өсірген бойжеткенін «теңін тапса тегін бергенін», сонда да тегін сұрауды ұмытпағанын Кеңестер билігі байқамаған сыңай танытты. Дәстүрлі қазақ қоғамында нәзік жандыларға деген көзқарастың ықылым заманнан түзу болғанын дәлелдейтін деректер жеткілікті. Аруларын аяламаған халық *Асыл жар – ердің дәулеті; Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас; Ердің жақсысы елімен ойласады, әйелдің жақсысы ерімен ойласады; Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді, жаман әйел жақсы еркекті жүдетеді; Ерге жаққан әйел елге де жағады; Ерін баққан әйел елін де бағады* деген мәтелдерді шығармас еді. Орыс отаршылдары жүргізген ұлтсыздандыру саясатының жарқын мысалы қазақ әйелдерін үнемі күң ретінде жүргендей насихаттап, таптық принциптерге иек артқан маркстік-лениндік кеңес тарихнамасы ғасырлар бойы сыннан өткен ұлттық құндылықтардың ішкі қуатын, қадір-қасиетін өңін айналдыра көрсетіп, феодалдық қоғамның сарқыншақтары деп сынағаны белгілі. Сөйтіп ұлтты төл мәдениетінен жеріндірді. Сол мақсатта XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармаларын коммунистік билік өз идеологиясының алаңына айналдырды.

Сөздің қысқасы, мыңның біріне ұя салатын тектілік құбылыстың тәрбиеге көнбейтінін, ол атаның қаны, ананың сүтімен дарып, сүйекке бітетін асыл қасиет екенін қазақ халқы алыстан аңғарды. Сайып келгенде, ұлттың тектік қорын (генофондын) күшейту мақсатында жеті атаны сақтау, құдандалы болу, атастыру, қалың мал, полигамия (көп әйел алу), әмеңгерлік, т.с.с. ата дәстүрлерді сары майдай сақтап, шынжырлы-текті тұқымдардың тамырын үзіп алмай, ұрпақтарға сабақтастыруда бай тәжірибе жинақтады. Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан некелік-отбасылық қатынастың негізгі өзегі бозбала мен бойжеткеннің арасындағы тамыры жоқ арзан сезім емес, жарық дүниеге ақыл-ойы зерек, дені сау, аяқ-қолы балғадай текті ұрпақ әкелу философиясымен байланысып жатыр. Өйткені қай кезде де ұрпақтың денсаулығы мен зердесі мемлекеттің ең үлкен қазынасы екені сөзсіз.

«Сұңқардан сұңқар туар саңқылдаған,
Қарғадан қарға туар қарқылдаған...»
Бай баласы байға ұқсар,
Байлаулы тұрған тайға ұқсар.
Би баласы биге ұқсар,
Алты қанат үйге ұқсар.
Хан баласы ханға ұқсар,
Биік-биік шыңға ұқсар.
Құл баласы құлға ұқсар,
Мал таптаған гүлге ұқсар.
Сыпыра жырау (XIII-XY ғасырлар)

Текті де терең тамырлы бай тарихы бар қазақ халқы қашанда асылы мен жасығын, жаманы мен жақсысын парықтауға айрықша мән беріп, тектілік қасиетті ерекше классикалық биік деңгейге көтерді. Тектің һәм ұрпақтың тағдыры – ұлттың тағдыры. Ата қазақ келешек ұрпағының кемел болуы үшін өзіне талапты биік қойған. Зерделі, тапқыр, жігерлі, қайратты, ақылды, білімді, т.б. болып өсуді ер жігіттің басындағы асыл қасиеттерге теңеген. Қазақта біреудің баласы жақсы өнегелі азамат болып өссе: «Оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой», - дейді. Кеңес

қоғамында Ы.Алтынсариннің Асан мен Үсені кеңінен насихатталып, таптық күресті ту еткен коммунистер ұлтты тексіздендіруде жарлы баласы «сұңғыла», бай баласы «миғұла» деген түсінікті санаға сіңіруге барын салды.

Ғаламтордағы уикипедия ашықэнциклопедиясының мәліметінде «тектіліктің – адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық, т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді. Нағыз тектілік сыпайылықтан, кешірімпаздықтан, мейірбандықтан көрініп, осы ізгі ниетпен ешкімді төмендетпей, шеттетпей биіктетуге мүмкіндік береді. Халқының, Отанының мүддесін жоғары қоя білген адамдардың қатары көбейген сайын тектіліктің де қадірі артып, қоғамдағы қайшылықтар шешімі жеңілдейді» (kk.wikipedia.org/wiki/Тектілік (делінген .Сондықтан табиғи дарынды әлеуетті күш қашанда мемлекет үшін баға жетпес ұлттық құндылық. Халықтың көшін бастайтын ел ұстарлары мен игі-жақсылары жоғалса, ұлт та ұнжырғасы түсіп, тұлғасыз-тұлдыр ұлтқа айналады. Тамырынан айырылған теректей текті ұлдарынан айырылған ұлттың ұшпаққа шыға алмасы ақиқат. Қалың тобыр арасынан дара көрінетін текті тұлға – бір қап арпа ішіндегі жалғыз бидай секілді айшықталып тұрады.

Тектілік тақырыбы сөз болған жерде ұлттың рухани қазынасы, дәстүрлі қазақ қоғамындағы таңдаулы топ – асыл текті ақсүйектер саналған төрелер мен қожаларды айналып өту мүмкін емес. Текті атаның ұрпақтары ретінде зор беделге ие болған олар өзара қыз алысып, эндогамиялық некелерді қатаң сақтады. Жалпы төре тұқымында ертеден келе жатқан салт әрбір адам сауатты болуға және «жеті жұрттың тілін білуге тиісті» болған. Тарихқа жүгінсек хан тұқымы деп аталатын қуатты топ қазақ топырағында қайталанбас дара тұлғалар тудырғаны рас. Бір ғажабы олар, кейін қазақ қоғамымен біте-қайнасып, сіңісіп кетті және тарихи әдебиетте Шыңғыс ханның жеке басы мен Шыңғыстың «алтын тұқымына» (Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов: Монголъский кочевой феодализм. Л., 1938.С.17, 144-147) табыну біршама жақсы көрсетілген. Түйіп айтқанда, тек төре тұқымын дәріптеу көтерілген мәселенің барлық қырын ашуға мүмкіндік бермесі хақ.

*Халық ауыз әдебиеті не дейді?*Жылдар бойы үстем таптың өкілі саналған «бай» туралы түсінігіміздің солғын тартқаны сондай, соңғы кезге дейін қазақтың батырлар жырындағы бас кейіпкерлер яғни, *ел қорғайтын ұлы мақсаттағы ерлер негізінен байдың не ханның ұлы болып келетіндігіне мүлде мән бергеніміз жоқ.*[1]

Батырлар жырының сюжетіне тән негізгі ерекшелік – алдында мыңғырған малы бар әрі ақыл-парасатымен халқына өте сыйлы, кемеліне келген жанның фәни дүниеде бір перзентке зар болып (Қобыланды батырды әкесі Тоқтарбайдың, Алпамысты әкесі Байбөрінің, Қамбар батырды әкесі Әлімбай ханның т.б.), «Тәңір мен пірге сыйынып», «әулие қоймай қыдырып», ғұмыр бойы аңсаған шаранасын қартайған шағында зарығып көруге құрылуы – тектіден тұяқ көруді аңсаған халықтың арман-тілегінен туған тәсіл екенін атап өткен жөн.

Біздіңше, осы тұста мәселенің мәнін тереңірек ашу үшін сәл аялдайтын бекет бар. Хисса-дастандардан көрі шынайы өмірде жағдай басқашалау. Олай дейтініміз Жаратушыға қанша жалбарынғанымен Мырза Құдай тілекті бермесе тектіден де тұқым үзілетіндігін дәлелдейтін деректер жеткілікті. «Пәленшенің ұрпағы жоқ», «Түгеншенің тұқымы осымен бітті» деген сөз қазақтың ең ауыр қасіреті болатын. «Ат тұяғын басар тайдың болмауы» қазақ түсінігінде рухани қайғы. Ұлы адам да пенде. Тектіден тұяқ қалмаудың сыры неде? Ұлыларда неге ұл болмайды? Өмірден бір перзентке зар боп өткен саңлақтар (Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай,

[1]Бұл сөзімізге өмірдің өзінен де мысал жеткілікті. XYIII-XIX ғг. ұлт-азаттық көтерілістердің көсемдері Сырым, Кенесары, Қаратай, Арынғазы, Исатай, Махамбет, Есет, Қайыпқали, Жанқожа, т.б. елді соңынан ерткен асылдардың шыққан тегі, жеті атасынан құт үзілмеген хан-сұлтан, би, батырлар әулетінен болып келуі шынында да ойланарлық нәрсе.

Ж.Досмұхамедов, Д.Қонаев, т.б.) қаншама?! Бұл – жаратылыстың адам санасы жете қоймайтын көп тылсымдарының бірі һәм пенделерге жұмбақ тектілік феноменінің ашылмаған құпиясы. Бір кем дүние. Осы орайда, пайғамбарлық қасиет қонған жанның соңынан ұрпақ ермейді деген аңыз-әфсана бар екені еске түседі. Қазақ мұндайда «тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ» деген. Сайып келгенде, мұның бәрі тектіден тұқым қалудың оңай нәрсе емес екенін аңғартады.

Бағанағы ой-сорабын әрі қарай жалғасақ, халық арасына кең тараған қазақ ертегілеріндегі негізгі кейіпкерлердің шыққан тегінің де өнегелі тұқым болып көрсетілуі кездейсоқ емес. Мәселен, бастауыш сынып оқушысынан бастап, жақсы білетін ертегілеріміздің бірі «Ер Төстіктің» ақылды, тапқыр, батыл, т.с.с. болып ержеткендігін сипаттағанда әкесі Ерназар байдан да табиғи жаратылыс жағынаноғанкөптеген қасиеттер дарығанын ойлап жатпадық. Мұқым қазаққа мәшһүр «Аяз би» ертегісі бүгін біз көтеріп отырған тақырыптың тамыры ғасырлар тереңіне кететініне жарқын мысал. Ертегінің желісі ертеде Мадан деген хан болыпты деп басталады, ол өзінің қырық уәзірі арқылы таптырған Жер бетіндегі ең Жаман (болашақ Аяз би) адамның сыншылық қасиетіне тәнті болып, оғанменің өзімді сынашы, мен неше атамнан бері хан екенмін? - дейді. Жаман:

- Жақсы! – деп, тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып:

- Тақсыр ханым! Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық қара басыңда, қарадан туып хан болғансыз, атаңда хандық жоқ,- дейді. Жаман сөзін бітірмей, хан сөзін бөліп:

- Жоқ, қате айтасың! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да алты атамды қайда жібересің? – деп зекіреді. Жаман саспайды.

- Жоқ, тақсыр! Сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз,-дейді. Хан не дерін білмей, халыққа қарап, анасын алдырып, шындықты айтуын сұрайды.Анасы болған жайдың ақиқатын айтып, оның шын мәнінде ханның ұлы емес екенін, өзіне дейінгі он тоғыз әйелді әкесі Зәрлі ханның кілең қыз туғаны үшінжарып өлтіргендігін, құрсағына көтергені қыз екенін тәуіптер арқылы білгесін, шыбын жанын сақтау мақсатында өзімен бір мезгілде ұл көтерген сарайдағы наубайшының әйелімен жасырын келісіп, кейін күні жеткесін нәрестелерді алмастырып, содан бері екеуінің бұл жөнінде ешкімге тіс жармағандарын тәптіштейді. Хан:

- Апырмай, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді. Сонда Жаман:

- Мен Жаман-жақсы болсам да үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің шонжарлы, атаулы хан емес екеніңізді содан байқадым, - дейді.

Келтірілген мысалдар, жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтар халқымыздың бай ауыз әдебиеті арқылы ғасырлар бойы үзіліссіз сіңіріліп келгенін дәйектейді.Сонымен, қазақ халқының шығармашылық дәстүрі ертегілер, батырлар жыры, аңыз әңгімелер, лиро-эпостық жырлардың, т.б. мазмұнын жан-жақты саралау тектілік феноменінің ұлт тамырына бағзы замандарда-ақ байланғанын айшықтайды.

«Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға...»

«... Жақсының әрқашанда жөні бөлек, Жаман адам жарамас бір қымтарға немесе Жабы жүйрік болмайды байлағанмен, Жасық болат болмайды қайрағанмен» деп Ж.Жабаев шалқыса, ұлы ойшыл Абай Құнанбаев жеке тұлғаның қалыптасуы барысында оның өскен ортасы мен алған тәрбиесіненде бұрын, оның қанындағы,

тегіндегі қасиеттердің басымдыққа ие болатынына ерекше тоқталған. Абай сынды алып ой иесінің тамыры тобықтының ішіндегі шынжыр балақ, шұбар төс тұқым екеніне де кезінде көп көңіл бөлінбегені рас. Әкесінің: «Әй, Абай! Мақтағыш болсаң, алдымен мені – Құнанбайды мақта! Өзімнен асырып мен сені тудырдым. Ал, сен мықты болсаң, өзіңнен асырып ұл тудыр. Содан кейін мақтанарсың, шырағым», - деп ширыға тіл қатуында ұлт танымындағы тек туралы түсініктің терең мағынасы жатыр. Кеңестік тарихи әдебиетте ауызға алдымен ілігетін, қазақтың рухани мәдениетінің үш алыбы – Шоқан, Абай, Ыбырай бастаған қазақ кемеңгерлерінің қай-қайсысы да текті әулеттерден шыққан тұғын. Қай заманда болмасын қазақтың білімді, зиялы, ел тізгінін ұстаған дегдар азаматтары негізінен ауқатты, белді, дәулетті отбасыларда туып-өскендігі назар аударарлық нәрсе. Демек, дәулет пен тектің арасында көзге көп көріне бермейтін бір нәзік байланыстың бар екенін аңғармау мүмкін емес. Осы ретте білікті заңгер Н.Шайекеновтің ой-тұжырымы еске түседі: «Табиғаттағы эволюцияның себебі – биологиялық тұқым қуалаушылық. Ал қоғамдағы эволюциялық сабақтастықтың тетігі – мұра қалдыру құқығы. Меншікке ие болғаннан кейін адам өзі жинақтаған игілікті өзінен кейінге қалдыруды қамдай бастайды. Ол енді мұра жайында ойланады. Тарихи тұрғыдан қарағанда мұның өзі болашақ жайында ойлау деген сөз. Меншік иесі бар жерде адамның түп-тегі туралы ұғым бар! Олай болатыны – тек меншік қана өзіңнің түп-тегіңді қадірлеуге үйретеді. Шәркейін сүйреткен салтаңбай тектілік дегенді ойлап қайтсін» (Абдрахманов С. Рыцар // Егемен Қазақстан, 2006. 25 қазан). Бұқар жыраудың «Ерге дәулет бітпесе, Шүлдіреген қызыл тілден не пайда» дегені де осымен үндес. Осы орайда, қазақ халқы мал біткен байдың бәрін текті деп есептемегенін, тексізге де харамнан мал бітетінін, бірақ оның қайыры болмайтынын зерделегенін айта кету қажет. Қазақтың ауыз және жазба әдебиетінде бейнеленген қарау байлардың тізімі Қарабай, Шығайбай, Итбай, т.с.с. болып жалғаса береді. «Дәулет сауаптан болса қайырлы» деген ұстаныммен өмір сүрген халқымыз асылы мен нәсібіне арам араластырмаған жанды ғана текті деп есептеген.

«Кімнен кім туады?» Аталған сұраққа Майқы би былай деп жауап берген екен:

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады,
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады,
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжақпас туады,
Таздан жарғақбас туады,
Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады.

Тектілік феномені хақында пайымдалған асыл сөздердің астарында терең ой, ғасырлық өмір тәжірибесі, генетикалық ілімге даналық көзқарас жатыр. Бұдан қан арқылы берілетін қасиетті еш нәрсемен алмастыру мүмкін емес екені анықтала түседі. Оған дәстүрлі қазақ қоғамының қойнауында пайда болған *«алма сабағынан алыс түспейді», «түбіне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы», «тектен нәр алған тозбайды», «шұғаның қиқымы да шұға», «тұлпардың тұяғы, сұңқардың қиясы», «тегінде бар тектілік», «тектілік тұқым қуады», «текті жердің тұлпар ұлы», «тегі мықты», «тегі таза», «тегіне тартқан», «асылдың қиығы», «тектінің тұяғы», «жақсының көзі», «асылдың сынығы»* деген ілкіден келе жатқан нақыл сөздер де дәлел бола алады. Керісінше, бұған антипод мағынадағы *«жетесіз», «жүгенсіз», «парықсыз», «көргенсіз», «тексіз», «тәрбиесіз», «ұятсыз», «намыссыз», «ештеңе көрмеген», «қарғыс атқан», т.б.* нәлетті сөздерде жайдан-жай айтыла салмаған.

Бағзы бабалардан жеткен «барымташыдан ұры, ұрыдан қары, қарыдан бәрі шығады»деген ұлттық дүниетаным кей кезде «өзі болған жігіттің – ата-тегін сұрама», «жаманнан жақсы туса – теңі болмас, жақсыдан жаман туса – емі болмас» деген пайыммен алмасқан. Осы сарын Шалкиіз жырында тереңдей түседі:

Айырдан туған жампоз бар
Жүгін нарға салғысыз,
Арғымақтан туған будан бар
Күнінде көрінім жерді алғысыз,
Жаманнан туған жақсы бар
Адам айтса нанғысыз,
Жақсыдан туған жаман бар
Күндердің күні болғанда
Бір аяқ асқа алғысыз.[2]

Ойдың орайында, негізгі нәрсенің басын ашып алсақ дейміз, «жақсының» һәм жеке тарихи тұлғаның бәрін тектіге жатқызу біржақты. Тарихқа көз жүгіртсек, ата-бабасында не өзінің кейінгі ұрпағында кемеңгерлік қасиеттері байқалмаған талай жарқын тұлғалар өткен. Біздіңше, ондай жандар бар болғаны – тарихи тұлға, қазақ мұндайда «қарадан шығып хан болған, айырдан шығып нар болған» дейді. Керек болса ойнастан туған шаталардан да талайды таңқалдырған мықтылар шыққан. Қысқасы, таланттың бәрін тектіге телу ақиқаттан алшақ, сынай қараған жанға тектіліктің тамыры тым тереңде жатыр. Осы тұрғыдан келгенде не нәрсені де астарлап, әдемі жеткізе білетін қазақ фольклорына тағы бір мәрте үңілген жөн. Мәселен, Бұқар Қалқаманұлының:

Таудан аққан тас бұлақ,
Тасыса құяр теңізге.
Қанша малы көп болса,
Бай қуанар егізге.
Жаманнан жақсы туса да,
Жақсыдан жаман туса да,
Тартпай қоймас негізге -,деген жыр жолдарынан әйгілі жыраудың көзқарасы Шалкиізбен тұтастай қабыспайтындығын байқаймыз. Көтерілген мәселені талдап-тарқатуда қазақ жырауларының көзқарасында қарама-қайшылық, пікір алшақтығы бар екені «соқырға таяқ ұстатқандай» көрініп тұр. Күні бүгіннің өзінде кейбір зерттеушілер адамның болмысына тек тегі әсер етеді деген қатып қалған түсінік болмауы тиіс, әр жақсының балалары жақсы, әр жаманның балалары да жаман деген қағида жоқ деген пікірді ұстанса, келесі бір ғалымдардың саралауынша адам жаман болайын демейді, әсіліндегі күнә жібермейді. Мәселен, ата-бабасы киелі құс аққу атқандықтан ұрпақтары «аққу атқан» ауруына ұшыраған кеміс жандарды күнделікті өмірден кездестіруге болады. Бұл арғы атасының күнәсі үшін ұрпағы жауап береді деген сөз. Демек, барлық нәрсенің жаңғырығы болады, бумеранг заңы бойынша лақтырған затың айналып өзіңді келіп соғады. Осы пайымға иек артсақ, уақытында Кеңес өкіметі ұрандаған «әкесі үшін баласы күймейді» деген сөз жаратылыс заңына қайшы. Мұның бәрі әр адам өз жаратылысынан аса алмайды деген ұғымға келіп саяды. Қазіргі таңда мамандар пенденің фәни дүниеде біліп-білмей жасаған бейәдеп істеріне жауап беру, оның үмбетіне жүктелетін жаратылыс құдіретінің сырына тереңірек үңілуде. Халал немесе харам болып есептеліп, алғыс не қарғыс арқалайтын істердің қай-қайсысы да атадан балаға мирас болып, тұқым қуалауы тек феноменінің ғарыштық эволюциялармен байланысы бар ғажап құбылыс екендігін аңғартады. Қазақтың «Құдай пейілге береді» немесе «Қара ниеттінің де жазасын Алла тағала береді» деген сөздері өмірлік тәжірибеден алынған.

[2] Келтірілген үзінді де бір шындықтың шеті қылтиып тұрғаны рас. Қазақта «жігіттің жақсысы – нағашыдан» деген сөз бекер айтылмаған. Бұл мәселеге алда арнайы тоқталамыз.

Сөзімізді түйіндесек, тіршілікте бірде-бір өсімдіктің тамырсыз өспейтіні, өркен жаймайтыны сияқты, адам баласы да өзінің ата-бабаларымен көзге көрінбейтін тамырлар арқылы жалғасқан. Қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейін тәуіптік, көріпкелдік, сыныкшылық, күйшілік, әншілік, аңшылық, ұсталық, құсбегілік, саятшылық, т.б. өнерлерді қуып өткен әулеттер жиі кездеседі. Қазақ қоғамында айрықша құрметке бөленіп, жеті атасынан «қаракөк» үзілмей, ерекше мәртебеге ие болғансұлтандар, билер, батырларәулеті өз алдына бөлек әңгіме. Белгілі ғалымТ.Жұртбай: «Бекзадалықтың, мырзалықтың, шексіз өктемдіктің, бақ-дәулеттің ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өздерін ерекше жаратылған тұқым есебінде марапаттайтын «қаракөктің» баламасы өзге ұлтта да ұшырасады. Шыңғысханның ата-бабасының нұрдан жаралуы, Еуропадағы асыл тектілердің «голубая кровь» деп аталуы соған саяды. «Қаракөк үзілмеген тұқымның» билігі мәңгілік үстемдікке айналған. Әсіресе, ру-ру болып тіршілік құрып, өмір сүретін көшпелі жұрт үшін бұл қатып қалған қағида», - дейді (Жұртбай Т. Құнанбай. – Алматы: Алаш, 2004. 29-б.). «Жеті атасы би болған, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөздер осындай текті әулеттерге қатысты айтылған. Тегі асылдың ұрпағы да кемел. Бұған қазақ тарихындағы жеті атасынан құт үзілмеген Уәлихановтар, Шормановтар, Бабажановтар, Кенесариндер, Бөкейхановтар, Қаратаевтар, Сейдалиндер, т.б. тарихи әулеттер мысал бола алады. Бұлар бірін-бірі қайталамайтын, әрқайсысы айрықша бөлек даралыққа ие ұлт генофондының арналы салалары.

«Жігіттің жақсысы – нағашыдан...». Қай заманда да, қай қоғамда да ұлыдан ұрпақ, тектіден тұяқ қалудың оңайлықпен бола салмайтынын соңғы зерттеулер дәлелдеуде. Олайдейтініміз әлемдетекті асылдандыру тәжірибелері әлі толастаған жоқ, ізденістер жалғасуда. Бұл ретте, өткен ғасырда Сингапур «кереметінің сәулетшісі» Ли Куан Ю елдегі әр сала бойынша ең дарынды деген жоғарғы сыныптың ұл-қыздарын лагерлерге жинап, басты мақсат – жас зияткерлердің болашақта жұп құрауына «жол ашып», кейін екі таланттан өретін дарынды ұрпақ арқылы ұлт генофондын күшейтпек болып, халықаралық қауымдастықтың тарапынан қарсылыққа кез болғанын еске түсіргеніміз жөн. Халқының 80 пайызға жуығы жедел қытайланған елдегі жағдай кейін «Сингапур феномені» деген атауға ие болып, аталған жоба орта жолға жетпей қаңтарылған еді. Осы орайда, еліміздегі Назарбаев Университетінде тәлім алып жатқан, «сүт бетіндегі қаймақ» саналатын өрімдей ұл-қыздарымыздың келешегі кемел деп білемін. Мерзімдік баспасөздегі мәліметтерге жүгінсек, американдық генетик ғалым Роберт Грекхемнің жетекшілігімен жүргізілген тәжірибе назар аударарлық. Оның зертханасына жиналған донорлардың дені дүние жүзіне әйгілі «Нобель» сыйлығының иегерлері болған. Ғалым жүргізген эксперимент бойынша жер бетіндегі ең кемеңгер деген ұлы адамдардың шәуетімен данышпан ұрпақ сүйгісі келетін әйелдер ұрықтандырылған екен. Тәжірибе он тоғыз жыл бойы жүргізіліп, осы уақыт аралығында дүниеге келген 200 нәрестенің ешқайсысының бойынан өсе келе ешқандай данышпандықтың белгісі байқалмаған. Өкініштісі, бірнеше жылға созылған жұмыс еш нәтижесін бермей, ғалымдардың үміті үзілген. Сөйтіп, данышпандықтың құпиясы ашылмай қалған. Данышпандық тектіліктің толық мәнін аша ала ма? Қайсыбір ғалымдардың пікірі бойынша данышпандық еш тұқым қуаламайды, ол бар болғаны сананың ауытқуы, яғни шизофрения дегенге саяды. Біздіңше, бұл жерде мәселенің екінші жағына да назар аударылмаған сияқты. Жасалған тәжірибеден суррогат құрсақта өсетін ұрпақтың мықты болуы тек еркектің асылына байланысты емес екені анықталып, бұдан алтын құрсақ келінді қазақтың босқа іздемегендігі айқындала түседі. Медицина бойынша нәрестеге 23 хромосоманы әкесі, 23 хромосоманы шешесі береді. Сол себептен де әрбір адамның бойында өзімен бірге атасының да, анасының да ерекшеліктері, қаны болады. Демек, әке-шешенің екеуінің де үлесі бар. Қазіргі генетик ғалымдар қол жеткізе алмай жатқан нәтижеге өзгеден бұрын жетіп, сыры жұмбақ

жаратылыс құпиясын ашу – халқымыздың ғасырларға созылған селекциялық ізденісінің жемісі.

Қысқасы, келін таңдаудағы қазақтың қырағылығына таңданбасқа болмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында әрбір ата-ана өз ұлының болашақ қалыңдығын ертерек ойластырып, өзінің теңін іздеген. Келешек құдасын орынды, құрметті жерден, аталы, іргелі ауылдан қараған. Құдандалық дәстүр қазақ қоғамының отбасылық-тәрбиелік салтының тиянақты жүйесі болды. Кезінде қазақ еріккеннен құда түспеген. Тіпті балалар дүниеге келмей жатып-ақ атастыру рәсімі болатын. Тектілік феноменін терең түсіну үшін құдалық институтының әлеуметтік мәніне зор көңіл бөлу керек. Қазақ қалыңдық таңдағанда бойжеткеннің ажары мен шырайына қарап шешім қабылдамаған, ұрпақ жалғастырушы әйелдің көргенді, өнегелі, биязы, тәрбиелі болуын қалаған.

Тарихи айғақ-деректерге ден қойғанда, тегі асылдың тұқымына таласатын жағдайлардың болғаны байқалады. Бұдан, дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан қалың мал институтының сыры ашыла түседі. Ғаламтордағы уикипедия ашық энциклопедиясының мәліметінде: «Бұған кеңес үкіметі кезінде «қызды малға сату» деп қара күйе жағылып келді. Ал шындығында қыздың жасауы «қалың мал мөлшерінен кем болмаған. Демек, бұрынғы дала заңында бұл ескерілген сияқты. Әрине «қалың мал» құдалардың дәулетіне байланысты болған. Бұл істі әркім өз шама шарқына қарай белгілеген. Бұрынғы заманда «қалың мал» байлық пен мырзалықтың дәрежесін әйгілейтін көріністің айғағы болғаны шындық. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Кіші жүзде Байсақал мен мен Орта жүзде Сапақ құда болған. Сонда Байсақалдың қызының «қалың малы» бес жүз жылқы болған. Үш жүз жылқы қара малы, жүз жылқы үйге кіргізер, жүз жылқы той малына кетіпті (М.Ж.Көпеев)» (kk.wikipedia.org/wiki/Қалың_Мал) делінген. XYII ғасырдағы деректерге қарағанда қалыңдықтың той үстіндебасына киетін алтындап, қымбат тастармен әшекейлеп жасаған сәукелесінің өзі бір үйір жылқымен бағаланса, қалың малының мөлшері 5 жылқыдан 1000 жылқыға дейін жеткен. Қисапсыз қараны беріп алған келіннің де бабы да келісті болары сөзсіз. Өйткені қай кезде де қандай күштінің шашылып жатқан артық малы жоқ. «Судың да сұрауы бар» немесе «тең-теңімен, тезек қабымен» деген ұстанымға баса мән берген халқымыз «бай мен бай құда болса, арасында жорға жүрер, кедей мен кедей құда болса, арасында дорба жүрер, бай мен кедей құда болса әупірімдеп зорға жүрер» деген сөзді жайдан-жай айта салмаған. Нарықтық экономикалық қатынасар берік орныққан қазіргі қоғамда қалың мал институтының мәнін теріс түсіндіру артық және өркениетті дәстүрді, ұлттық мүддені асығыс, ұшқалақ пікірге жеңдіруге болмас. Егер жігіт текті тұқымның тұяғы болып, оның болашақ жары да аталы жерден болса, онда мұны «інжуге орнатылған лағыл» деп бағамдаған. Ал, ат байлайтын жері көңілдегідей болмаса, келіннің құрсағында өсетін ұрпақты «құмға сіңген су», «сорға сепкен дән» деп түсіну тек қазаққа ғана тән түсінік. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі *«көріп алған көріктіден,көрмей алған текті артық», «қатын алма қайын ал», «алып анадан туады», «нағашысы жаманның жиені оңбас», «анасын көріп, қызын ал», «анасын сүйгеннің баласын сүй», «шешеге қарап қыз өсер», «ана көрген тон пішер», т.б.* деп келетін тұрақты тіркестерде терең мағына жатыр.

*Фольклорлық-этнографиялық деректерне дейді?*Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің хадистерінде: «Үйленетін болсаңдар, қыздың тектілігіне, байлығына, сұлулығына, діндарлығына қараңдар» деген. Қазақ әйелдері туралы сөз болғанда, ең алдымен лиро-эпостық жырлардағы аруларымыз ойға оралады. Құртқа мен Жібек, Айман мен Шолпан, Ақжүніс пен Назым, Баршын мен Баян образдары – қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көргенділіктің, сұлулық пен нәзіктіктің, тапқырлық пен айлакерліктің, адалдық пен тұрақтылықтың символы. Қазақ аруларының галереясы мұнымен шектелмейді. Сақ көсемдері Тұмар мен Зарина ханшалар, Домалақ ана, Айша-бибі, Әбілқайырдың бара бәйбішесі Бопай ханша мен Кенесарының қарындасы Бопай ханша, Нұралы ханның қызы Тойғара сұлу, Кенесарының бәйбішесі Күнімжан ханша,

Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжан, Шоқанның әжесі Айғаным, Арынғазы ханның жары Жақсы ханым, т.б. жалғаса береді. Зерттеуші Р.Әлмұханова былай дейді: «Ел қорғайтын үлкен мақсаттың адамы қатардағы жай қызды алмайды, оған о баста текті қыз бұйырылған. Шындығында, фольклорлық шығармаларда бас кейіпкерлердің жары не ханның қызы, не байдың қызы болуы ойландыруы керек. Таптық сананың өзіндік ықпалы болғанымен, мұндай сарынның сақталуы текті жерден қыз алуды білдіреді. Жырлардағы: «Қаныкейдей көріктіні, Тінікейдей тектіні ал ал» деген фольклорлық қаңқаның тым терең тарих қойнауынан тамыр тартатыны осылайша белгілі болады» (Әлмұханова Р. «Алпамыс батыр» жырындағы тектілік мәселесі //Ана тілі.2010,21-тамыз). Осы ретте, режиссер Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың бала» филъміндегі бас кейіпкер Сартай батырдың адал жары, еліне тұтқа болған асыл азамат Рақымжан байдың көрікті әрі ақылды қызы Зере аталған мәселеге жаңаша көзқарас қалыптастыруда сәтті сомдалған бейне. Сүйінбай Аронұлының «Алшын ата баласы, Сұлтансиық, Бақсиық. Хан қызы екен анасы» деп келетін жыр жолдары да осы ойды тиянақтай түседі.

Фольклорлық-этнографиялық деректерге жүгінсек, қазақ жырауларының ел билеушілеріне артатын басты кінәсі – ханның қарадан әйел алуы. Хан мен қараның қаны араласпай, бірінен-бірін алшақ ұстайтын ескі дәстүрлерді бұзғысы келмеген олар, мұндай жөнсіз істің салдары елді болашақта тұйыққа апарып тіреуі мүмкін екенін қатерде ұстаған. Мұны дәлелдейтін мысалдар жеткілікті.

•Ай, хан, мен айтпасам білмейсің...
Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан!
Мұны неге білмейсің?! (Асанқайғы)
•Елден елді аралап,
Тектіден текті саралап,
Беглердің қызын айттырсам,
Нұсқасын байқап шамалап.
Сынға толса сияғы,
Әлбеті шамның шырағы,
Мұхиттан сүзіп шығарған
Қымбатты гауһар бағасы.
Жүз нарға кілем жаптырып,
Қазақтан сәнін арттырып,
Ұзатып алсам сәнменен
Көңілімді хош таптырып.
Бала берсе тезінен,
Пірлердің бітсе демінен,
Шілтеннің тиіп шылауы
Артылып туса өзімнен !(Ақтамберді)
•Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас...немесе
Ай, Абылай, Абылай,
Қатын алма қарадан,

Қара тумас сарадан.
Қатын алсаң қарадан,
Алды кетпес баладан,
Арты кетпес жаладан (Бұқар жырау)
•Атайы жұртқа қол артып,
Асылдан ару таңдап алмаған.
Атасы мұның малды деп,
Қызының беті қанды деп,
Қарадан сұлу таңдаған.
Күндердің күні болғанда,
Олардан асыл болмаған (Байтоқ жырау).(Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). 2 томдық (Құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы, 1991. – Т. 1.44,91,24,63-64,90, 100-б.,Тәжімұратов М. Шәңгерей. А., 1998.83-б.).

Хан тұқымын қастерлегенде, қазақ жырауларының ойынша, ел бірлігін сақтар, халқына қалтқысыз қызмет етер ел ұстарлары тексолардан шығады. Сондықтан олар тұқымы жағынан да таза болуға тиіс. Болашақта елбилейтін текті тұқым жойылса, оның соңы – жатжұрттың жетегінде кетіп, илеуіне көнумен аяқталады. Билеушісітексіз елде бірлікте, берекетте жоқ әрі оның келешегі күмәнді. Ал асыл текті ақсүйек әулеттің «тексізденуі» - қарамен ілік-шатыстыққа байланысты. Елдің іштен іруі тексіз жандардың ел билігін қолына ұстауы деп түсінеді халық. Ата-бабасынан асылдық үзілмеген текті тұқым ел басқарғанда ғана қараша халықтың түтіні түзу болмақ. Осындайда ел аузындағы бір аңыз еске түседі: «Баяғыда бір кедейдің қызы ақсүйек әулетке тұрмысқа шығыпты. Өзінің тегін жасырған қыз кедейшілікте өскенімен ешқандай сыр бермеген екен. Күндестері қанша аңдыса да қылығынан қателік кетпепті. Сөйтсе бір күні әлгі келіншек аспазшы әйелге «бақайшақты тастама, бас бармақтай майы бар» деп қалыпты. Осы сөзінен барып жұрт оның кедей әулеттен шыққанын біліп қалыпты» дейді. Әйтпесе байдың қызы бақайшақ түгілі, жіліктің де ішкі майына үңіле қоймас. Аңыздың астары қандай сәтте де қанмен берілетін асыл қасиет пен ол өскен әлеуметтік орта, әу-бастан текті жаралған жанды ұсақ-түйек, майда-шүйдеге мойын бұрғызбай асқақ та абыройлы hәм ірі істерге бастайтынын айшықтайды.

«Күң өз қожайынын туады, бұл қияметтің белгісі». Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуіне байланысты шаруашылық қатынастардың өзгеруі қазақтар арасында ірі саудалық және өсімқорлық істермен айналысқан бірсыпыра бай-феодалдардың пайда болуына әкелді. Сөйтіп, қарастырылып отырған кезеңде «бай» деген ұғымның сипаты өзгере бастады. XIX ғасырдың I жартысындағы қазақтардың әлеуметтік қатынастарын жан-жақты саралаған талантты тарихшы Е.Бекмаханов қазақ қоғамында жеті атасынан бақ-дәулет үзілмеген текті шонжарлардың рөлі, кейін қоң жинаған байлардан жоғары тұрғанын «Қалыңдықтың әкесі бай болса да, тексіздің қызын алма» деген мақалмен дәйектесе (Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, «Санат», 1994.108-б.), бодау заманда бұрынғы беделінен айрыла бастаған қазақ байының болмысын Хакім Абай: «Жасаулы деп, малды деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар // Ата-ананың қызынан ғапыл қалма» деген жолдармен тиянақтайды. Демек, байдың да байы бар, барлық мәселе сонда.

Сайып келгенде, тектінің қарамен некелесуінен сақтанған қазақ мырзаның күңіне абайсызда аяқ салуынан өсетін ұрпақтың қасиетті болатынына күмәнмен қарап, тұқым тексізденеді деп санаған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Жебірейілден (ғ.с.) қиямет сағаты жөнінде сұрағанында ол: «Күң өз қожайынын туады, бұл қияметтің белгісі» деген. Бұл хадисті тәпсірлеушілер, «қияметке жақындағанда ертеде күңнен туғандардың ұрпағы ел басқарар патша дәрежесіне дейін көтеріледі, ал аналары сол патшалардың қол астында болады», -дейді. Қазақ эпостарында күңнен туған баланың сұрқия, залым,

зұлым болатыны баса көрсетіліп, нәтижесінде тексіз ұрпақтың қоғамға қаншалықты қауіпті екендігі анықтала түседі. Тарихи деректерге иек артсақ, мемлекеттік деңгейдегі дипломатиялық қатынастарда да еуропалық хаттама бойынша мұндай мәселеге аса сақтықпен қараған. Осы орайда, Кіші жүз ханы Әбілқайырдың қалмақ күнінен туған баласы Шыңғысты Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюевтің заңсыз деп аманатқа алмағандығын еске түсірген жөн.

Қалай болғанда да халқымыз «тегі таза», «жатыны асыл», «тұнығы лайланбаған» қос бұрымды хас сұлуларымызды пәк сақтауды мұрат тұтқан. Қазақта *Қызды ауыл – көңілді; Өсектен сау сонау қыз, шайқалмаған сары уыз; Сыпайы қыз сұлу көрінер, Қызға қырық үйден тиым, қырық үйден қарауыл* дейтін ұлағатты ұстаным бар. Қыз баланың абыройын теңдесі жоқ бағалы дүниеге балаған қазақ халқы оны көздің қарашығындай қорғаған. Баға жетпес асыл қазынасын сұқ көзден сақтаған. Бұдан ұғатынымыз, таза жатырда ғана таза ұрпақ өсіп жетілетіні ұлтымыздың сүйегіне терең сіңген-ді. Мұны қазақтың қара өлеңіндегі:

Өр қазақтың тұяғы,
Күлдір күлдір күлдір де,
Күлкіні басқа ілдір ме,
Алланың нұрын аңсасаң,
Кірпиязыңды кірлетіп,
Көрпеңе күнə сіңдірме.
Хауа Ананың жалғасы,
Болмысыңнан бүтін ең,
Бес күндікке түтілмен,
Абыройыңды үркітсең,
Шошынбай ма ұрпағың,
Омырауыңның сүтінен, - деген жолдармен негіздеуге болады.

Ғылымда асыл тұқымды қаншық көшедегі бұралқы итпен шағылысып қойса болғаны, ешқашан да текті төбет күшіктей алмайтындығы, сол секілді тексіз құс асыл текті аналық кептерге жақындасып, кейін аналық кептерді хас тектінің өзімен шағылыстырса да, қанаты әлсіз, түсі бөлек әлжуаз балапан басып шығаратыны дәлелденген (Дүйсен Қ. Елін ойлар текті ұл тусын десек...// Дарабоз,2009.№10. 69-71-б.). Демек, бұлақ басынан тұнық ақпаса, одан тазалықты талап етудің қажеті жоқ. Адалдық пен тазалыққа қылау түсірмеген саф алтындай мөлдірліктің астарында тектілік жатыр. Ит тиген арам аста еш қадір болмайтындығын саралаған қазақ халқы *«ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле»* деген сөзді бекер айтпаған. Мұның бәрі жарық дүниеге жақұт қасиетті жоғалтпаған асылдың сынығындай текті ұрпақ әкелу мақсатымен байланысып жатыр.

Тобықтай түйін. Біздің бұл шағын мақаламыз дәстүрлі қазақ қоғамындағы тамырын тереңнен алатын тектілік феноменін тәптіштеп һəм тарқатып жазуды көтермейді. Жоғарыда келтірілген деректер мен дәйектерден ата-бабаларымыздың өз ұрпағының текті де мықты болуын аңсағандығын ұға түскендейміз. Шынында да ұлан-ғайыр даланы ұстап қалатын кейінгі толқын осал болмауға тиісті.

Қай кезде де тектілік қазақ үшін аяулы, қастерлі ұғым және осы бір ұлы қасиеттің табиғатын терең танып-білу тынымсыз, ұзақ ізденістерді қажет етеді.Дәстүрлі ұлттық мәдениетті және оның дүниетанымдық әмбебаптығын зерттеуде, қазақ халқының дүниеге көзқарасын айшықтауда – тектілік феноменіне терең зерттеу жүргізу үлкен маңызға ие.Тектілік туралы толғаныс терең парасатпен, кемел байыптылықпен ортаға салатын мәселе.Тектілік тағылымын терең зерттеп, терең меңгеруіміз қажет. Түйіп айтсақ, жеті ата, құда түсу, қалың мал, әмеңгерлік, полигамия институтының астарында тектілік феномені жатыр. Тектілік ғасырлар бойы жинақталған халықтық тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы мен негізгі нәрі.

Қорыта айтқанда, тектілік феномені – қазақтың теңдесі жоқ даналық мектебі. Тектілік қасиет – қазақтың қасиеті. Тектінің тұяғы – қазақтың тұяғы. Тектілік тарихы – қазақтың тарихы. Ақын Сабыр Адайды сәл өзгертіп айтылған «Әр қазақ – менің асылым» деген ұлағатты сөз, «Мәңгілік ел» болуға ұмтылған ұлтымыздың ұстанымы мен ұранына айналып, тектілік феномені тәуелсіздік тұсында кекілі мен тұлымшағы желбіреген жас өскіннің жаңа ұлттық тарихи санасын қалыптастыру мақсатында мемлекеттік деңгейде үздіксіз насихатталуы керек.

ӘОЖ 94(574)

ҰЛТ БОЛМЫСЫНЫҢ ТЕРЕҢ РУХАНИ ТАМЫРЫ – ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН КИЕЛІ ОРЫНДАР

А.С.Байболсынова
«Қазақстан Республикасы тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Г. Жалғасова
магистрант

Тарих қашанда сабақтастығымен құнды. Дәлірек айтқанда, кешегі бүгінге, бүгінгі ертеңге қалар шежіре. Себебі өркениетті адамзат өз елінің өткенін еске алуды қашанда өзіне парыз деп санайды.Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қоғамдық сананы жаңғыртатын ауқымды істерге жол ашып беріп отыр.

Қазіргі қолға алынып отырған Рухани жаңғыру бағдарламасы Қазақстанның мүлдем жаңа сипаттағы буынын қалыптастыратын бірегей жоба. Мұнда әрбір отандасымыздың –Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Ұлы дала елінің азаматтарының заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, эволюциялық дамуды жақтайтын, ашық, саналы ұрпақ болуы керек екені аталып көрсетілген. Міне осындай ұрпақты тәрбиелеу жолында рухани байлықтың басты көзі болып табылатын мәдени тарихи мұраларымызды танытуда ерекше міндеттер жүктеліп отыр. Осы міндеттерді жүзеге асыруды әрқайсымыз өз өлкеміздің тарихын таразылаудан бастағанымыз жөн. Ал біздің өлкенің, Ақ Жайық өңірінің тарихы туралы баяндайтын тарихи ескерткіштер мен киелі орындар қазақ халқының мәдениетінің жауһарына айналған жәдігерлер.

Бүгінгі таңда сол бағытта «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» Тұжырымдамасының жобасы жасалып, іске қосылды. Бұл тізімге әуелі Ақ Жайық өңірінен екі нысан – ортағасырлық Жайық қаласы мен «Бөкей Ордасы» тарихи музей-кешені енгені хабарланды. Кейін арнайы іссапармен Ақжайық өңіріне келген «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы мамандары облыс аудандарын аралап, тарихи орындарын көрді. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі және тарихи ескерткіштерді қорғаумен айналысатын облыстық мемлекеттік инспекция ұсынған тізімге сәйкес тарихи ескерткіштермен, өңірдің киелі жерлерімен танысты. Осы сапардың қорытынды нәтижесінде Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары тізіміне Ақжайық өңірінен тағы 5 нысан қосылды. Егер олардың әрқайсысына нақтырақ тоқтайық.

Бірінші киелі жер -Ортағасырлық Жайық қалашығы деп аталады.Ортағасырлық Жайық қалашығы 2001 жылы табылды. Ол Орал қаласының оңтүстік-батысынан 12 шақырым қашықтықта, Желтау биігінің Жайық өзеніне қарай еңкейген тұсында орналасқан. Қалашықтың 50 га дейінгі, ал некропольдің 300 га-ға дейінгі аудандары сақталған. Бірқабатты. Қалашықтың өмір сүрген уақыты XIII ғасырмен XV ғасырдың бірінші жартысы. Қазба жұмыстары кезінде төмендегідей нысандар табылды: кірпіш

күйдіретін пеш, шығыс моншасы, 3 тұрғын-үй жайы, 2 кесене және басқа да құрылыс орындары.

Ашылған орта ғасырлық Жайық қалашығының маңызы, бұл қазіргі Орал қаласының орнында қала мәдениетінің болғанын нақты дәлелдейтіндігінде. Демек Жайық қалашығы XIV ғ. бірінші жартысында, Өзбек (1313-1339 жж.) пен Жәнібек (1312-1357 жж.) хандардың билігі кезінде пайда болса керек. Бұл кезеңдер Алтын Орданың ең дамыған және қала мәдениетінің гүлденген кезі болып табылады. Бұл қала Сарайшық сияқты маңызы жоғары ортағасырлық өркениетті қалалардың бірі болған.

Бүгінде Жайық қалашығының өндіріс мен қолөнері дамыған орталық болғанын археологиялық зерттеу нәтижелері нақты дәлелдермен көрсетіп отыр. Сондықтан ғалымдар табылған Жайық қалашығын қазіргі Орал қаласының ізашары санайды.

2012 жылы Батыс Қазақстан Тарих және археология орталығы осы орында аспан астындағы музей ашу жұмыстарын көтерді. Қазіргі таңда бұл жер мемлекет қорғауына алынды, болашақта көне қала аумағы ашық аспан астындағы музейге айналады деп жоспарлануда.

Екіншісі, «Бөкей Ордасы» тарихи-музей кешені. Батыс Қазақстан облысы орталығынан 550 шақырым қашықта жатқан Хан ордасы ауылы – 1801 жылы құрылған Ішкі Бөкей ордасының астанасы, іргетасын хан Жәңгір 1826 жылы қалаған елді мекен. Бұл жерде XIX-XX ғасырға жататын көптеген ғимарат – Жәңгір мектебі, қазынашылық үйі, баспахана т.б. 60-тан астам тарих және мәдениет ескерткіштері сақталған. Мұнда Жәңгір хан, Құрманғазы, Дина Нұрпейісова, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы туралы тарихпен, Нарын құмы мен қарағайлы орманымен таныса алады .

«Ашық аспан астындағы музей» атанған кешен құрамында бүгінгі күні он үш ғимарат және Жәңгір хан, күйші-композитор Дәулеткерей, ғалым-этнограф Мұхамед Салық Бабажановтардың кесенелері құрайтын пантеон бар. «Хан қорымындағы» 500-ден астам көне құлпытастарды зерттеп, кітапқа енгізу жоспарлануда.

Үшінші киелі орын - Алтын ханшайым табылған Теректі ауданындағы Тақсай обасы.Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы Долинное елді мекенінің маңында Тақсай деген жер бар. Бөрлінің жолында. Орал қаласынан 80 шақырым жерде.

2012 жылы бұл жерде 4 оба кешені бар екені анықталды. Сөйтіп «Таксай оба кешені»-деген шартты атауға ие болған археологиялық қазба жұмыстары басталады. Оған БҚО тарих және археология орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н.Сыдықов жетекшілік жасады. Қазба жұмыстарын осы орталықтың ғылыми қызметкері Я.Лұқпанова басқарған отряд жүргізді. Таксай обасынан ежелгі сармат кезеңіне жататын ақсүйек бай әйелдің жерленген орны табылды. Қабірден әйел адамның алтын әшекей бұйымдары, ерекше шошақ төбелі алтындаған бас киім қалдығы, соғыс көрінісі бейнеленген тарақша, алтын алқа, жұмыр білезік,алтын жапсырмалар т.б жалпы салмағы 3келіге жуық көптеген алтын бұйымдар алынды.Таксай кешенінен алынған бұл артефактердің алғашқы зерттеу жұмыстары БҚО тарих және археология орталығы базасында жүргізілді. Содан соң Алматы қаласындағы «Остров Крым» ғылыми-қайта қалпына келтіру шеберханасы мамандары орталық ғалымдарымен бірлесе отырып, алтын әйелдің қайта қалпына келтіру скульптурасы жасалды. Ғалымдардың пайымдауынша Тақсай1 оба кешенінен табылған «Алтын әйел» қабірін шамамен б.д.д.VI ғ. соңы мен Үғ.ортасы деп жорамалдап, ежелгі сармат кезеңіне жатқызуға болады. Тақсай қорғанынан табылған ақсүйек сармат әйелінің қабірі отандық археология ғылымындағы зор табыстың бірі болып саналады. Қазіргі таңда «Тақсай ханшайымы-Алтын ханшайым» деген атты иеленген бұл ескерткіш жәдігердің түпнұсқасы Ұлттық музейде сақтаулы тұр.

Облысымыздың төртінші киелі орны- көпшілік барып тәу ететін Дәдем атақорымы.Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып қалып отырған, мәдени мұралардың бірі - Самара-Шымкент күре жолының бойында, Орал қаласынан

Жымпитыға қарай 80 шақырымдай шыққанда кездесетін әулие Жұмағазы хазірет қорымы. Хазірет - діни білімі жоғары адамға берілетін мәртебе, діни лауазым болған.

Жұмағазы хазіретті жергілікті халық «Дәдем-ата» атап кеткен. Бір өкініштісі, Жұмағазы хазіреттің қай кезде өмір сүргені жөнінде нақты деректер жоқ. (Кейбір деректерде ол XIXғ. басында өмір сүрген адам екені аталған) Ақиқаты, ол туып өскен жер Жалпақтал ауданы, шыққан тегі тама руынан екендігі. Жергілікті шежіреші Ким Ахметов «Жетіру шежіресі (тама, табын және кердері рулары)» атты кітабында, Төлектен Мәтен, Мәтеннен Тантем, Тантемнен Тәңке, Тәңкеден Жұмағазы хазірет деп, оның шежіресін осылайша таратады.

Жұмағазы хазірет жас кезінде біраз жыл Түркістан қаласында, Әзіреті Сұлтан Қожа Ахмет Йассауи мешітінде білім алған әрі қызметте болған, көптеген философиялық трактаттар жазып қалдырған. Алайда, кешегі аласапыранда жоғалып кеткен. Ел аузында Жұмағазы хазіреттің қасиеті, ерек тылсым күші туралы аңыздар толып жатыр.Жұмағали хазірет өзі мекен еткен өңірде дүние салған. Артында қалған қауым атаның әруағын сыйлап, басына мазар орнатқан. Кейіннен жергілікті халық атаның басына арнайы келіп тәуеп етуді дәстүрге айналдырды.

Осы күндері оның жатқан жері - Қараоба Бұланы келім-кетімнен арылмайды. Ерекше қасиетіне сенген ұрпақтары оның аруағына табынады. Бүгінде «Дәдем ата» жеке қоры құрылып, ол ресми тіркеліп, зиярат орнында мешіт, қонақ үй салынған. Алыс-жақыннан әулиенің басына арнайы зиярат етіп, түнеуге келгендер де жетіп артылады. Бүгінде «Дәдем ата» қоры ата басында ас берулер ұйымдастырып, әр түрлі тағылымды шаралар өткізуді қолға алуда.

Бесінші киелі жер- Ғұмар Қараш бейіті.Ғұмар Қараш (1875-1921) – қазақтың көрнекті ақыны, ағартушы-ойшыл, философ, «Алаш» партиясын қолдаған қоғам және дін қайраткері. Оның бейіті атамекені Борсы елді мекені, Қараш көлінің маңында, Жәнібек ауданы Талов ауылдық округі аумағында орналасқан.

Бірнеше тілді жетік біліп, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзде қазақ елінің көкейкесті мәселелері хақында үзбей ой толғаған қаламгердің 1910-1918 жылдары Қазан, Уфа, Орынбор қалаларынан «Ойға келген пікірлерім», «Бала Тұлпар», «Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Бәдел-хажы», «Аға Тұлпар», «Тұрымтай» сияқты өлең кітаптары мен прозалық-философиялық толғаныстары жарық көрді. Сол кезеңде қазақтан осынша жинақ шығарған Ғұмар Қараш қана. Сонымен қатар ел аузында жүрген ақын, жыраулар мұрасын, эпостық жырларды жинап, жариялады.

Ақын 1921 жылы 12 сәуірде ақтардың қолымен Құнаншапқан деген жерде азаппен өлтірілді.

Ғұмартанушы-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Мақсат Тәж-Мұраттың айтуынша, Ғұмар Қараштың денесі нақты қай жерде жерленгені анықталмаған. Негізін зерттеуші-ғалым Мұстафа Ысмағұлов жасаған жазбаша деректерде (соның ішінде Қазақ кеңес энциклопедиясында да) «ақын зираты Жәнібек ауданының аумағындағы Құнаншапқанда» деп көрсетілген.

Ғұмар Қараш бейіті бүгінгі таңда үлкен-кіші бірдей тағзым ететін қасиетті орынға айналды. Сондай-ақ Ғ. Қараш есімі Орал қаласы мен Жәнібек ауылындағы көшелерге, Қазталов ауданындағы Қараоба мектеп-гимназиясына берілген. Жәнібекте мүсіні орнатылған.

Алтыншысы, Жымпиты – Күнбатыс Алашорда астанасы.Қазіргі Сырым ауданы орталығы Жымпиты ауылы – XX ғасырдың басында Алашорданың батыс бөлімінің астанасы болған. Мұнда Алаш тарихымен байланысты бірнеше ғимараттар күні бүгінге дейін сақталған. Олар: Күнбатыс Алашорданың кеңсесі, екіншісі – XIX ғасырға тиесілі мұсылмандар мешіті мен үшіншісі, алғашқы қазақ дәрігерлері еңбек еткен лазарет.

Бүгінгі жастар бізге Тәуелсіздік қалай келді? Оны бізге кім алып берді?, Тәуелсіздік үшін кімдер күресті?, шыбын жанын кімдер қиды?,–деген сауалдарға тереңірек жауапты осы Жымпиты елді мекенінен табуларына болады десем артық

айтқандық болмас. Өйткені 1917 жылы «Азаттық жасасын!» деп жасыл ту тігіп, Алаш арыстарының анттасқан жері осы. Сондықтан Жымпитыдағы Алаш арыстары үйін қазақ тәуелсіздігінің бас тарихи ғимараты деп есептеуге болады. Себебі жазушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбайдың мәліметінше, Семейдегі, Торғайдағы осындай тарихи үйлер жойылып кеткен. Сақталғаны – Жымпитыдағы ғимарат қана.

Сонымен БҚО бойынша жетінші киелі орын: қазақтың әйгілі күйші композиторы, төре күйлерінің негізін қалыптастырушы ДәулеткерейШығайұлының кесенесі. Дәулеткерей төре күйлерінің дәстүрін біржолата орнықтырып, төре тартысты тұтас бір мектеп ете алған адам. Сондықтан да болар, Дәулеткерейді академик А.Жұбанов «төре күйлерінің атасы» дейді. Егер, дүние шіркіннің дидарында осынау фәни жалғанға жылап келіп, жылап кететін адамның көңілін жұбататын, жүрегін жылытатын, санасын сергітетін бір құбылыс болса, ол Дәулеткерейдің күйлері. Ұлы күйші қиын заманның қасірет қамауына тап болған бейбақ халқын домбырасымен жұбатқан.

ҚР мәдениет және спорт министрлігі және ҚР Ұлттық музейі мен «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен шарада үш кітаптың таныстырылымы болды.Бірінші – «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» деп аталатын кітапүш тілде 1000 данадан басылған. Онда тізімге енген 185 киелі нысан енгізілсе, Екінші – «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары» кітабы екі тілде жарық көрді. Бұл еңбек арнайы жүргізілген экспедиция нәтижесінде еліміздің өңірлік нысандарын аралап, тарихымен танысып, бүгінгі жағдайын, маңызын көзбен көріп, жете танысу арқылы дайындалды. Кітапқа 500 жуық нысан енгізілген.Міне, осы кітаптар тізіміне біздің өлкеден тағы да бір нысан киелі жерлер қатарына қосылды.

Қазіргі кезде болашақ үшін мәдени мұраны сақтау және ұлттық құндылықтарды көрсетуге, жас ұрпаққа өткен тарихқа құрметпен қарап, халқымыздың ғасырлар бойы қастерлеп келе жатырған салт-дәстүрлерін насихаттау арқылы ұлттар сабақтастығын жалғастыру мәселелері қойылып отыр.

Осыған орай ел тарихын түгендеуге арналған тағы бір үлкен жоба осы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы. Солардың бірі «Аудандар тарихы»,« Редкие книги в цифровом формате», « Ата жұртқа саяхат- Путешествие по земле предков, «Батыс Қазақстан ескерткіштері-тарих айнасы іспеттес -Памятники Западного Казахстана – как зеркало истории» «Жайықтың киелі жерлері -Сакральные места ЗКО». Міне, Ақ Жайықтың тарихи құндылықтарын сақтап, осындай жобаларымен өңір ризашылығына бөленіп отырған БҚО әрқашанда ерекше рухани орда, құнды жәдігерлер әлемі болып қала берері сөзсіз. Сондықтан ұлт болмысының терең рухани тамыры болған мәдени мұраларымыз туралыәлі талай жобаларды жүзеге асырып, елдің, жердің тарихын білуге құмар, елді, жерді сүйетін, оны мақтан ететін жастарды тәрбиелеуге үлес қосарымыз анық.

ӘОЖ 323(574)

Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Л.С.Серікова
«Құқықтану» кафедрасының
меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Д.Ж.Танзенов
«Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері,
магистр-оқытушы

Халқымыздың 1991 жылы тәуелсіз Қазақстан атты мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі бүгінде қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, рухани құндылығын сақтап, келер ұрпаққа жеткізе білу де соншалықты маңызды. Өйткені, руханият - ұлттың жады. Танымды тарихы мен рухани құндылығы жадында жатталған ұлт қана ұлт ретінде сақталып, басқалармен қатар терезесі тең өмір сүре алады. Өткенін қастерлеген ұлт қана өткенінен тағылым алып, келешегіне зор сеніммен қарайды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміз үшін оңай болмағаны сөзсіз, алайда еліміз өзінің ұлттық тәуелсіздігіне қол жеткізе алды. Осынау қиын кезеңде Қазақстан енді өз аяғына жас мемлекет ретінде тұрғандағы – тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тұлғасы маңызды рөл атқарды. Қазіргі таңда тұлғатану ғылыми бағыты кең өріс алды, оның ең басты міндеті - тұлғаның өмірі мен қызметін жан-жақты бағалау. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың рухани, мәдени құндылықтарын сақтауына ерекше назар аударылды. Әр ұлт - әлемдік өркениеттің қазынасына өз үлесіне қосады.

Бүгінде тәуелсіз қазақ елінің тарихы жасалды десек те болады. Бірақ оны қазақ елінің басшысы, тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басқарған қызметінсіз, тәуелсіз ел тарихының парақтарын жазып шығу мүмкін де емес. Себебі, тарихтану процесінде ғылыми ұстанымдар мен көзқарастарды қайта қарау мен өркениеттілік пен жүйелілік тұрғысынан зерттеу мәселесі кәсіби тарихшылар арасында кеңінен талқылануда. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халқымыздың рухани мұрасының жинақталуына деген қамқорлығы, ұлттық егемендігіміздің алғашқы жылдарынан-ақ сезініп келеміз. Төмендегі қолға алынған шаралар соның айқын дәлелі бола алады [1].

1) 1997 жылы «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы»;

2) 1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы»;

3) 1999 жылы «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп аталынды. Бұл жылдар аралығында ұлттық тарихымыз бен рухани мұрамызды түгендеуге зор мән берілді және ол әр жылдарда жалғасын тапты.

2003 жылы Қазақстан халқына кезекті Жолдауында Елбасымыз бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдау керектігін жариялады. Бағдарлама жүзеге асырылған 2004-2011 жылдар аралығында жақын және алыс шетелдерге ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, ғылыми ортаға бұрын белгісіз болып келген Қазақстанның төл тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген мұралар табылды.

Тәуелсіздік арқасында ұлттық сананың оянып, ұлттың өз тілін, өз тарихын іздей бастағандығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Ұлттың өзін-өзі тануға ұмтылысы, яғни шынайы рухани мұрасына деген ұлттық сұраныстың пайда болуы тарихи деректерді іздестіру, табу, жинау, жүйелеу және жариялау қажеттілігін тудырды.

Елбасы мақаласы аясында шетел мұрағат қорлары мен ғылыми кітапханаларынан ел тарихына қатысты құжаттарды елге алып келудің мол мүмкіндік туды. Атап айтсақ, Европаның Ватиканның құпия мұрағаты қорларынан қазақ даласындғы көшпелілер тарихына, ғұндар тарихына «Атилла» патша жайлы деректер т.б.

XVIII-XIX ғасырларға қатысты орыс, қытай деректері көршілес Ресей, Қытай мемлекеттердің мұрағат қорларынан алынды.

Тарихи тұлғалар қоғамдық-саяси қызметіне қатысты деректер: *Мысалы,* М.Шоқайдың бай мұрасы туралы көптеген құжаттар Францияның Француз ұлттық кітапханасы, Шетел тілдері және шет ел өркениеті институты кітапханасы қорынан (INALCO BULAK) табуға болады. Сонымен қатар, өткен ғасырларда біздің даламызғаарнайы тапсырма бойынша саяхаттап келген европалық саяхатшылардың жеке қорларын зерттеу барысында біздің өлкемізге қатысты көптеген мұраларды кездестіруге болады. Мысалы, Генри Мозер, Армений Вамбери, Джон Кэстл т.б. жеке қорларын әлі де болса қарап, зерттеу жұмыстарын жүргізу талап етіледі.

Елбасымыздың «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» - деген тұжырым жасады. Міне, осыған орай, Президенттің тапсырмасы мен ұлттық болмысымызға қамқорлығы арқасында айтарлықтай мемлекет тарапынан бағдарламалар қабылданып іске асырылды.

Әрбір мемлекет алдымен өзінің ұлттық мүддесін қорғайды десек, демек рухани құндылықтарымызды қайта жаңғыртуға, түлетуге кез жетті. Осылар арқылы ғана жаһандану кезеңінде тәуелсіздікті баянды ете аламыз.

Осы орайда Елбасының көрегенділігі арқасында рухани мәдениетімізді, ұлттық тарихымызды жаңғыртуға көптеген бағдарламалар қабылданды [2].

2017 жылдың 12 сәуірінде Қазақстан халқына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаласында айтылған ойлар мен іске асыруы керек жобалардың өздерінен халқымыздың қайта жаңғыруына қосқан үлесі екенін айтуымыз қажет.

Бұл бағдарламаның да негізі - Қазақстанның рухани саласын қайта сапалы жаңаруды жүзеге асыруға жағдай жасауды, ұлттық тарихымыздың көкжиегін нығайту, ұлттық жаңа дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Бұл бағдарлама Қазақстанның тарих ғылымына сапалық жаңару әкелетіні сөзсіз.

Қай заманды алсаңыз да, тарих - халықтың ұлттық санасын қалыптастыру, мемлекеттік идеологияны насихаттау, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу қызметін атқарған [3].

Бәріңізге мәлім кешегі 2018 жылдың 21 қараша күні Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы ретінде «Ұлы даланың жеті қыры» атты Бағдарламалық мақаласыда келтірілген ойлар мен жобаларды жүзеге асыру арқылы халқымыздың рухани мұрасы толығады деп есептейміз.

Қазақстанды қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, өркендеу жолындағы, жыл сайынғы өрлеу бағытындағы мемлекетке айналдыруда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тек тарихи танымды көтеруі ғана емес, әлемдегі татулық пен келісімді сақтау, жаһандану кезіндегі эконмика саласында да атқарған істері жетерлік. Бұның өзі де еліміздегі мемлекет тізгінінің сенімді қолда екендігін еліміз ғана емес басқа елдерге де мойындатуды білдірді. Осылайша, Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет болып құрылды, оның халықаралық аренада, әлемдік саясаттың ықпалды және беделді қатысушысы ретінде, жаһандық әлемдік шаруашылық байланыстарда маңызды рөл атқаратын ел ретінде өз келбеті мен тәртіп стилі бар.

Елбасының «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық» деуінде үлкен мән жатыр. Өйткені, татулық пен бірлікті насихаттап қана қоймай, соның үлгісі болып келе жатқан Қазақстан – әлем тыныштығының тілекшісі. Тәуелсіз еліміздің өркениетті даму

жолындағы ұлан-ғайыр ізденістері мен ұлы істері іргемізді бекітіп, керегемізді кеңейте түсуде. Табалдырығымыз тастай берік, маңдайшамыз көтеріңкі. Осының арқасында әр күнімізді бағалайтын салауатты өмірге жеттік. Қалың елі барын базарлап, бағы мен бақытын бөлісіп жататын Қазақстанның тіккен байрағы мен көтерген шаңырағы әлем елдері арасында жамандықтан аман-есен келе жатыр. Неге десеңіз, қазақтың бағына туған Елбасымыздай нар тұлға өмірдің небір жауапты кезеңдерінен елімізді биік дәрежеде алып өтіп келеді[4].

XX ғасыр басындағы саяси элитаның арманына айналған тәуелсіз Қазақстанның көпжақты саясатын Елбасымыз 28 жылдан астам шебер атқарып келеді.Тәуелсіз Қазақстанның саяси және экономикалық, мәдени даму үрдістерінің қарыштап қадам басуының қарқындылығын әлем мойындап отырғаны белгілі, Елбасының қазіргі таңдағы басты міндеттердің бірі ретінде рухани жаңғырудың бағдарламасын ұсынуы уақыт талабы болып отыр. Ендігі міндет – Ел болып, Ұлт болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында белгіленген бағдарламалық ұстанымдарды жүзеге асыруда ірілік танытқанымыз дұрыс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев.Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана, 2007. 375 б.
2. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан газеті 2012 жыл 10 шілде.
3. Н. Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, Егемен Қазақстан №70(29051) 12 сәуір, 2017 жыл.
4. Н. Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы, Егемен Қазақстан 21 қараша, 2018 жыл.

ӘОЖ 323(574)

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН ПРАГМАТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

А.Ш.Журасова
«Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуындағы әрбір жыл қазақстандық білім беруде жаңа өзгерістерге ықпал етіп отырады. Бүгін білім беру саласының барлық мәселелері мен мақсаттары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырумен байланысты. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды. Сана-сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған. Қоғамдық сананы жаңғыртудың бағыттары тәрбиелеудің түпкі мақсатын бағалаудың инновациялық критерийлері жүйесін қолданудың, тәрбие кеңістігін ғылыми ұйымдастырудың серпінін көрсетеді. Дәл осы тәрбиелік іс-шара мектеп оқушыларына тек педагогикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік фактор ретінде әсер етеді, өйткені, олардың өзара әрекеттесуін, жас ерекшеліктері мен шығармашылық әлеуетін ескерумен шынайы мәнді процестердің қосылуын арттыра түседі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының базалық бағыттары жүзеге асырылады.

Бәсекелес тұлғаны – елді сүйетін, оның өркендеуіне еңбек ететін, туған ауылына, мектебіне көмек көрсететін, халқына қызмет ететін азаматты қалыптастыру үшін қоғамға өз қызметін бағыттау қажет. Сонда ғана қоғамның сана-сезімі жаңалыққа бет бұрады.

Осы кезге дейін білім саласында басты мақсат оқушыға нақты білім, ғылым негіздерін оқыту болса, қазір елжандылыққа, адамгершілігі рухани жағынан қалыптасқан, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот етіп тәрбиелеу басты мәселе болып отыр.

Сондықтан да «Рухани жаңғыру» критерийлері бойынша білім беру ұйымдарында жоспарланатын тәрбиелік іс-шаралар үш деңгей бойынша оқушылардың дамуымен теңдестіріледі. Бірінші деңгей – мектеп оқушыларының әлеуметтік білім алуы және әлеуметтік шынайылық мен күнделікті өмірді алғаш түсінуі.

Екінші деңгей – мектеп оқушыларының қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) жанашырлық және позитивті қарым-қатынас тәжірибесіне ие болу, жалпы әлеуметтік шынайылылыққа деген құнды қарым-қатынас.

Үшінші деңгей – білім алушылардың өз бетінше қоғамдық іс-әрекет тәжірибесіне ие болуы.

Мұның өзі еліміздің болашағы қандай болатыны балаларымыздың бойына қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев: «Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес» деген болатын. Ендеше, жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту – заман талабы[1].

Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы.

Ғаламдану жағдайында этникалық және ұлттық болмысты сақтау мақсатындағы қозғалыстар күшейіп отырған кезде ұлтаралық қатынастарды реттеуде ұлттың тарихи –жады, санасының орны бөлек. Сананың қалыптасуы мен дамуында ұлттық идея өзіндік орын алады. Елбасы айқындап бергендей: «... ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» [1].

Ұлттық-мемлекеттік идея – саясат пен мәдениеттің дәнекері. Мемлекетті мекендейтін барлық этностық топтарды біріктіре алатын, азаматтық қоғамды бағыттап, басқара алатын жүйелі ілімді мемлекеттік идея деп атаймыз. Ұлттық-мемлекеттік идея деген мықты күш, қару. Ұлттық-мемлекеттік идея демократия дәстүрлеріне негізделген жағдайда ол толерантты қоғамның әлеуметтік-саяси жағынан қарқынды дамуына жол ашады. «Бүгінгі басты ұлттық идея ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігінде жатыр» деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей ұлт бәсекелстігі ол ұлт сауаттылығы, тілі, діні, мәдениеті, өмір сүру деңгейімен өлшенеді. Сондықтан біз ең алдымен ұлттық идеяны жасаушы төл этнос пен оның қайнар көзі қазақ зиялы қауымы рухани жағынан мықты болуы қажет екенін түсінуіміз керек. Ол үшін мемлекет құраушы этносты демографиялық, әлеуметтік, рухани жағынан дамыту қажет. Сонда ғана қазақ халқы жаһандану үдерісіне төтеп бере алатын болады.

Елбасы өз мақаласында баса айтқан тағы бір мәселе, қазақ халқына ауадай қажет прагматизм. «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану –

мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады» [1]. Бұл мәселеде де білім алдыға шығады.

Сондықтан мемлекет пен ондағы тәрбие ұясы мектеп алдындағы мақсат пен мұрат өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі – тәрбие. Тәрбие –мәңгілік және адамзаттық құбылыс. Қазіргі заманның ең өзекті мәселесінің өзі жас ұрпаққа адамгершілік, рухани тәрбие беру. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп халық даналығында айтылғандай баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңдіріп, өз-өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар маңызды әрі шешуші роль атқаратыны сөзсіз.

Жалпы адамгершілік, рухани тәрбиенің теориялық мәселелері Әл Фараби, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев тағы басқаларының еңбектерінде кеңінен қолданыс тапқан. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің маржандары, сондықтан оларды ұрпақ санасына сіңіру, одан рухани-адамгершілік құндылықтарды алуға үйрету тәрбие мен отбасы міндеттері болып табылады.

«Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – деп елбасы мақаласында айтылғандай жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің ұрпағының тұғыры биік, іргесі берік болмақ. Неғұрлым тұтастыққа жету үшін елді айшықтап тұрған ұлттың танымдық, тәрбиелік маңызға бай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қажет. Кез келген халықты өзінің төлтума рухани құндылықтары мен ізгі қасиеттері ғана біріктіре алады. Елбасы мақалада осы ұстанымды айқын көрсетіп берді: «…Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады…Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу». Ұлттық кодты сақтау арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерімізді байытамыз.

Негізі философиялық, таным тұрғысынан алғанда рухани-адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаға белсенді ықпалын, екінші жағынан, тәрбиеленушілердің өзіндік белсенділігін көрсететін қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрініс табады. Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның моральдық қасиеттерін және өмірлік бағдарын қалыптастыруға жағдай жасайды. Сондықтан оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті де кезек күттірмес мәселе болып табылады. Адамгершіліктің қайнар бұлағы –халықтың өзінде, отбасында, олардың өнері мен тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында. Әр бала адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілік пен қоршаған ортадан қабылдап, өз бойына сіңіреді. Ұлы педагогтардың бірі В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала сондай бола алады» деп атап көрсеткендей балаға жан-жақты терең білім берумен қатар оның жүрегіне адамгершілік қасиеттерін де білім мен тәрбие арқылы ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз[2,92].

Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни өзінің жеке басының мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. Адамгершілік-рухани тәрбие балалардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда рухани-адамгершілік, азаматтық тәрбиенің басты өлшемдік көрсеткіштері бар. Олар:

Өзін-өзі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі;

Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы;

Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білуі; халықтың өткен тарихын білуі;

Қазақ халқының әдет-ғұрыптарын сақтау, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу қажеттігі болып табылады.

Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мектеп мұғалімінің басты мақсаты – өзіндік рухани-азаматтық, адамгершілік құндылықтарды оқушы бойына дарыта отырып, оның бойындағы рухани қазынаны жарыққа шығару, баланың жеке тұлға ретінде жетілуі үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Осы үш тұғырлы тәрбиенің сәтті жүзеге асуы үшін біз ең алдымен ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулуымыз керек.

Құқықтық тұрғыдан алғанда адамгершілік пен азаматтық негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескере отырып нақтыланады. Адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Баланы жақсы адамгершілік, азаматтық қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халық ежелден білген және оны ұрпақтарының есіне салып, мақал-мәтелдермен нақыштап отырған. Оның дәлелі «жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң –қаларсың ұятқа...», «Жаман дос жолдасын қалдырар жауға» деген мақалдар. Жалпы ұлттық кодты сақтау дегеніміз бүгінгі өркениетті, озық технологиялы, жаһандық ықпалдасудан, керек десеңіз, түрлі қауіп-қатерден қорғану жолы. Осы орайда ұлтымыздың белгілі ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Қасыңнан да, досыңнан да бірдей сақтан», – деген сөзі ойға оралады. Сақтанудың басы – өзіңе қатысты рухани құндылығыңды түгендеп, кейінгіге мұра етіп қалдыру[3,192].

Жас ұрпақтың бойында рухани құндылықты қалыптастырып, ұлттық мәдениет жетістіктерін санасына сіңіру арқылы ұлттық идеяны берік дамытуға және елдің болашағы – балалардың бойында прагматизмді қалыптасыруға болады. Сондықтан да уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатырған өзгерістер баланы тәрбиелеуді қазіргі заман талабына сай үйлесімді деңгейде қайта құру міндетін қояды. Ұлттық мәдениет қай кезеңде де рухани жаңғырудың бастауы болған. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру, дамуда алға ұмтылуға ықпал етер прагматизм де болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар // Егемен Қазақстан, 2017, 1 ақпан
2. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. М.,1974.-132 б.
3. Байтұрсынұлы, А. Бес томдық шығармалар жинағы.-Алматы:Алаш.-(Алаш мұрасы).Т.4:Әліппелер мен мақалалар жинағы.-2006.- 320 б.

ӘОЖ 323(574)

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒЫТЫНДАҒЫ ІЗГІЛІКТІ ІЗДЕНІСТЕРДІҢ ҚАРЫМДЫ ҚАДАМДАРЫ

Танзенов Д.Ж.
«Рухани жаңғыру» институтының
ғылыми қызметкері, магистр-оқытушы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Рухани жаңғыру» институты 2017 жылдың қыркүйек айынан бері жұмыс жасайды. «Рухани жаңғыру» институтының мақсаты– Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарлама-лық мақалаларындағы негізгі бағыттар қатысты кешенді жоспарлы жұмыстар жүргізу.Ол, әрине, студент-жастар ортасында патриотизмді, рухани құнды-лықтарды, жеке адами қасиеттерді насихаттап, осы тұрғыда кешенді жұмыс-тарды атқару. Сондықтан көптеген ғылыми, танымдық және тәрбиелік шара-лар осыған бағытталады.

Бүгінгі таңда«Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай оқу орнымызда арнайы тұжырымдама дайындалып, негізгі бағыттар бойынша жоспарлы іс-шаралар айқындалған «Жол картасы» қабылданған. Бұл ретте БҚМУ-да көлемді ақпараттық, ағартушылық қызметтер кешені атқарылуда. Ай сайын білім ордасында арнайы медиа-жоспарлар, әрбір айға жоспар дайындалып, сол медиа-жоспарлардың орындалуы, «Жол картасы» бойынша да тиісті тараптарға тұрақты есеп берілуде. Мәселен, осы уақытқа дейін бұқаралық ақпарат құралдарында университеттің профессор-оқытушылар құрамы, маги-странттар мен студенттердің қатысуымен 400-ден аса мақала, бағдарламалар мен сұхбаттар жарық көрсе,ғылыми-әдістемелік мақала соның ішінде 2017-2018 оқу жылында 19 монография жарық көрді. Ал 2019 жылдың алғашқы жарты жылында 9 монография жарық көреді деп жоспарланды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы оқу орнымыздың сайтындаорналастырылған. Фейсбук әлеуметтік желісінде бағ-дарламаға қатысты арнайы ақпарат пен атқарылған жұмыс жөніндегі мәлі-меттер тұрақты түрде таратылуда.Бәріңізге мәлім, өткен оқу жылында ар-найы «Рухани жаңғыру» мәжіліс залы жабдықталған болатын қазіргі таңда университеттің түрлі шаралары осы мәжіліс залында тұрақты түрде өтіп тұрады.

Бұл қоғамдық Жобаны іске асыруғылыми-әдістемелік және қолданбалы-тәжірибелік жағынан да қамтамасыз етілуі қажеттігі ескеріліп, универси-тетімізде әр деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үс-телдер, семинарлар және тағы басқа ғылыми-әдістемелік шаралар ұйымдас-тырылуда. Сонымен бірге, әлеуметтік жобалардың тиімділігін бағалауға сәй-кес студенттер арасында үнемі мониторинг жүргізілуде.

Бағдарламаға қарасты оздырылған істердің негізгі бағыттарының бірі – ол қазақ тіліндегі жазуды латын әліпбиіне көшіру жобасы бойынша жұмыс болды. Бұл тақырыпта арналған бірнеше конференциялар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастырылды, студент жастармен кездесулер өтті.Оқу орнымыздың лингвист-ғалымдары осы жобаның іске асуының ғылыми-әдістемелік жағынан қамтуға атсалысуда, арнайы семинарлар оздырылуда, әдістемелік құралдар дайындау қолға алынуда.2019 жылдың ақпан айының 27-і күні «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерін меңгертудің ғылыми-әдістемелік аспектілері»тақырыбындағы облыстық әдістемелік семинары жұмыстары өткізілді.

Келесі маңызды бағыт – ол «Туған жер» жобасы. Бұл жоба шеңберінде ғылыми және ғылыми-танымдық экспедициялардың да орны ерекше. Сондықтан да университетімізде бірнеше ғылыми-танымдық экспедициялар ұйымдастырылды.

2018 жылдың маусым айында «Қазақстанның жалпыұлттық 100 киелі нысаны» тізіміне енген, ортағасырлық Жайық қаласының аумағында доцент, т.ғ.к. М.Д.Қалменовтың басшылығыменШыңғырлау ауданы Сегізсай жерінде (бұрыңғы Лебедевка қорымы) археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттерден жасақталған экспедициялар «Туған жер» бағдарламасына сәйкес өлке тарихын зерттеу, тану және насихаттау мақсатында осы жылдың сәуір айының 23 күні тарихи-танымдық бағытта Сырым ауданына оқытушылар мен студенттерден құралған экспедиция ұйымдастырылды. Жаратылыстану-география факультетінің студенттері мен оқытушыларынан құрылған экспедиция маусым айында Орал-Нұр-Сұлтан – Павлодар-Баянауыл, Орал-Шымкент-Түркістан және Батыс Қазақстан облысы аудандарына экспедициялар жоспарлануда.

«Рухани жаңғыру»институтының ұйытқы болуыменүстіміздегі жылдың 1 ақпаннан бастап университетіміздің 1-4 курс студенттері арасында «Ауылым – алтын бесігім» атты эссе байқауы ұйымдастырылды. Эссе байқауының негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары негізінде және «Туған жер» арнайы жобасы аясында халқымыздың рухани құндылықтарын насихаттау болатын.Мақаланың жарық көргеніне 2 жыл толуына орай, 12 сәуірде аталмыш эссе байқауы қорытындыланды. Аталған мерзім аралығында71 эссе жұмысы түсті. Алайда жұмыстар тексеріліп, суырылып шыққан 10 жұмыс жүлделі орынға лайық деп саналды. Солардың қатарынан қазақ тілінде жазылған эсседен Бас жүлде жаратылыстану-география факультетінің 2-ші курс, Б-23 тобының студенті Анатолий Райымбекке бұйырды. Райымбектің жұмысында өзінің кіші Отаны саналатын Сырым ауданы, Бұлдырты ауылының кешегісі мен бүгінгі тыныс-тіршілігі, кескін-келбеті, топырағы киелі, суы бал татитын, тарихы тереңнен қозғалатын қасиетті мекенін суреттеп, кейін оны жыр шумақтарына қоса білген. Мұның өзі студенттің бойындағы өскен ауылына деген сүйіспеншілігінен туған шынайы сезімі басқа жұмыстардан артықшылығын көрсетті.

Жүлделі орындар келесі ретпен берілді:

I орын – Бақытжан Серіков, *«Филология» факультеті,Фил-11 топ*

II орын- Кулданова Мадина Есіркепқызы,*«Филология» факультеті,РЯЛ-12*

II орын – Бақытбаева Гүлбибі Сағынайқызы,*«Филология» факультеті,Фил-13*

III орын – Омарова Д. А., *М/у-13 Физика-математика факультеті*

III орын – Қисымова Алиса Құттыбайқызы,*Тарих, экономика және құқық факультеті, ЮР-19*

III орын – Ғимыранова Сағыныш Уәлитханқызы,*Тарих, экономика және құқық факультеті, ЮР-15*

II. Орыс тіліндегі эссе жұмысы келесі ретпен берілді. Алайда орыс тіліндегі эссе жұмыстарының ішінде қойылған талаптарға сай жоғары деңгейде жазылған жұмыстың болмауына байланысты бас жүлде берілмеді.

I орын – Құлымжан Айнара Нұрбайқызы, *«Құқықтану» мамандығының III кур студенті*

II орын – Мукашев Диас Қайратұлы,*«Филология» факультеті,РЯЛ-12*

III орын – Есенғазиева Арайлым Жасқайратқызы,*«Филология» факультеті,РЯЛ-12*

Ынталандыру сыйлығының иегерлеріне «Алғыс хат» беріледі.

1. Төлегенова Гүлсезім Талғатқызы, *Мәдениет және өнер факультеті,КДР-11-топ*
2. Нұрымбаева Айгүл Салауатқызы,*Жаратылыстану-география факультеті, Б-37-топ*

3. Құрақбаева Айкөркем, *Тарих, экономика жән құқық факультеті, Рег-11.*
4. Нұрланова Айжан Талғатқызы, *Жаратылыстану-география факультеті,Б-39-топ*
5. Бақытжанова Алтынай Қосыбайқызы, *«Филология» факультеті ҚТӘ/У-1*
6. Мақсотова Аягүл Құрмантайқызы, *Жаратылыстану-география факультеті, Б-11-топ*
7. Сұңғатова Ш. Р., *Жаратылыстану-география факультеті,Б – 37-топ*
8. Атаева Гүлхайё Миркалимқызы, *Жаратылыстану-география факультеті, Х-33-топ*
9. Мағазова Аида Ғұмарқызы, *Мәдениет және өнер факультеті,КДР-11-топ*
10. Сәкенова Гауһар, *Жаратылыстану-география факультеті, Б-22*

Елбасы мақаласының «Туған жер» жобасы аясында өз өлкемізді танып білу тұрғысында университетіміздің *«Тарих, экономика және құқық»* факультеті студенттерінің ұйымдастыруымен Орал қаласындағы тарихи орындарды студент жастардың арасында танып-білу мақсатында тарихи-танымдық «Квест» ойыны ұйымдастырылып өз мәресіне жетті. Осынау үлгілі шараны ұйымдастырып, белсенділік танытқан бірқатар студенттерАлғыс хаттармен марапатталды.

Қоғамдық шараларды ұштастыруда белсенділік танытқан студенттер:
1. Төреғалиева Аймира Радиковна, *Мен-32*
2. Оралбаева Ағынұр, *Юр-22*
3. Сағынғали Мұқағали Нұрлығалиұлы, *Ист-21*
4. Құлымжан Айнара Нұрбайқызы, *Юр-33*
5. Батыргалиева Ольга Владимировна, *Мен-32*
6. Сағынов Даулет Асқарұлы, *Мен-21*
7. Арсланов Алишер Илдарович, *Э-32*

2019 жыл Елбасы жарлығымен «Жастар» жылы деп аталған болатын. Мақаладағы «Туған жер» жобасы аясында облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Музейстар-2019» жобасы ұйымдастырылды. Мақсаты - өңірімізде жастарға білім беретін оқу орындарын көпшілік назарына ұсыну арқылы Ақ Жайықтың таңдаулы жоғарғы және орта оқу орындарын халыққа таныстыру еді.Жобашеңберінде 14 наурыз - 12 сәуір аралығында университетіміз өзінің көрмесін ұйымдастырып, соңы концерттік шарамен қорытындыланды.

2017-2018 оқу жылында жарық көріп, респуюликамыздың барлық ЖОО-ның кітапханаларына жол тартқан «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша да оқу орнымызда тиісті жұмыс атқары-лып келеді. 2018 жылдың сәуір айында осы Жоба бойынша 18 (соның 17 оқулығы университет кітапханасына түсті) оқулық жарық көргені мәлім. Жаңа оқу жылында осы оқулықтардың тағы 2 жаңа оқулық кітапханамызға келді. Жоба бойынша түсіндіру жұмыстары және жаңа 19 оқулықпен таныс-тыру шаралары өткізілді. Профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен студенттер осы оқулықтар жөнінде БАҚ арқылы өз пікірлерін білдіріп, оқу үрдісінде пайдаланып келеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің өз дамуында келесі сатыға өтуіне қарасты «Рухани жаңғыру» Бағдарламасында барлық қазақстандықтардың алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыруда БҚМУ ұжымыда өз үлесін қосатынына сенімдіміз.

ӘОЖ 81 242

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

(Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіз Қазақ елі құндылықтары туралы)

А.С. Қыдыршаев
п.ғ.д., профессор
И.С.Абдрахманов
М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың
магистр-оқытушысы

Тәуелсіздік – киелі ұғым. Тәуелсіздік тірегі – мемлекеттік тіл. Ұлт Тәуелсіздігінің киелі ұғымдарын қастерлей білу үшін берік рухани иммунитеттің қажеттігі даусыз. Себебі, кез-келген микробтар сияқты рухани микробтардан да тек есік-терезені тарс қымтап қойып сақтана алмайсың[1;2;3]. Махамбет бабамыз айтпай ма: *«Толарсақтан саз кешіп, Тоқтамай тартып шығарға, Қас үлектен туған қатепті, Қара нар керек біздің бүйткен бұл іске»*деп. Елбасымыз тарапынан айтылған: *«Өз тілімізбен өмір сүрейік! Бұдан артық қалай айтуға болады? Қажет десеңіздер, одан да оңайлатып айтайын: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!»*[4,125] деген түйініне қалай ойланбассың?!

Бүгінгі таңдағы рухани жаңғырудың жолы қайсы? Тап осы сауалға жауап беру көзделген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы баса айтылған түйінді тұжырымдар қазақ елінің зиялы қауымын саналы ұрпақтың рухани тазалығы, рухани байлығы туралы тереңірек ойлануға алып келгені мәлім [2;3].

Тәуелсіз қазақ елінің басты құндылықтарының бірі – *мемлекеттік тіл.* Ал, тілдің қадірін білмеген кімнің қадірін білмек. Тіл мәселесіне қатысты бұрын-соңды ешкім айта қоймаған тың ой айту оп-оңай шаруа емес. Өзімізге салсақ, бұрын айтылған ойды қайта-қайта қаузауға құмар емеспіз. Десек те, алдыңғы кезекте айтыла тұрса да, қолға алынуы кешеуілдеп жатқан, жүзеге асуы әлі де үйлесіңкіремей тұрған, не көзден таса, көңілден қалыс қалыңқырап жүрген кейбір кезек күттірмес кесек мәселелерге акцент беру орынды. Ел Тәуелсіздігінің 28 жылдығы тұсында мемлекеттік тілге қатысты Елбасы тарапынан айтылған бірқыдыру елдік мәселелерді тілге тиек ету заңдылық іспетті. Осы орайда Жаңа Қазақстанның жастарына арналған «Менің 100 кітабым» кітапханасы сериясы бойынша Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «*Ақыл-парасат кітабы*» - ойға ой қосар құнды туынды. Еңбекте *«Тәуелсіздік – тәуекелі тұратындардың еншісі»* тақырыбында Елбасымыздың ұлт Тәуелсіздігі туралы*45 пікір-тұжырымы*, ал мемлекеттік тіл хақында *«Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады»* тақырыбында *135 тұжырымды қағидалары* топтастырылып оқырманға ұсынылған. Бұл – «көсем – қиында, шешен - жиында» дегендей, Елбасымыздың Ел Тәуелсіздігі тұсындағы алуан жағдаяттар белесінде қорытқан толайым түйіндері. Бұл аз емес. Енді осы *180 толымды түйін* таратыла-таразылана өз шешімін табуы тиіс. Бастысы осы *180 толағай тұжырым* бүгінгі саналы жаңа ұрпақ санасына егілуі тиіс [4].

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: *«Тәуелсіздік – тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзал»* [4,77], - деп бастайды. Орынды айтылған сөз – орнына қағылған шеге. Тыңдалмаса – сөз жетім. Ендігі кезекте дуалы ауыз кеудесін кере айтылған мәңгілік мәмілені әрбір қазақ ұрпағы саналы тұрғыда жан жүрегімен ұғатындай етуіміз қажет. Одан әрі Елбасы: *«Тәуелсіздік – тәуекелі тұратындардың*

еншісі» [4,75],- деп шегелейді. Шынында да, тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпесе, Тәуелсіздік киелі бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе, Азаттықтың құны бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадір-қасиеті бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ала ма? Бүгінгі ұрпақ Ел Тәуелсіздігінің қадірін жете сезе ме? Біздіңше, бұл сауалдар бойынша бір кісідей терең ойлану өз алдына, осы жолда әркез қамдану керектігі айқын. Қуанарлығы – Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның өзінің бірде-бір қадамымен, іс-әрекетімен немесе тіпті бірде-бір сөзімен өңірлік және жаһандық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеген мемлекеттің бірегей үздік өнегесі тұрғысында әлемге танылуы жан дүниеңді марқайтады.

Елбасымыз: *«Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, Тәуелсіздікті мәңгі ұстап қалу одан әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткерген тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа жөнсіз тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген»* [4,78],- деп тұжырымдайды. Демек, Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға да соншалықты қажыр-қайрат керектігі айдай анық. Біздіңше, Тәуелсіздіктің тұғырын бекемдей түсу жолындағы баса салмақ салар мәселелердің өзі бір шоғыр.

Халық айтса, қашан да қалып айтпайды. Бабалар сөзіне сүйенсек, тілін білмеген түбін білмейді. Елбасы айтпай ма: *«Бойында қаны бар, намысы бар әрбір азамат «Енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз?!» деп ой-санасын қамшылауы керек»* [4,85] деп. Демек, бүгінгі оқу-тәрбие жұмысын осы бағытта аса сақтықпен саналы түрде өрбіту қажеттігі күн тәртібінен түспеуі тиіс, тіпті бұл бағыттағы кешенді жұмыстарымызды еселеп арттыру қажет, ұлттық дәстүрге айналдыру шарт. Қолға тиген киелі Тәуелсіздігімізді сақтау жолында еліміздің әрбір азаматы ойлануы тиіс. Бейқамдыққа, аңғалдыққа жол жоқ.

Тексіздік – тілсіздіктен. «Тілі бар халық – халық, тілі жоқ халық - балық» демей ме атам қазақ. Қазақтығымыз – қасиетіміз. Қазақтығымыздың басты белгісі қазақша сөйлеу емес пе. Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: *«Жиырмасыншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті»*, - деп жазады. Тіл қаруы – сөз. Тіл – әдеп басы. Демек, ағайын-ау, сөзің - өзің емес пе! Ендеше, бүгінгі қоғамдағы тіл тазалығын сақтауды ескеру, сөйлеу мәдениетінің құлдырауына мысқал да жол бермеуге баса акцент жасау – парыз іс. Осы бағыттағы соны зерттемелерді, тың талдамаларды қаржылай қолдау – кейінгі ұрпаққа қажет мол қор жасауға алғышарт.

Тіл – ақылдың өлшемі. Елбасы айтады: *«Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек. Ғажап тілді азап тіл сияқты етіп көрсететін оқулықтардан құтылуымыз керек»*[4,125] деп. Демек, еліміздегі мектеп оқулықтары тілінің сапалығы да – бүгінгі аса ауқымды мәселе қатарында.

«Туған жер – тұғырың, туған тіл - қыдырың». Елбасы айтады: *«Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи үйлесімін бұзып тұратын атауларды да өзгерту керек»*[4,135] деп. Өкінішке орай, бұл құбылыс қоғамымызда әлі сіресіп тұр, тоңы да жібіген жоқ. Бұған не себеп, не кедергі? Сана төмен бе, әлде етіміз үйреніп кетті ме? Әлде бұған бұрылар мұрша жоқ па, әлде мүмкіншілік кем бе?

Тілі екеудің ділі екеу. Елбасы айтады: *«Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Ол шетел тілінде сөйлесе – тіпті жақсы. Бірақ оны шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса – ол кешірілмес күнә»*[4,134] деп. Тілі бірді тілек, тілі басқаны жүрек қосарын ескерсек, қазіргі тұста әр қазақ үшін үш тілді меңгеру – бұл өз игілігінің кепілі екенін ескеру де маңызды.

Тіл – ұлттың жаны, ойдың шындығы, көңілдің тілмашы, елшінің қылышы. Елбасы айтады: *«Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл – азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл – бүкіл*

тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы... Еңсесі түскен елдің есін жиғызған, жапа шегіп, зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған кімдер еді? Азаматынан айырылған арғымаққа қайтадан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайтадан алдырған кімдер еді? Қасиетті бабаларымыз – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді»[4,81-83] деп. Мәселен, *«Ел ебелек емес, ер көбелек емес» деп, аузымен құс тістеген қаһарлы қалмақ ханының алдына тайсалмастан шығып, «Біз қазақ деген мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Еліміздің құт қашпасын деп, Жерімізді жау баспасын деп, Найзамызға үкі таққан елміз. Жау аяғына басылмаған елміз, Ешбір дұшпан басынбаған елміз. Адал көңілімізді жасырмаған елміз, басымыздан намыс асырмаған елміз...»* деп келетін халық сөзін айтқан 15 жасар Қазыбек сынды ұлт ұлын еске алайық. Бұл ел рухын шыңдап, халықтық қаһармандықты ширықтыру бағытындағы жүйелі жұмыстардың әлі де молынан қажеттілігін айғақтайды.

Елбасының парасат-пайымына бойлай айтсақ, тіл мәселесі – аса күрделі де жауапты мәселе. Асығатын да, аптығатын да, тіпті ретін тауып саяси ұпай жинап қалатын да жер бұл емес. Бұл орайда науқаншылдыққа да орын болмауы тиіс. Басқалардан қалып қоймайық деп қазірше қолдан келмейтін, тек қоғамды әуре-сарсаңға түсіргеннен басқа ештеңе бермейтін жартыкеш жарымжан жоспарларды, баянсыз бағдарламаларды қою керектігін басты кредо тұтпасқа болмас. Жалпы білім беру, ағарту, тілді үйрету, меңгерту, тілдік дағды қалыптастыру мәселелері ғылымда салған жерден бола қалмайды, алдын-ала эксперимент нәтижесінде ғана ғылыми негізделіп, өрісі кеңеймек. Олай болса, тілді оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жұрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі тиіс. Елімізде тұратын әрбір азаматтың осындай ғылыми көзқарастың қажеттілігін айқын ұғынып, қолдарына дау жоқ.

Қысқасы, жақсылық та, жамандық та тілден. «Тіземнен сүріндірсең сүріндір, тек тілімнен сүріндірме» демей ме атам қазақ. «Аз сөйлер де, көп тыңдар қас асылдың баласы» деп Махамбет бабамыз айтқандай, ұлт Тәуелсіздігін кемелдендіру, ел көсегесін көгерту, тіл мәртебесін арттыру жолында ұлтжанды ұлдардың ісі бітер ме. Бүгінгі таңда сөзден жаңылып, ізден адасатын ретіміз жоқ. Себебі небір қиын да күрделі кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі – бүгінгі өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың таптырмас тегеурінді тетігі.

Демек, Қазақ елі тәуелсіздігінің көк байрағын өз қолымен тұңғыш көтеріп, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрған Елбасымыздың аз жылдың аясында туған елін әлемдік қауымдастыққа танытқандығына халқымыз куә. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы, оның бірлігін қамтамасыз етуші, ел Атазаңын, адам мен азаматтың құқы мен бостандығын қорғаушы ретіндегі рөлі ұшантеңіз. Қазақ елі өз Елбасымен мақтанады. Елге танымал марғасқа ғалымдар сөзіне сүйене айтар болсақ, бүгінгі Елбасына берілген халықтық баға аса жоғары. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев– *ұлттық дәстүрдің уызына жарыған, халқының күллі қадір-қасиетін бойына жинаған, тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жете білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, жұртшылықты алақанына салып аялайтын, сенімін, үмітін ақтай алатын, ел тағдырына жауап бере алатын Азамат. Бар қазақты бауыр тұтып, басынан сипай алатын мейірімді Жанашыр. Қар жауса, күрек, жел тұрса, тірек бола алатын халықтың қамқоршы Қызметшісі. Ағаны ағадай, ініні інідей сыйлайтын, әдептен аттамайтын, ешкімді бөліп-жармайтын, халқының мұңдасы, Тағдырласы. Ол қорыққанда қорған, тарыққанда пана, зарыққанда сана бола білетін, ел таныған, көпшілік мойындаған, мінезге бай, антқа адал, сертке берік, пейілі кең, байлыққа құнықпайтын қазақ халқының шын Перзенті. Ел басына күн туса ауыздықпен су ішетін, етікпен су кешетін, туған жерін, Отанын қызғыштай қорғайтын, көзінің қарашығындай сақтайтын, іске алымды, сөзге шалымды, бүгінгісін оза ойлайтын,*

ертеңін дұрыс болжайтын көреген Көсем. Адамзат тарихын, дін тарихын, қоғамның, мемлекеттік даму заңдылықтарын, әлемдік процесті жетік білетін, оны жүзеге асыра алатын іскер; Қазақстанды озық елдердің қатарына қоса алған, нардың жүгін көтеретін қайталанбас қайраткер. Халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшыларымен терезесі тең сөйлескенде сөзі асатын, егескенде еңсесі басатын, елдескенде мейірімін шашатын аузы дуалы саясаткер. Біздің сөзіміздің түйіні де – осы[5,7].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: *"Барымыз да, бағымыз да - Тәуелсіздік"*[1], - дейді. Демек, Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік те. Асылы, сіз бен бізге ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікке дақ түсірмеуге, нұқсан келтірмеуге аса сергек қараған жөн. Ал рухани әлемнің қашан да қанағатсыз әлем екенін біле тұра, рухани бедерсіздік саяси тәуелсіздікті де тәрк етерін ескергенге не жетсін!

Қысқасы, жоғарыда айтылған бірер тұжырымдар - ұлттық дамудың негізгі шарты ұлтты танудың да қағидаттары. Олай болса, рухани жаңғыру аясында ұлттық құндылықтарға сүйіну, ұлтсыздыққа күйіну қажеттігі айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Барымыз да, бағымыз да - Тәуелсіздік». Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiqyn» газеттеріне берген сұхбаты // «Egemen Qazaqstan» газеті, №62, 2 сәуір 2019. – 1-2-б.б.
2. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, №70, 12 сәуір 2017. - 1-2-б.б.
3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, №223, 21 қараша 2018. - 1-2-б.б.
4. Назарбаев Н.Ә. Ақыл парасат кітабы. Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 316-б.
5. Қыдыршаев А. С. Қазақ елі өз Елбасымен мақтанады // «Өркен» газеті, №1, қаңтар 2011. – 7-б.

ӘОЖ 811.512.2

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ТУЫНДЫЛАРЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ

А.С.Қыдыршаев
п.ғ.д., профессор
Ә.С.Мұхамбетқалиев
филология факультетінің деканы, п.ғ.к., аға оқытушы

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында XXI ғасырдағы ұлттық сана хақында айта келіп, таяу жылдардағы міндеттер сапынан қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алуды баса айтқан-ды[1;2].

Қазақ еліне техника, медицина саласының мамандары ғана емес, қазіргі заманды да терең толғай алар, келешекті де болжай алар құзіретті кәсіби мамандардың ауадай керектігіне сөз жоқ. Осы бағыттағы батыл қадам нәтижесінде бізге тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, дінтану, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерімізге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау ауадай қажет. Ол үшін бірер жыл көлемінде гуманитарлық білімнің күллі бағыттары бойынша әлемдік деңгейдегі ең үздіктер сапынан танылған 100

оқулықты алуан өзге тілдерден қазақ тіліне тікелей түпнұсқадан аударып, жастарымызға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік туғызуға тиіспіз. Осы орайдағы күрделі де салмақты ісіміз еліміздегі жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім беруге даңғыл жол ашпақ. Бұл - білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген құзіретті кәсіби мамандарды даярлаудың алғышарты. Демек, ел болашағының негізі бүгінгі жоғары білім ордаларының базасында қаланары даусыз. Ал әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде басылым көруі көп кешікпей-ақ жемісін берері хақ. Ендеше уақыт ұттырмай ең заманауи таңдаулы үлгілерді екшеп ала отырып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын әзірлеп ұсынуымыздың дұрыстығына кім-кімде шек келтірмейді. Осы ретте осыншама келелі мемлекеттік кесек шаруаның оң бағытта басталғаны қуантады. Сең қозғалды. Ел келешегінің қамы үшін алғы мақсат үдесіндегі алғашқы 49 оқулық басылым көріп, білім ордаларына беріле бастады. Елбасымыз осы орайдағы бастапқы 18 жаңа еңбектің тұсауын кесіп, қазақ жұртшылығына ақжарма түйінді тұжырымдарын тарата айтты. Бұл саладағы оқулықтардың құндылығы турасындағы бірер сөзді шәкірт түсінігіне сай айқын саралап алу артық емес. Мәселен, философия ілімнің дамуына үлес қосқан ойшылдардың тұлғасы мен шығармашылығына арналған «*Философияның қысқаша тарихы» (Сократтан Дерридаға дейін) (авторы Дерек Джонстон)* оқулығы әр дәуірдегі ғылыми жаңалық, тарихи оқиға, әдеби көркем туындыларды философия тұрғысында талдауды мақсат еткен. Ал «Батыс философиясының жаңа тарихы» (*Сэр Энтони Джон Патрик Кенин*) туындысы төрт бөлімді философия ілімінің ежелгі заманнан бүгінге дейінгі дамуын толық қамтуды межелеген. Сериалды еңбектің *«Антика философиясы»* аталған алғашқы томында ежелгі Жерорта теңізі маңындағы философияның тууы, өркендеуі хақында баяндай келіп, адами ойлау мен пайымдаудың таңғажайып өрісі қаншама адамзаттық өзгерістерге қозғау салары аңғартылып, ой мен қоғам дамуының бағыт-бағдарына бағышталған. Бұған жалғас «*Орта ғасыр философиясы»* атты 2-томында автор Батыс философиясының жаңа тарихы турасындағы еңбегін біздің дәуірімізге дейінгі 400 жылдан, яғни, христиандық, исламдық ой-сананың негізін салушылардан бастап, Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі аралықты қамтитын кезеңді баяндау бағытында өзіндік пайыммен тұшымды ой өрген. Ал француз ғалымы *Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы»* көрнекті ойшылдардың шығармаларын француз философиялық мектебі тұрғысынан таныстыруды мақсат тұтқан[3].

Кезекті оқулық «*Әлеуметтану теориясы» (Джордж Ритцер, Джеффри Степницки)* аталған сала ғылымының өзекті мәселелерін классикалық және қазіргі көзқарастарды ұштастыра талдауға негізделген еңбек. Ал «*Әлеуметтану негіздері» (Дэвид Бринкерхоф, т.б.)* атты туынды қоғам және оның құрылымы жөнінде кең көлемді мәлімет беріп, сәйкесті саланың негізгі ұғымдарын, зерттеу әдістерін саралауға арналған.

Жаңа гуманитарлық білім беру тобындағы *«Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» (Эллиот Аронсон*) еңбегі әлеуметтік психологияға адам табиғаты мен болмысы арқылы жол салған ерекше туынды десек болады. Ал *«Қазіргі психология тарихы» (Дуэйн Шульц, Сидней Эллен Шульц)* оқулығындағы осы ғылымның қалыптасу кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі дамуы қамтылып, роботтар мен жасанды интеллект секілді жаңа құбылыстарды психология тұрғысынан талдауға арналған. Осыған орайлас «*Әлеуметтік психология» (Дэвид Майерс, Жан Туенж)* оқулығы осы саланың негізгі бағыттарын толық қамтуды көздеген. Ал, *«Тіл және мәдениетаралық коммуникация» (Светлана Тер-Минасова)* оқулығы түрлі ұлт және мәдениет өкілдерінің өзара ұғынысып, тіл табысуындағы маңызды тұстарға үңілуді көздеген. Осы салаға үндес «*Тіл біліміне кіріспе» (Виктория Фромкин, Роберт Родман, Нина Хайамс)* оқулығы да тілдік өзгеріс, тілді меңгеру, жазба тілдің негіздері, тіл және адам миы сынды мәселелерді жаңаша талдауға арналған. Бұл саптағы «*Экономикс»*

(Грегори Мэнкью, Марк Тейлор) еңбегі экономикалық теория саласындағы идея мен құбылыстарды мейлінше қарапайым әрі ұғыныңқы жеткізуге арналған оқулық. Ал, «*Менеджмент» (Рики Гриффин)* оқулығы – салалық дәстүрлі түсініктерді, жаңа ұғымдар мен тұжырымдарды кеңінен қамтыған еңбек.

Көпшіліктің назарын аудартып, елең еткізген туынды «*Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс : Құдайтану баяны» (Карен Армсторнг)* әлемнің 30-дан астам тіліне аударылған, миллиондаған таралыммен басылым көрген дінтану саласындағы көрнекті еңбектердің бірі. Турасын айтсақ, санамзға Құдайға сену ұғымы қалай орнықты? Адамзаттың Жаратушы туралы түсінігі қалай өзгеріп отырған? Жаратушыны әлемдік үш дін (яхудилік, христиандық, ислам) қандай сипаттарымен таниды? Бұл діндердің бір-біріне ықпалы қандай? автор осы сауалдарға жауап іздек барысында бірқатар құнды ғылыми тұжырымдар жасаған. Еңбекте монотеизмнің тұтас тарихы қамтылған. Антикалық философиядан орта ғасырдағы мистицизмге, қайта өрлеу мен реформашылық дәуірдегі рухани ізденістерден қазіргі заманғы скептицизмге дейінгі Жаратушыны тану тарихын баян еткен. Яхудилік, христиандық пен исламдық таным өрісі аясында адамзат ақыл-ойның Жаратушы туралы ұғым түсінігінің даму кезеңдері көрсетілген. Ал *«Антропология тарихы мен теориясы» (Алан Бернард)* еңбегі антропологияның ғылым ретінде қалаыптасуына шолу жасап, антропология туралы заманға сай, пәнаралық түсінік қалыптастыруға негізделген.

Жоғарғы аталған еңбектерге жалғас ұсынылған «*Төртінші индустриялық революция» (Клаус Швап*) Қазіргі технологиялардың адамзат өміріне әкелетін түбегейді өзгерістері туралды баяндайтын ойды зерттеу. Еңбектің адамзат болашағы үшін алаңдайтыны, рефолюциялық технологияларды қоғам тіршілігіне икемдеу ниетінің жасампаздығы ойлантпай қоймайды. Сол сияқты «*Медиаэтика» (Ли Энн Пек, Гай Рил)* оқулығы қазіргі журналистикадағы әдеп пен заң, адамгершілік, ар-ождан, мораль мен этика мәселелерін нақты мысалдар арқылы талдауымен құнды. Соңғы «*Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика» (Дональт Куратко)* оқулығы жастарды кәсіпкер болудың қыр-сырын баулиды. Еңбек XXI ғасырдағы эконоимикалық, қоғамдық және әлеуметтік дамужың басты қозғаушы күші саналатын кәсіпкерлі құбылысты теориялық, тәжірибелік тұрғыдан зерделеуге арналған. Кәсіпкерлікті жете түсіндіру мақсатында оның бастау, жоспарлау, қалыптасу және даму сатылары жүйелі де дәйекті талданған. Кәсіпкерлік идеясы аясында нарық талаптарына сай ойлау жүйесі мен инновацияның орны кең көлемде айқындалған. Мақсат – кәсіпкерліктің үздік тәжірибелерімен таныстыру, тәжірибелік, эксперименттік оқыту әдістері арқылы кәсіпкерлікке қатысты дағдыларды сіңіру.

Қысқасы, әлемнің ең үздік танылған қырық тоғыз туындысы қазақ тіліне аударылып сіздің қолыңызға берілді. Оқып көріңіз, ой-санаңыздың өзгереріне сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, №70, 12 сәуір 2017. -1-2-б.б.

2.Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // «Егемен Қазақстан» газеті, №223, 21 қараша 2018. - 1-2-б.б.

3.Қыдыршаев А.С. Әлемнің үздік туындылары қазақ тілінде // «Өркен» газеті, №4, 2018 ж.,27 сәуір.-9-б.

ӘОЖ 910(574)

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІНДЕГІ КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЫСАНДАР

С.К. Рамазанов
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті
С.С. Тұрлыманова
М.Өтемісов атындағы БҚМУмагистранты

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласындағы «Таяу жылдардағы міндеттер» деп аталатын екінші бөлімінде бірқатар жобалардың тізімі жарияланған болатын. Бұл жобалардың бірі - «Туған жер» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.

Ұлан байтақ ұлы даламызда киелі жерлеріміздің саны шексіз. Елбасымыздың мақаласына дейін бұл орындар саналынып, әр-түрлі топтарға бөлінбеген еді. Туған жердің тарихынан сыр шертер бұл киелі орындардың бірін білсек, бірін білмедік. Міне бұл жоба еліміздегі киелі жерлерді зерттеп, халқымызға мазмұнды мағлұмат алуға мүмкіндік берген бірден-бір жоба болды. Мыңжылдық тарихымызда елбасымыздың алғаш рет ауқымды жобаны жасауы және оны біздің жүзеге асыруымыз – рухани жаңғыруымыздың басты негіздері болмақ.

Призедент тапсырмасымен осы жоба негізінде «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындарының 100 нысанының тізімі» ұсынылды. Оған Қазақстанның табиғи-ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар, тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындар енген.

Бұл киелі орындар Қазақстанның туристік әлеуетін аша алатын, зор резервтер мен мүмкіндіктерге ие тарихи-мәдени ландшафты болуы қажет. «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті орындары» жобасына республика бойынша 100 нысан енгізілді. Оның ішінде Маңғыстау облысынан 13 киелі нысан енді. Олардың қатарында Шопан ата, Шақпақ ата, Масат ата, Қараман ата, Сұлтан епе орта ғасырлық жерасты мешіттері, кіші жүздің батырлары, билері мен ру басылары жерленген пантеон — Сисем ата қорымы, «Адай ата – Отпан тау» тарихи-мәдени кешені, ЮНЕСКО-ның алдын-ала есепке алу тізімінде тұрған орта ғасырлық «Қызылқала қалашығы», Форт Шевченко қаласындағы Т.Г.Шевченконың мемориалды кешені, сондай-ақ кіші жүзден шыққан Барақ Сатыбалдыұлы, Балуанияз Мүсірепұлы, Иса Тіленбайұлы және Досан Тәжіұлы батырларымыздың мавзолейлері бар. Сонымен қатар «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында өңірлік киелі орындарды тізімдеу жұмыстары жүзеге асырылды. Жалпы республика бойынша 500 жергілікті маңызы бар қасиетті орындар жобасы дайындалған. Бұл тізімге Маңғыстау облысы бойынша жергілікті маңызы бар 28 киелі нысан енгізілді. Олардың қатарында Ман ата, Қаңға баба жеріндегі Мақтым баба, Есен ата, Қошқар ата, Темір баба, Хатам (Сейіт) ишан, Күйеу там, Оғыланды ата, Есмәмбет әулие, Тобықтыдағы Бекет ата мешіті, Кенті баба, Ержан хазрет, Бейнеу ауданындағы Қыз әулие, сыныкшы Қыдырша ата, Бекбаулы ата тәрізді киелі орындарымыз, Шопан ата қорымына жақын қола дәуірінің Ұлыкіндікті діни-қабірлеу кешені, Ақбота Бектұрлыұлы Көркембай ахун мешіті, атақты сыныкшы-емші Мыңкісі Байсалұлы, табиғи ландшафты орындар ретінде Үстірттегі Бозжыра тауы, Қаратау бөктеріндегі Ақмыш оазисі жерінде орналасқан Шерқала тауы, Самал сайы және Айрақтыдағы таңбалар, Қараған түбектегі Тамшалы, Саура сайлары бар. Сондай-ақ 19-20 ғасырлардағы қазақ ауыз әдебиетінің ең жарқын өкілдерінің бірі, Қашаған жырау мен Нұрым жыраулардан Қырымның қырық батыры эпопеясын үйреніп, біздің заманымызға дейін жетіп, қағаз бетіне түсуіне септігін тигізген қайраткер, Мұрын-

Тілеген Сеңгірбекұлының (1859-1954 ж.) тұрған үйі, ұстаханасы, тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар қатарында маңғыстаулық беріш (Қаратоқай) руынан шыққан Құлбарақ батыр әулие (1790-1832 жж.), Маңғыстау түбегіне алғаш жерленген адай баласы Бердалы Отаруұлы (1727-1770 жж.), заманында бүкіл Маңғыстау өңірінің, қалың Адай елінің көреген көсемі, сөз ұстаған шешені атанған Айтқұлұлы Атағозы батыр (1704-1794 жж.) жерленген қорымдар да бар.

Аталған сандар және атаулар Маңғыстау өлкесінің киелі орынға бай екенін көрсетіп, өлкені «362 әулиелі Маңғыстау» деп бекер айтылмағанын аңғартады. Бұл нысандар қатарына енбесе де, жергілікті халық білетін және зиярат ететін киелі орындар саны да жетерлік. Республика бойынша және жергілікті маңызы бар киелі орындар тек халықтың зиярат етуімен ғана емес, түрлі ғажайып сыртқы бейнелері жергілікті тұрғындарды ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен келген халық пен жақын шетелдерден келген қонақтарды да таңдантады.

Бекет ата жерасты мешіті (Оғыланды тауындағы) – сәулет өнері ескерткіші. Облыстың Жаңаөзен қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 150 шақырым, Қарақия ауданына қарасты Сенек ауылының солтүстік-шығыс жағынан 95 шақырым жерде орналасқан. Мешіт табиғаты көркем Оғыланды жеріндегі ақ-бор тасты тау шатқалының тереңірек орта қабатынан ойып жасалған. Бекет ата жерасты мешіті төрт бөлмеден тұрады: төргі бөлмесінде қасиетті сырық ағашы бар. 63 жасында қайтыс болған Бекет атаның мүрдесі осы мешітте жерленген. Мешіттің түндікті бөлмесінде Бекет атаның шөбересі Құлмәмбетұлы Мұрын, осы бөлменің сол жақ қанатындағы «қыздар бөлмесінде» қарындасы Әпуаш жерленген. Михрабы бар бөлменің іргесі мен күнбатыс жағында белгісіз үш адамның және шілдеханада төрт адамның мүрделері бар. Бұл мешіт Бекет атаның дарынды сәулеткерлігінің, биік талғамының куәсі; ол халық құрмет тұтатын әулие орын деп саналады.

1-сурет. Бекет ата жерасты мешіті

Қазақ ұлттық мәдениетінің негізінде жасақталынған «Адай ата – Отпан тау» - тарихи танымдық этно-мәдени орталығының рухани-сәулеттік кіндік нысаны – **Адай ата кесенесі.** Теңіз деңгейінен есептегенде 531 метр биіктіктегі отпан таудың ең биік шоқысынан бой көтеріп, алтын күмбезі аспанмен астасып тұр.

2-сурет. «Адай ата – Отпан тау» - тарихи танымдық этно-мәдени кешенінің ең биік шыңы.

Шерқала. Шер – парсы тілінде жолбарыс дегенді білдіреді. Тау алыстан қарағанда құбылаға қарап маңқиып жатқан, әлде жемтігіне атылғалы тұрған жолбарысқа немесе аң патшасы арыстанға ұқсайды. Шерқала осы кейпімен тылсым, сұсты, сонысымен бірге әдемі. Нефертитидің мүсінін көрген археолог Л.Борхард әсерін күнделігіне бір ауыз сөзбен - «Описывать бесполезно – смотреть» - «Сипаттау бос әуре – тек көру керек» деп түсінген екен. Шерқаланы да солай, тек көзбен арбалып, асықпай көріп қана тамашалау керек. Ол қашан да, қай кезде де сол әсем күйінде.

Өткен ғасырларда осында келген поляк халқының зиялысы Бронислав Залесский Шерқаланың суретін салып, оның қабырғасын Рим пантеондарына ұқсатыпты.



3-сурет. Шерқала тауы.

Шартас. Маңғыстау геологиясының бір жұмбағы домалақ шар тастары – аммониттерімен ғылыми әлемді хабардар еткен тау-кен инженері А.И.Антипов еді. 1851-1853 жылдары Орталық Қаратауда, Таушықта болып көмір іздеген инженер тас құпиясына терең зерттеу жүргізе алмаған. Геолог Н.П.Барбот де Марни 1874 жылдың төртінші маусым күні Таушық пен Тарталыға барып, бұл тастарды «зеңбірек добы сияқты темірлі тас бітім» деп жазды. Мұндай бітімді тастың әлемде бұдан басқа Кордильер тауының етегінде бар екені анықталып, ол туралы еңбектер жазылғанымен жұмбақ әлі ашылған жоқ. Тас құрамында темірі бар, жарылған орта тұсында сары түсті ұнтақты жергілікті халық томар бояу деп біліп, сеңсең тоңдарын бояйды.

Геолог Барбот де Марнидың шартасты сипаттап жазған жазбалары шетел тілдеріне аударылып ғалымдардың қызығушылығын оятты.

1887 жылы Барбот де Марни ұстазының ізімен Маңғыстауға келген Н.А.Андрусовтың, және геолог А.Лычковтың, Гмелиннің, Эйхвальдтың, Иваниннің, Дорошиннің, Гебельдің, Фелькнердің, Карелиннің еңбектерінде аммонит-конкреция құпиясын ашуға тырысқан жазбалар жетерлік.

Облысқа келген ғалымдардың еңбектерінде бұл тас тек сипатталумен шектеліпті. Маңғыстаудың бұл жұмбағы мол, жаратылысы бөлек тасы әуелі Санкт-Петербург университетіне барып көрмеге қойылып, кейін мемлекеттік геология мұражайына өткен.

Ал ашық аспан астындағы мұражай атанған өз Отанында ол ең бір қымбат геологиялық экспонат.

4-сурет. Маңғыстаулық жұмбақ шартас.

Тамшалы. Тамшалы – шөл даладағы көгал. Бір жағынан төніп тұрған тік жартастар, ал екінші жағынан көк теңізге қарай созылып жатқан кең жазық. Жартастарды жарып су ағып жатыр. Осында туристер мен жергілікті жердің тұрғындары тастан ағып жатқан суды көріп тамашалап, тамшы тырсылын тыңдау үшін, табиғаттың кереметтерін өз көздерімен көріп қайту үшін келеді. Мұнда сұлу табиғаттың кереметтерін өз көздерімен көріп қайту үшін келеді. Мұнда сұлу табиғаттың, қайталанбас құбылыстары жетіп артылады: «күн қағарға» ұқсайтын терең шатқал «Тамшалыда» тастан аққан мөлдір судың сылдырына құлақ түріп, құйқылжыта ән салған алуан түрлі құстардың әсем әнін тыңдап, үлкен ағаштардың саясында, табиғаты көркем төңірекке көз салып, таза ауада кең тыныстап дем алуға мүмкіндік мол. Шатқалдың түбінде тамаша көл жатыр. Бүгінгі күндері жартасты қабырғаның етегінде тек шағын ғана көлшік сақталып қалған. Сондай шағын тағы бір көлшік сәл әріректе үлкен ағаштардың саясында бар.

Шатқал маңы қалың өскен хош иісті жалбыз бен жапыраққа толы.

5-сурет. Тамшалы табиғи кешені.

Шақпақ ата мешіті. Жерасты мешіттерінің арасында өзінің бірегейлігімен ерекшеленеді. Мешіт Түпқараған түбегінің солтүстік-шығыс жағалауында, Сарыташ шығанағының оңтүстік жағалауында, Таушық кентінен солтүстік-батысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Мешітті алғаш рет ҚазКСР ғылым академиясының Қ.И.Сәтбаев атындағы Геология институтының экспедициясы 1966-1968 жылдары зерттеген.

1982 жылы «Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымы» республикалық мәртебеде мемлекеттік қорғауға алынған.

Мешіттегі сәулет өнері б.з.д. II-I ғасырларда буддалық діни архитектурада өркендеп кемелденген болатын. Алайда Шақпақ-ата мешіті архитектурасының буддалық үңгірдегі храмдармен еш ортақтығы жоқ.

Мешіттің қабырғалар бетіндегі көп мөлшердегі эпиграфика өңірдің басқа бірде-бір ескерткішінде жоқ.



6-сурет. Шақпақ ата мешіті.

Сұлтан епе – IX-XII ғасырлардағы ғажайып ескерткіш. Бекет ата, Шопан ата, Шақпақ ата ескерткіштерімен салыстырғанда ол адамдар жерленген қорым емес. Айналасында бірен-саран бейіттер болғанымен, олар онша көзге түспейді. Сұлтан епенің өзінің де бейіті жоқ мұнда.

Таушық кентінен 30 шақырым жерде орналасқан Маңғыстаудың бұл жерінің табиғаты өзінің тұнықтығымен баурап алғандай. Көркем белестер, қалың өскен тұт ағаштары мен долана, дәмі тіл үйірер тәтті, тұщы суы бар құдық.

Аңыз бойынша Сұлтан епе судың жебеушісі болған деседі. Мұнда келгендер көптеген сырқаттарынан жазылады деп сенеді халық. Сұлтан епенің емшілік қасиетіне бас иген халық осында зиярат қылуға көптеп келеді.

Мешіт тас бағандары мен жарық түсетін ойықтары бар үш жайдан және шағын бөлмелерден тұрады. Маңғыстау тарихи-мәдени қорығының археология бөлімінің меңгерушісі Андрей Астафбев бұл жай ғана мешіт емес, бұл – суфизм ордені болуы мүмкін деген болжамын айтты.

Сұлтан епе орналасқан жердің бір кереметі – тік жартасты көк жасыл шатқал, қалың өскен долана, ұсақ ақ гүлді бұталар. Өткір тастарды хош иісі аңқыған жалбыз жабындары жасырып тұр. Бүкіл шатқалдың өн бойына сан алуан құстың сайраған үні.

Шатқалдың шетінде тереңдігі сегіз метрге дейін жететін ескі құдық бар, оның суы ішкенде тіс жарардай салқын, мөлдір және тәтті.

7-сурет. Сұлтан епе жерасты мешітінің ішкі көрінісі.

Өлкедегі тарихи және табиғи киелі орындардан басқа мәдени маңызы бар көрікті жерлердің Маңғыстау облысының туристік әлеуетін арттыруда маңызы зор. Теңіз жағасында орналасқан Ақтау қаласы – еліміздегі ең әдемі қалалардың қатарында. Теңізді үнсіз тамашалап тұрғанда, осындай ғажап бейнесі бар қаламыз туристер ағылып баратын шетелдік қалалардан қай жері кем деген ойда қаласың! Қазіргі уақытта қалада қызмет көрсету саласы кеңінен тараған. Алдағы уақытта жоғарыда аталған киелі географиялық нысандар мен тарихи-табиғи және мәдени орындарға маршруттар жасалып, «ашық аспан астындағы мұражай» деп аталатын Маңғыстау өлкесін терең тарихымен, таң қалдырарлық бейнеде жасалып, қазіргі уақытқа дейін қаймағы бұзылмаған жерасты мешіттерінің көрінісімен, таңдай қақтырар табиғи нысандарымен тек Қазақстандықтар ғана емес, шетелдіктер де таныстырылса, өлкенің туризм саласындағы әлеуеті жоғарылап, облыстың ғана емес, еліміздің экономикасын көтерілуіне септігі тиер еді! Көрікті жері өте көп бұл мекенге туристерге қолайлы жағдайлар жасалған жағдайда әлемнің түкпір-түкпірінен туристер ағылар мекен – Маңғыстау болмақ!

8-сурет. Каспий теңізінің жағалауында орналасқан әсем қала – Ақтау қаласы.

ӘОЖ 821.512.122

БІЛІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ӨНЕР ҚУАТЫН ДАРЫТУ – КӘСІБИ ҰЛТ ТҰЛҒАСЫН БАУЛУ КРЕДОСЫ

(Ғалым-ұстаз Мәтжан Мақсымұлы Тілеужановтың ұлттық рухани құндылықтарға қатысты тұжырымдары)

А.С.Қыдыршаев
п.ғ.д., профессор
Г.І. Мұхамбеткереева, Б.А. Ербөлекова
М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранттары

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамау тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан

нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттердіқайта түлетуіміз керек», [1] – деп түйіндейді. Осы қағидат іспетті қағидалы пікірге жалғастыра бағдарласақ, ғалым-ұстаз Мәтжан Мақсымұлы Тілеужановтың ұлттық рухани құндылықтарға қатысты тұжырымдары – білімге негізделген рухани құндылықтар мен өнер қуатын дарытуға арналған кәсіби ұлт тұлғасын баулу кредосы. Профессор Мәтжан Тілеужанов – халықтық тағылымға негізделген рухани тәрбие мектебінің негізін салушы [2].

Бағдарлай үңілсек, ғалым өзінідік ғылыми тезистік жазбаларында кәсіби маманның сөйлеу мәдениетіне, шешен сөйлеу білік-дағдысының болуына акцент береді, шаршы топ алды шешен сөйлеу мәдениетінің болуы кәсіби маман көркі болатынын айтады. Сократқа сүйеніп: «Сөйлеп көріңіз, мен сіздің кім екеніңізді айтайын»,-дейді. Платонша ой ағытып: «Кез-келген сөйлеген сөз - жанды құбылыс іспетті, ол бас-аяғы бар дене секілді және де тұтас кеуде тұсы мен аяқ жағы бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастықта өрілген болып келеді емес пе?» -деп ой тастайды.

Ғалым маңғыстаулық Мәтжан би тапқырлығына таңдай қағады. Бұл ретте ғалымның ел аузынан жинаған жазбаларынан көптеп үзіктер келтіруге болады. *Бір мысал*: Мәтжанның бір балдызы оны мүдіртпек болып: «*Еркектерге айтқан сөз бір құлағынан кіріп, екіншісінен шығып кететіні несі?*» - депті. Сонда ол іліп ала: «*Ал әйелдердің екі құлағынан кірген сөз аузынан шығып кететіні несі?»* - деп, қарсы сұрақ қояды да, балдызын үндетпей тастайды. Ел ішінде «*Әйелдің ақылы аузында жүреді*» деген сөз бар. Бұл тұста шешеннің тапқырлығына таңданып қана қоюға болар. Ал ойлансақ , бұл сөздің арғы мәні орасан терең. Бұл бағыттағы кейінгі ұрпақ таңданысын туғызар тапқырлық үзіктерін ғалым не үшін жинады деген сауал туады? Сөз жоқ кейінгі сөз түсінер ұрпақтың рухани бавйлығы үшін. Ғалым бір оңтайлы мезетте: «*Иә, Құдай бізге тіл мен жақ берді. Біз осы байлықты орынды пайдаланып жүрміз бе?»* деп те сауал тастайды? Ойланып көрейікші? Бүгінгі қоғамда ауызекі сауатты сөйлеуді ұмыта бастадық. Нәтижеде жастарымыз астарлы сөзді түсінуден қалды. Астарлы сөйлеуді айтамыз, сөз мағынасын түсінуден кемдеуміз бе деп ойлаймыз. Рене Декарт секілді француз ғұламаларының бірі айтпай ма: «*Сөздің мағыналық тұңғиығына терең бойлай білгейсіз сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз»* деп. Профессор М.Тілеужанов*: «Астарлы сөйлеу - ойлау қабілетіңізді тереңдету жолы*», - деп баса айтады. Халық қоржынынан алынған мысалдарды астын сыза ұсынады. Мәселен, «*Барып едім, жоқ екен, айтып едім, келем деді. Келмегені келгені ғой, келмесе егер келер еді*». Ғалым талдауында бұл жұмбақ емес, екі адам ғана түсіне алатын ұғым, төңіректі терең ойға қалдыратын ұғым. Мұны айтқан – жеті-сегіз жастағы жеткіншек. Ойын-тойға келген жігіт өзінің сүйікті қызын жиынға шақыруға әлгі баланы жұмсайды. Бала барады, қыздың шешесі үйінде жоқ екен. Шешесінен рұқсатсыз ешқайда баспайтын қыз: «Шешем келеді, рұқсат берсе, барамын, ал бермесе, бармаспын», - деп, сәлем айтады. Бала қайтып келсе, жиын-той басталып кеткен. Жұмсаған жігіт топ ішіне түсіп кеткесін, бала «қыз келмейді» деп, бадырайтын айтудың орнына, басқалары түсінбеуі үшін әдейі астарлап, жоғарыдағы ойды тақпақтап айтады.Мұны тек жігіт қана ұғынады [2,181]. Біздің қазіргі жас жеткіншектеріміз де астарлы сөйлеуге дағдыланса, ел келешегіне зор үмітпен қарарымыз даусыз. Бұл орайдағы ғалым пайымы: «*Астарлау – ой жасыру емес, арнайы түсінетін кісілерге бағытталған тұспалдау, уақытша ғана ойды құпиялау. Астарлап сөйлеу – отырған адамдардан ой бүкпелеу емес, олардың әзірше ғана түсінбей қалуы үшін, ой иесінің өзіне ғана керекті адамның түсінігіне сай ыңғайлап айтылған, әдейі қолданылған ымы, меңзеуі (ойы, ұғымы*)» [2,181].

Демек, астарлап сөйлеу – халқымыздың мәнері. Бұл – ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Бұл – тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдететін құбылыс, бүгінгі кейінгі жастарды терең ойлауға машықтандыратын өнеге.

Тағы бір мысал. Сабан айдап жүрген жігіттің қасынан екі аттылы: біреуі жас қыз, екіншісі мосқал тартқан адам өтіп барады. Оларды көріп әлгі жігіт: «Пай-пай, мына қыздың астындағы жорғасын-ай, қасына ерткен жолдасын-ай!» - деп таңданады. Жорғалы қыз сәл ғана кідіріп: «*Әй, жігіт-ау, әй, жігіт! Аңдысын-ау, аңдысын, аңдап сөйле соңғысын, бұл жігіттің шешесі менің шешемнің қайын енесі, сонда мен бұл жігітттің несі?*» - деп жауап береді. Мұны естіген жігіт ұялғаннан жерге кіріп кете жаздайды. «Аңдамай сөйлеген - ауырмай өледі» деген [2,182]. Қалай ойлайсыз? Бүгінде осындай халықтық өнеге өркен жайса, ескіліктің қалдығы болар ма?

Сондай-ақ, ғалым талдамаларында көз қысу да, ым да, иықтың әр түрлі қимылы да, бас шайқау да, көз аларту да, қол сілтеу де бір кездерде (осы қимылдардың тілдік атауы болмаған кезеңдерде) мифтік ұғымға ие болып, сол ұғым халқымыздың әлі де болса кәдесіне жарап келетінін айта келіп, бұны ерте заманғы сөйлеу мәнеріміз тұрғысында пайымдайды. «Халқымыз ой тереңдету мақсатында астарлы сөйлеуді де ертеден бастаған. Соған келешек ұрпағын да баулыған. Бірінің-бірі ойын сөйлемей-ақ ұғынатын халық отырған-тұрған қалыбынан түсінетін, бет әлпетінен ұғынатын, қайғысын түсінетін, күлімдеуінен әр түрлі жағдайын байқайтын болған» [2,182],- деп жазады ғалым. Сөйлеуіміз ымнан басталып, содан әрі қарай тереңдей беретіні мәлім. «Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді»,- деп Мәтжан аға жиі айтатын. Бұл – ғалымның тәжірибе үстіндегі ой қорытулары. Бүгінде бізге мәлімі – бұл сөздің сонау Анахарсистен бері келе жатқаны[3].

Астарлаудың алғаш түрлерін ертегілерден кездестіреміз. Астарлап сөйлеудің алуан түрлерін «Аяз би» ертегісінен байқауға болар еді. Ғалым «*мұржасы қисық болса да, түтіні түзу екен; «ертеңгі асты тастама, кешкі асты бақпа»; «оң қолың ұрыс қылса, сол қолың арашашы болсын»; «суын ішкен құдыққа түкірме»* секілді магиялық, тотемдік ұғымдар ертеде қалыптасқанын айта келіп, осылар туралы жеке-жеке аңыздар, ертегілер қалыптасты, мағыналары терең болды, әрбірінің мәні халық тәжірибесімен қабысып жатты. Кейбір ұғымдардың сыры тереңде болғасын, оларды тура айтуға ұяттау болғасын, табу (тыйым салу) қолданылды. Табу – астарлы сөйлеудің алғашқы түрі болғанын болжайды [2,182-183]. Мәселен, бүгінде де жиі қолданылар «*қала сайын үй сал» (әр қалада бір үйің болсын); «күн сайын бір көйлек тоздыр» (таза жүр); жұма сайын үйлен (жұбайыңмен жаңа қосылғандай жарастықта бол)* секілді тіркестерге назар аударудың өзі жеткілікті.

Бүгінде бізге мәлімі – осы жоғары айтылғандардан кейін қайын ата, ене, жезде, апа, аға, нағашы, жиен ұғымдарының пайда болғаны. Бұлар күрделене келе, «біздің үйдегі», «әлгі», «пәленшенің әкесі» (жұбайының есімін қасиетті деп ұққан кезде) дегендермен ұласуы, атын атамауы – сыйластықтың керемет үлгісі, өнегесі. Бұл тағылым күні бүгінге дейін келіндер тәжірибесінде пайдаланылды, ерлі-зайыптылар арасында жарастық, татулық күшейді. Ал бұның бәрі – меңзеу, ал кейбірі тұспал, нышан, ишара іспетті емеурінде, жорамалдар, болжамдарға ұласқан халықтық құнды қасиеттер. Бір ғажабы – осы саладағы ойлау қабілетіміз күрделене келе, астарлаудың поэтикалық түрлерімен жалғасты, образдап сөйлеуімізге ұласты, поэзиямыз көріктене түсті, ақын - жазушыларымыздың стилі қалыптасты [2,183]. Бұл ретте ғалым: «Астарлау, тұспалдау нені меңзейді, не туралы айтылуға тиіс, дала Цицерондары ойын қиялмен, жөн-жосықпен, қисынмен, мәніспен астарлайды, олардың сөз салғысулары аспанмен астасып шарықтап жатады, терең тебіреніспен қабысады, әлеуметтік мәселеге тіреледі»,- деп пайымдайды [2,183]. Мәселен, бұл орайда Шал ақын: «*Жаман туса балаңыз, Бұғып өткен азбен тең. Қайғы ойлаған жігіттің, Кең дүниесі тармен тең. Уайымшыл адамның, Алты тайғақ жармен тең. Жетесіз жаман боз бала, Тоқсандағы шалмен тең*» - демей ме.

Ғалым тұжырымдарының бірінде: «Біздің сөйлеу тіліміздің бір ғаламаты - жорамал мен болжамға, ишаратқа толылығы. «Ұл туса – ат әкелер, қыз туса – қырық тоғыз, қарттық – жазулы хат пен ерттеулі ат, жігіт– қайраулы қылыш, семсердің жүзі» деп олардың болашағын ишараттайды. Қазіргі жастарыңыз осындай жорамалдауларға түсінбей қалды, болжалдап, ишараттап сөйлеуден мақұрым қалғасын, енді ойлана сөйлеуге тіпті мүмкіндіктері құрыды. Кейде бұрма мағынадағы мақал-мәтелдерді де *(«Ит итті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайды», «Менің білетінім қызыл ит», т.б.*) түсінбейді»,- деп ой салады [2,184].

Профессор М.Тілеужанов талдамаларында астарлы, тұспалдап сөйлеуде күлкі реңктері көбіре кездесетіні, ирония (келекелеу, келемеж), юмор (сықақ) көп орын алатыны орынды айтылған [4]. Мәселен, ауыл айналасынан тезек теріп жүрген қыз – келіншектерден жолаушылап келе жатқан бір топ атты: «Бұл кімнің ауылы?» - дегенде, «Өзгеде жоқ, өзімде бар (Көтібар) қайнағаның аулы» - деп, жауап береді. Келісімді тапқырлық! Ожар батырдың аты да өзіне лайық қойылғаны келекеленген астарлаумен айтылады. Астарлаудың небір ғаламат түрлерін Сырымның («*Тұз шірісе, не себемін*?»), Абайдан («*Ит маржанды неғылсын*?») кездестіреміз. Бүгінгі айтарымыз: Мұғалімге сөз не үшін берілмек? Мұғалімге сөз шәкіртті ойланту үшін беріледі? Біздіңше, осы кредо әр ұстаздың есінен шықпауы тиіс. Бұлар шешен-билердің, ақын-жазушылардың ойлылығын, халық тілін аса зор мәдениеттілікпен пайдаланғандығын аңғартып қана қоймайды, оқушыларын терең ойға баулиды. Ойлануға үйретпеген сөз сөз емес, көркем шығарма шығарма емес.

Шынында да, астарлаудың бүкпе сырлары – халық ойы сияқты тоқсан түрлі, сан салалы. Олардың түбіне көпті көрген тәжірибелі азаматтар ғана жете алары даусыз. Қазақтың өмір қырларынан талай-талай кәсіби мамандардың шыққаны да рас. Әншілік, күйшілік, жыраулық, шешендіктерді үйрететін мектеп болмаса да, ондайларға іштен туа біткен қабілет-қарымды өмір үйретті, қажеттіліктен үйренді, өзінен-өзі даярлана білді. Мәселен, азаматы өліп, абдырап қалған азалы үйдің шаруасын ыңғайластырушы, қайтыс болған адамды ақтық сапарға аттандыруды ұйымдастырушы шеберлік; құда түсуде кез келген адамды жібере бермеу; ру арасындағы дау-жанжалды шешудегі билердің рөлі; қазақ өміріндегі атбегі, құсбегілік; түрлі белгілерді тапқыш, ізші, емші, қуақы сезімталдар, т.б. Бұл реттегі ғалым түйіні: «Өмірден тоқығаны көп азаматтар кез келген кісіні сөйлеген сөзінен байқаушы еді, көзінің күлімдегінен бірдеңелерді сезінетін-ді, бет әлпетінен, бас қондырысынан, сәлемдесуінен, киім киісінен, жүріп-тұруынан оның қандай адам екенін танитын еді»,- дейді [2,186]. Мәселен, атақты Сырым бидің шындық пен өтірікті айыруда «Көзімен көрген шын, алқұлақпен естіген өтірік, екеуінің ара қашықтығы төрт елі»,- деп, қолын құлағы мен көзінің арасына қоюы. Түйесін жоғалтқан адам ен далада келе жатқан үш кісіге жолығып: «Түйе көрмедіңдер ме?» - дегенде, «Жоқ, көрмедік»,- деп,жауап береді де, соңынан үшеудің біреуі: «*Түйенің сол көзі соқыр ма еді, аяғы ақсақ па еді, құйрығы шолақ па еді*?» - деп сұрағанда, «Тап сондай еді, түйемді сен алдың»,- деп оны қазыға әкелгенде, әлгілерді айтқан азамат: «Мен түйесін алған жоқпын, бірақ жолшыбай келе жатқанымда, жол бойындағы шөптерді тек оң жағынан жеп, сол жағы қалып қойғандығынан түйесінің соқыр екендігін, тұрғанда бір аяғының ізі болмағандығынан ақсақ екендігін, құмалағының алысқа түскендігінен құйрығы шолақтығын аңғардым»,- депті. Қазы әлгінің орасан байқағыштығын аса зор бағалап, пәледен құтқарыпты [2,186].

Қысқасы, профессор М.Тілеужановтың пайымдауынша, осы айтылғандардың барлығы халықтың ауыз әдебиетінде көрініс тапқан[2;89]. Бұл қазақ халқы тағылымының ұшантеңіздігінің бір қыры. Ендеше, бүгінгі ұлт тұлғасын балу ісінде білімге негізделген рухани құндылықтарға сүйену, ұлттық өнер қуатын дарыту адастырмас басты шарт болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан» газеті, №70, 12 сәуір 2017 . 1-2-б-б.
2. Тілеужанов М.М. Халық тағылымы. Алматы, «Рауан» баспасы,1996.-302 б.
3. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2017. – 364 б.
4. Тілеужанов М. Астарлы әзіл. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1978. - 112 б.
5. Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, «Рауан» баспасы, 1994. - 224 б.
6. Әлімбаев М. Халық- ғажап тәлімгер. Алматы, «Рауан» баспасы, 1994. - 144 б.
7. Кәмәлашұлы Б. Қазақ халқының туыс-туғандық жүйесі, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғұрыптары. Алматы, «Өнер» баспасы, 2005. - 129 б.

ӘОЖ 94(574)

ТҰРАННЫҢ ФЕНОМЕНІ – АСАН ДЕГЕН...

(«Мәңгілік ел» мемлекеттік идеясының тарихи тұлғалар өміріндегі көрінісі)

Р.Қ. Мұхамбетқалиева
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
А.О.Абдубали
М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

2020 жылы Асан Сәбитұлының туғанына - 650 жыл, ал дүниеден озғанына - 550 жыл толғалы отыр. Бұл жадының ойдан алынбағандығы, ертелі-кеш қазақ әдебиеті мен тарихын зерттеуші Қ.Жалаири, Қ.Халидұлы, Ш.Құдайбердиевтер бастаған Ш.Уәлиханов, Ж.Көпеев, Х.Досмұхамедов, С.Д.Асфендияров, Ш.Қ.Сәтбаева, М.Әуезов, М.Тынышбаев, Қ.Сыдиықов, Х.Сүйіншәлиев, Ж.Ж.Тілепов, М.Мағауин сынды тағы да басқа қазақ ғалымдары мен алыс-жақын елдердегі түркі тектес халықтардың тарихы мен мәдениетін, әдеби мұраларын зерттеп жүрген ізденушілердің еңбектерін (1) шолу барысында осындай мәмлеге келіп, Асан бабамыздың - бүкіл ноғайлы елінінің тел бабасы, ал қазақтың төл данасы екендігі дәлелденіп отыр. Асанның өмірдерегі мен тыныс-тіршілігін біреу арнайы жазып қалдырмаса да, данагөй абыздың ізі қалған тарихи-этнологиялық, фольклорлық шығармаларға қоса, қағазға түскен құжаттар арқылы да тың деректерінің баршылығынан, оның дүниеде болғандығы, соның ішінде, біздің батыс өлкесінде азды-көпті өмір сүріп, өмірінің ақырында Еділ-Жайық бойын қимай, ел басқарып отырған басшылардың, соның ішінде, үзеңгілесі Жәнібек ханның бір мезет аяғын шалыс басқанына өкпелеп, бұл өлкеге сыймай кеткенін өзгеден емес, Асанның төл шығармаларындағы өз аузынан естідік.

Асанқайғы өміріне қатысты тарихи деректердің бізге ең құндысы - Асанның Еділ, Жайық, Жем бойында азды-көпті қоныс теуіп отырғандығы болса, Жәнібек ханның осы өлкені Орманбает хан өліп, он сан ноғайлы елі бүлінгенде артқа тастап, Шу мен Қара Ертістің бойына көш түзегенінде елдің аймағын көздеп, болашағын алдын ала болжап білген Асан үзілді-кесілді қарсы болады. Қалай болғанда да Жәнібек ханның Шу бойындағы Моғолға бет түзегені немесе ол жақтан Жайыққа қарай жылжи көшкен кезіндегісі болсын, қалай болғанда да үдере көшкен жолдарының бірінде Жайық пен

Жемге соқпай, Еділдің тар қолтығына барып киліккеніне қарсы болған секілді. Себебі Асанның төл толғауында бейнеленген тарихнамада Жәнібек Жем мен Ойыл, Қиылды, Жайықты кесіп өтіп, Иса-Бұғаға бет алған тұсында айтты ма екен, әйтеуір Асанқайғының ханнан осы өлкеден ұзамауын сұрап, Еділ мен Жайықты қатар жайлауды талап еткенін білдіретін мына жолдардағы:

Еділ менен Жайықтың,
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал, қолыңды маларсың,
Алтын менен күміске! (2) – деген сөзіне тек қана әдеби-тарихи тұрғыда ғана назар салып қоймай, көптеген жекелеген пәндер саласы бойынша да құлақ асуға тұрарлық деректерінің баршылығын көруге болады. Жайықтың кенге бай құтты жерінің жергілікті құндылықтарын ғана емес, сол кезеңде Шаш арқылы енген Ұлы Жібек жолының барлық жетістіктерін игеруге мол мүмкіндіктерінің баршылығын алға тартады. Асан бабаның қай толғауын алсақ та, өзі үзеңгілес болған бірнеше хандардың өзгеге көзін сатып, ойға-қырға халықты сандалтқан иемденушілік ниеттерін құптамаған.

Жырау үшін өз дәуірінен көрген қоғамдық кешірілмейтін кемшіліктің бірі - ғасырлар бойы қалыптасып келген көшпелілердің артыққа құмарланбайтын, керекті-керексіз мүкәммал жиып, оны қорғаймын деп алдау мен арбауға бармайтын, барлық рухани-дүниелік құндылықтарын жүрегінде сақтап, есіл-дерті жер бетінде өмір сүрудің құқығынан ғана айырылмауды мақсұттанған тірлігінен халқының ажырап бара жатқандығы үшін қайғырады. Асан жылайман қайғының әлем білетін символистік үлгісі емес, ол – «жарты қабырғасы» қалғанынша халқының жарқын болашағы үшін таусылып, елім деп еңіреп кеткен данагөй.

Сол бір аласапыран кезеңдегі «Бір жігіттің қайратына қырық жігіт мас болатындай» жағдайға жеткен Жәнібектің сарай салдыру үшін орыстан шеберлер алдыртып, ғимарат салдыртып, күңнен тоқал алып, құладын құсты баулып, аққу ілдіргеніне қарсы болған бабамыз, «салдырған сарайың - сол халықтың өзіне бұйырар, күңнен туған балаларың - хандықтан айырар, құладынға аққу ілдіргенің - жеріңді шын иесінен айырып, жат жұрттықтарға бодан болғызар» деп болжау айтады.

Қазақ әдебиеті тарихында Асанның бұл болжамдарының түсіне кірген аян арқылы білгендігі айтылмаса да, бұл туралы түрік ғалымы Метин Эргунның «Қазақ жырауларындағы түс көру мотивтері» деген еңбегінде осылайша атап кетеді. Асанның өңінде де, түсінде де үнемі ел жайын ойлап, тынымсыз күн кешкенін қоюлату мақсатында оның әрбір айтқан ғибратына жаңа мазмұн қосып, данагөйлігін мифке айналдырады. 2002 жылдары Анкарада М.Мағауиннің ізімен топтастырылған «Қобыз сарыны» атты түрік тіліндегі еңбекте де, сонымен қатар жиырма жеті томдық «Түрік тысындағы түрік әдебиеттерінің антологиясында» да Асан Қайғы толғауларына арнайы орын беріліп, бұрын қазаққа белгісіз деректер келтіріледі.

2003-жылдары Анкарадан басылып шыққан «Түрік дүниесі әдебиеті» деген кітапта Асан Қайғының философиялық көзқарасына ретрологиялық талдау жасалынып, жалпытүркілік қана емес, әлемдік деңгейде назар аударуға тұрарлық қоғамдық қатынастарға негізделген толғамды саяси ойларына ерекше мән беріледі.. Түріктер өздерімен туыстас халықтардың өткені мен салт-дәстүрлерін жақынырақ танып-білу үшін, жалпытүркілік мәдени мұраларды бір ортаға жиып-теріп, типологиялық-салыстырмалы түрде талдау жасау арқылы хандық дәуірлердің рухани құндылықтарының көптеген тарихи және көркемдік танымына қол жеткізеді. Сонымен қатар доктор Айше Южел Четиннің «Қазақстандағы халық жырларының дәстүрі» деген кітабында да эпостық және жыраулық туындыларды зерттеу барысында көптеген жалпытүркілік мотивтік жайлардың ортақтастығы мен мазмұн бірлігін нақты мысалдармен анықтайды. Өзінің аталмыш еңбегінде зерттеуші Асан Сәбитұлының

толғауларындағы Алтын Орданың күйреуі мен қазақ ордасының алғашқы құрылуы кезеңіне қатысты мәліметтерге ерекше ден қойып, тарихилық белгілеріне жоғары баға береді. Асанның толғау өлеңдерінің қауызымен сақталған тұтас бір мемлекеттің саяси және тарихи жағдайының шашылып-төгілмей кейінгі ұрпаққа аман жеткенінің басты себептерін санамалап береді.

Себебі белгілі бір елдің басынан кешкен алмағайып жағдайлары мен батырлық дәстүрлерін өзге бір ұлыстардың жігін білдірмей өзіне теліген мысалдары халықтар тарихында жиі кездесіп отыратын құбылыс екендігі жасырын емес. X-XII ғасырлардағы қыпшақ тарихы мен өзге де түркі тектес халықтардың шежіресін өзгертіп иемденушіліктің шебері атанған Мстислав-тың қыпшақ тарихына қатысты өзгертпелерін кейіннен көшпелілердің ою-өрнектері әшкерелеп, дала тұрғындарының маңыздылығы жоғары деректерінің қолды болуынан аман сақталынып қалғандығын ескерсек (3), қағазға, папирусқа, ағашқа, әйнекке, сүйекке, тіпті тасқа қашалғанына да қарамастан, өткеннің өшкенін тірілтудің қиындығын қазақ данышпандары жақсы білген. Сондықтан әлемдегі жеті музаның ішінен саусақпен ілгендей етіп, сөз құдіретін таңдауы арқылы ауыздан-ауызға көшіп отыратын жанды сөздің тініндегі тарихтың та, ұлттық тағылымның да ғасырлар бойы амандығын сақтайтынын талай дәлелдеп берді. Қазақ халқының жазу-сызуы болмаса да, жазушылығы кенжелеп қалыптасуынан ұтылғанынан ұтқаны көп болғандығын байқаймыз.

Дәстүрлі түрде өзге елдер секілді ел тарихы қағазға жазылса, ол басқа біреулердің қолымен он өзгертіліп, жүз көшіріліп әредік жағдайға тап болар еді, ал қазақ жыраулары мен айтқыштарының көмейінен қалған көне мұралар отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын күйінде бейнелеушіліктің төресіндей сөз қауызымен аман-түгел кейінгіге жеткендігі көптеген елдердің ғалымдарын тәнті етеді. Ел тарихын аман-түгел кейінгіге жеткізумен бірге, оның үлкен әлеуметтік мәнге ие болуының өзі - біздің бабаларымызға азаматтық сын болса керек. Сонау IY-Y ғасырлардағы көне түркі ескерткіштерінде көрініс тапқан «Өлімнен де ұят күшті» деген қарапайым мәтелдің өзінде де тастағысынан гөрі сөзбен сомдалған жоғары идеялылылығының басымдығынан талай ғасырды артқа тастап тірлігін жоймай келеді.. Бірақ бүгінде сыры да, сыны да кете бастаған, елжандылықтан кіндігін үзе бастаған ұрпақтың қолына түскен бұл киелі мәтелдің тым күйкіленіп бара жатқаны болмаса, өз тұсында салмағының өте ауыр болғандығы, әрбір дала тұрғынының ар-ожданы өзі өмір сүріп отырған кеңістіктен немесе сайын дала төсінде өмір сүру құқынан айырылуы - өлімнен де қиын болғандығын дәлелдейтін осы жалғыз ауыз сөз - ежелгі адамдардың ең жоғарғы сезімге негізделген елжандылығының ескерткіші секілді.

Түріктер жыраулық шеберлігіне сай Асанқайғыға «Асан озан» деп айдар беріп, жыраудың өз толғауларымен өз заман тұсының картинасын айнадағыдай бейнелей білген суреткерлігінен оны тек сөз майталманы, жиһанкез саяхатшы ғана емес, ежелгі дәуірдің флорасы мен фаунасының тілін білген экологы, жер-судың тамыршысы, өз заман тұсының тарихи шежірешісі, қоғамның беталысын бағамдайтын қайраткері, саясаткер елшісі деп ілтипат білдіреді. (4) Қазіргі таңда Білге, Тоныкөк, Құлтегін қағандар мен Қорқыт, Отырардың 32 Әл Фарабилері, олардан кейін жалғасқан қазақтың Кетбұға мен Асаннан басталатын жыраулық мектеп өкілдерінің жыр-толғауларындағы көркемдік және тарихи танымын іздестіріп, бүкіл жалпытүркілік деректердің асты-үстін қазбалап, Анадолы елінің тарихнамасын толықтырудың мақсатымен түрік экспедициялары іждағаттылықпен жұмылып, іске кірісіп жатыр. Бұл шын мәніндегі рухани жаңырудың ізіне түскен елдің шынайы тірлігі десек артықтық етпейді.

Сондықтан таусыла айтылып, сарқыла зерттелініп болмаған Асан Қайғының осы Жайық өңірінің де топырағына желмаясының табаны тиіп, бүкіл қазақ пен ноғайлыға тиесілі жер атаулының ішінен Еділ-Жайыққа ең жоғары баға беріп кеткенімен қоса, анда шауып, мында шауып осы өлкеге тұрақтамағаны үшін, сол кезеңнің тағдырын

арқалаған ел басшылырына, соның ішінде, Жәнібек ханның Қырымға білек артып, орысқа иек артып, халықты сансыратқанына ренжіп кеткен Асанның титімдей дерегіне шейін көңіл бөліп, жыл сайын тірнектей жиып-теріп, бүгінде баба есімін ұлықтауға шындап кірісіп отырған облысымыздың қазіргі Шыңғырлау ауданы азаматтарының игі талпынысы көңіл қуантады. Шыңғырлаудың қыр-ойпаңы мен топырақ - суына шейін, алдына салған малына дейін зер салып, сүйсініп кеткен бабадан бата алған бұл мекеннің қай заманда да жаман болған кезі болған емес. Қай идеологиялық платформаның тұсында да Шыңғырлау өз пікірі бар, өзіндік талғамы мен даналығы бар елдімекен болып қалғандығын қазіргі заманауи кезеңде де дәлелдеп отыр. Сонау ашаршылық пен соғыс жылдарында да, аш бүйірден жабысқан бүгінгі нарықтық кезеңде де, шаруасын дөңгелентіп, алтын асықтай тіршілік құрып отырған бұл аймақтың Асан атаның мейірі мен батасы қонған ел болуы заңдылық. Сондықтан 2020 жылы Асан атамыздың туғанына - 650, дүниеден озғанына - 550 жылдығына арналған республикалық шара ұйымдастырылып, осы мекенде ас берілсе екен деген ұсыныс білдіре отырып, бұл мәдени-бұқаралық шараның осы мекенде өткізілуі әбден орынды дер едім. Бұл өлкенің топырағы бұйырмаса да, бүгінде арманда кеткен бабаның ізгі арманын айшықтайтын Жайық өлкесінде биыл ең алғаш рет ескерткіш орнатылды. Тас мүсін демесең, жиырма жылдай жер кезіп, дамыл көрмеген Асан бабаның желмаясын шөктіртіп, аққулы мекеннің жақұттай табиғатынан шағылған көзін көлегейлетіп, аймағын көздеп, алысқа мегзеп тұрған данагөйдің бейнесін көрген көзге еріксіз жас үйірілдіреді.

Көп жасаған Асанның бос қуысы жоқ тынымсыз өмірі талай хандардың билігімен қатар өріледі. 1432 жылдары Алтын орда тағынан тайып,

«Тегінде ноғай, қазақ түбіміз бір,

Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.

Орманбет хан ордадан шыққан күнде,

Асан ата қайғырып айтыпты жыр...» (5) - деп, Құдабай ақын жырлайтын тұста да Асан Қайғы Тоқай Темірдің тұқымы Ұлығ Мұхамедтен (Орманбеттен) айырылған тұстағы бүлінген елдің жағдайын ерте аңғарады. Ұлығ Мұхамедтен кейінгі Орыс ханның шөпшегі Кіші Мұхамедтің де аяқалысын көзімен көріп қана қоймай, оның алдындағы Едіге мен Темір Құтлық, Тоқтамыстардың да ел басқарудағы біліктіліктерін де, қияс кеткен жерлерін де тіліне салған алғашқы адам - Асан бабамыз болатын.(6)

Тіпті Тоқтамыстың басынан бағы таятын 1393 жылдардың 20 мамырындағы Польшаның королі Ягайлаға жазған Жарлығында да Асанның есімі көрсетіліп, Котлубаға баратын ұсыныстағы екі адамның бірі – осы Асан (Хасан) Сәбитұлы екен. Бұл жазбаша құжаттың ғылыми айналымға түсуіне кезінде И.Березин, Д.Банзаров, А.Қазембек, В.Радлов, Ш.Уәлихановтар біраз еңбектенгені ғылым әлемінен белгілі. Ягайлаға жіберілген тұста Асанның жасы жиырмадан жаңа асса да, шалқар ойлы, темірдей тәртіп пен мірдей өткір сөзді, ұғымтал Асанның жастығына емес, жас болса да бас болуға лайықты қадір-қасиетіне сеніп, Тоқтамыс Асанды жібереді.

1869-70 жылдардан бастап татар газеттерінде жарық көре бастаған қазақ айтқыштарының шығармашылығына кезігіп, бейнелеушілік шеберліктеріне тәнті болған орыс ағартушыларының бірі - К.Н.Бестужев-Рюмин айтқандай: «...Шынында да, өткен заманның қалай болғанын, қазіргі заманның қалай өтіп жатқанын, тіпті болашақта қандай заман болатынына шейін болжап, жаманына қарсы шығып дау айтып, өз позициясын батыл ұсына алатындар – ақындар мен әдебиетшілер екендігіне күмәным жоқ...» (7) деп тапса, оны қазақтың ақын-жыраулары ғасырлар тереңінен бері дәлелдеп келеді. Сол жыраулардың бірегейі – Асан бабамыз әдебиетте жыр-толғауымен жыраулық қырын танытса, хандық дәуірдегі дипломатиялық қарым-қатынастардың жігін жатқыза білген әдісқой елші ретінде де қоғамдық қайраткерлігін өз тұсында-ақ танытады.

20 жылға жуық дүниені кезіп, қазаққа қолайлы жер іздеп жүргенінде Шыңғырлау өлкесіне айтқан бағасын кез-келген Шыңғырлаулық бүгінде жақсы біледі. Шыңғырлаудың топырағы мен шөбін қоя тұрып, көл-суына ерекше сүйсінгені жайдан-жай болмаса керек. Бүгінгі жаңғырған Шыңғырлаудың су жүйесіне гидрологиялық және мелиорациялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оның құрамы мен сапасына қарай мұраптық жұмыстарды да дамытып, шипажайлық қызмет түрлерін өркендетуге көңіл бөлінсе деген ой келеді. Шыңғырлаудың аталымы төңірегінде де әлі күнге дейін әрқилы болжамдар айтылады. Асан бабамыздың Елек, Қатпар, Шаған, Бесқоспа, Суықсу, Табантал аймағын айналып, Шыңғырлаудың тақтайдай болып жатқан жолында желісінен айнымай келе жатқан желмаясының жүрісі кенеттен баяулап, ауырлай бастағанын көріп, елдімекеннің жазықтан елеусіз қырға ұласатын дөңесте тұрғанын да байқап қалады. Осыған қарағанда, Шыңғырлау атауы да, бұрынғы орналасқан жер бедерінің кеңістігі бойынша қыраттау, шыңайтты жерде тұрғандығынан туындаған болар деп немесе бұл аймақтағы әлі күнге дейін ағысынан айнымаған әлемдегі ең кіші сарқырамасының алыстан естілетін сыңғырына байланысты аталды ма екен деп болжамдаймыз. Шындығынан қисыны басым бұл деректердің шешімін табудың жұмыстары әлі де ас та төк екендігін осыдан байқауға болады. Себебі ғасыр өткен сайын жер бедері мен табиғаттың да сан өзгеріп, жүз құбылып отыратынын ескерсек, бүгінгі мекен-аймақтар мен өзен-сулардың бітісі мен ағысында да көптеген өзгерістер болғаны анық.. Тіпті «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның Ақша хан мен Ханзада сұлтанға айтқан жерінде:

Еділден шыққан ен Шаған,
Қалмақтан тартып әпердім.
Атаңа нәлет ноғай-ай,

Елемеді сөзімді ... (8) – деп мертігіп жатып, тарыққан сәттегі сөздерінен де жақсы байқауға болады. Жайықтың Еділмен етенелескен ағысы бүгінгі күнге дейін көз алдымызда өтіп жатқанымен, Шағанның Тарғын көргендегі кейпі мүлдем басқа болғандығын жыр өзегіндегі тарих қана сақтап қалғанын байқаймыз. Қазірде Еділ қайда, Шаған қайда, бір сағағы - Оралда, енді бірі - көрші облыста үзік-үзік жатқан Шағанның кейпі бұрынғысынан мүлдем бөлектігі байқалады. Сондықтан Шыңғырлауды өзгеден бұрын өз көзімен көрген Асан атаның дерегі қисындылау деп ойлаймыз.

Сонымен бірге Асан жыраудың халық қамын күйттеп, ұзақ жыл бойы ел-жер кезіп, халқына жайлы қоныс іздеп жүргені - дәуріштігінен еместігін, елім деген әрбір азаматтың дәуіріне, ғасырына қарамастан Асандай елжанды, Асандай тынымсыз, бір көзі елде, бір көзі жерде жүріп, елдің аймағын көздейтіндей халде болуын аңсағанын білдіреді, өзі бас болып, жарқын үлгісін қалдырады. Бабалардың қан мен терін төгіп, «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп, ешбір дүниелік қызыққа бас бұрмай, елдігіміз бен еркіндігіміз үшін қолынан келгенді де, тіпті келмегенді де жасап бақкандығын жоққа шығара алмаймыз.

Қазіргі таңдағыдай егемендікке жеткен күннің ертесінде-ақ ғасырлар бойы ұлыс ретінде ерекше қасиетке ие болып келген отаншылдық сезім мен рухани жетістіктерімізге баса назар аударылып, елдің ой-санасына тәуелсіздіктің асыл мұраттары орнықтырылып, бүгінгідей сыңаржақ жалғыз тертелі әлеуметтік мәселенің қазанына салынып кетпей, ел болашағының жанды моделін жасауға бар қайраттың салынуы әлдеқайда тиімдірек болған болар еді.

Үлгісі жоқ, бабалар салған мектебі жоқ санасыз да ел емес едік, ғасырларды көктей жеткен азаттықтың дәмін татқызбастан, жарқыл-жұрқыл дүниелік шыжыққа түскен халық тәуелсіздіктің, егемендіктің шын мәніндегі мұрат-мақсаттарын ажырата алмай қалды, тәуелсіздіктің жан рахатын сезіне алмады. Тәуелсіз елдің ұрпағымыз дей жүріп, көптеген қажетсіз мәселенің қазығына байланып, жамандық атаулының небір құйтырқы категорияларына тәуелді болып қалды.

Халықаралық тіршілік ету этикетінде «темірді қызған кезінде соғудың» ережесі жүздеген ғасырлар бойы қызмет етіп келсе, сол теория тәуелсіздік алған елдің ауыл сыртынан айналып кетті. Жаппай дүниеге, мүлікке, жарқыл-жұрқылға басы бұрылған халықты отыз жылдан кейін рухани теміржолға салу – тыңға түрен салғанмен бірдей болып отыр.

Ел мен елдікті қорғаудың жарқын үлгісін жасап кеткен аға ұрпағымыздың үлгі-тағылымдары мен мұрат-мүддесі әлі күнге дейін күн тәртібінен түспеген, құндылығы жойылмаған өзекті мәселе. Асанды қайғыға батырған қаймана қазақ халқының болашақ жайы болса, дүниені шошындырып, өмірге әлемді қорқыта келген Қорқыттың да қашқаны – жай ғана өлім емес, адамзаттың өз аяғымен көпе-көрінеу өлім мен жамандыққа бастайтын жолдарды өзі таңдайтындығы қиналтқан болатын және қашып-пысып жүрген Қорқыт өзінің басты айтпағын, мұрат-мүддесін өнер құдіретіне әкеліп тіреп, адамзатқа осынысымен жер бетінде өмір сүрудің жоғары этикетін түсіндірмек болады. Әлі күнге дейін мектеп бағдарламасында Асанды қайғыдан бас көтермейтін дәуріш, Ал Қорқыт әлемді дүр сілкінтіп келіп, кейіннен өлгісі келмей, ойға шауып, қырға қашып жүрген жай адамның кейпінде түсіндірілетіні жасырын емес. Дәуір, ғасыр, заман талғамайтын, әр мемлекеттің заң жүйесінің бірінші бабы – жер мен ел мәселесі екендігін ескерсек, аға ұрпақтың мұраға қалдырған аманатын тісіңмен қорғасаң да, кейінгіге аман-түгел жетуі үшін барымызды салуымыз көзделеді. Бабалар өсиетін дұрыс түсінген ұрпақ қана туған өлкенің ұлтарақтай жеріне дейін жаттың қанжығасына байлап бермек түгілі, ол туралы ойлаудан да именері хақ..

Сондықтан бүгінгідей кешігіп болса да руханияттың жалына жабысқан кезеңде ұлттық рухты алыстан іздемей, еліміздің ертелі-кеш әлеуметтік-тарихи сахынасынан орын алған тарихи тұлғаларының кейінгіге аманаттаған арман-мүддесі мен ғибраттарына мән беріп, тіпті сыны кетсе де, сыры кетпеген ежелгі мәтіндердің көбесін сөгіп, ішкі тініндегі ұлттық құндылықтарын жас зерделердің санасынан жарықшақ тауып ұсына білсе, шуы мол ұлтшылдыққа емес, жоғары сезімді ұлтжандылыққа баулуға септігі тиер еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Қадырғали Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы: Қазақ университеті, 1991, 215-231-бб; Халидұғлы Қ. Тауарих хамса. Қазан, 1910, 261-б; Ш.Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. Орынбор. 1911. 31-32-бб; Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата: ҚСӘ, 1985. Т.2. С.371; Көпеев М. Екі томдық.Алматы:Ғылым, 1982.2-том, 114-115 бб; Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991, 176-б; Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. Т.1. Алма-Ата, М.: Казахстанское издательство.1935. С. 267; Сәтбаева Ш.К. Казахская литература и восток. Алма-Ата: Наука, 1982. С.200; Ауэзов М.О. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1959. С. 556; Тынышбаев М. История казахского народа. А., 1993. С. 224; Сыдиқов Қ. Ақын, жыраулар. Алматы: Ғылым. 1974. 240 б; Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы: Қазақстан. 1967. 386 б; Тілепов Ж.Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. Алматы: Білім.1995; Таным мен тағылым. Алматы: «Үш Қиян». 2010; Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы. 1991, 432 б.
2. Бес ғасыр жырлайды. І-том. Алматы: Жазушы., 1989. 24-б.
3. Аджи М. Полынь половецкого поля. Москва., 1994. С. 43.
4. «Түркия тысындағы түрік әдебиеттерінің антологиясы». Анкара., 27-том. 171 б;
5. Бес ғасыр жырлайды. І-том. Алматы: Жазушы., 1989. 25-б.
6. Тілепов Ж.Ж. Тарих және әдебиет. Алматы: Ғылым., 2001. 50б.
7. К.Н.Бестужев-Рюмин. Полождение о начальных училищах. Петербург, 1874г.
8. Батырлар жыры. І - том. Алматы: ҚМКӘБ., 1963. 83 б.

ӘОЖ 801.8(574)

АСАН ҚАЙҒЫ ТӘЛІМІНДЕГІ РУХАНИ ЖАҢЫРУДЫҢ ПРОФЕССОР М.М.ТІЛЕУЖАНОВ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ

Ғ.Қ. Хасанов,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында Асан атамыз бен профессор М.М. Тілеужановтың ел болашағына деген көзқарастары дөп басылып айтылған. Н.Ә. Назарбаев бағдарламалық мақаласында былай деп жазған болатын: «ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» (1).

Ұстаздардың ұстазы М.М. Тілеужанов өз дәрістерінде Асан қайғының насихат тағылымын басты меже деп ұғынып, қазақтың баяғы дәстүрлі тұрмысы мен тәрбиесін үлгі ететін еді. Оның «Халық тағылымы» зерттеуіндегі насихат-сөзін келтірелік: «Халқым деп кеткен, ұрпағым деп кеткен, туған жерім деп кеткен, адамгершілікті биікке көтерген Асан Қайғы, Абыз Абайлар естеріне түседі» (2, 43 б.). Бұл жерде ғалым, «естеріне түсетін» ақсақалдар мектебін айтып отыр. Өз ойында ғалым халық тағылымы басында бірқатар тәрбие үлгілері тұратынын ескертеді.

Ең бірінші тектілік. Қазақтың ұғымындағы бұл қасиетті Асан Қайғы алдыңғы кезекке қойса, профессор М.М. Тілеужанов та халық тағылымының басына қояды. Асан Қайғы былай демей ме:

Қатын алдың қарадан, Айрылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас, Айрылар ата мұрадан!
Мұны неге білмейсің?!
Құладың құстың құлы еді, Тышқан жеп жүнін түледі,
- Аққу – құстың төресі
Ен жайлап көлді жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұспан Елге жау боп келеді.
Құладын ақкуды өлтірсе —
Өз басыңа келеді! Құлың көп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі, Мұны неге білмейсің?!
Есті көрсең кем деме, Бәрі тұйғын табылмас.
Қарындасың жамандап, Өзіңе туған табылмас.
Адам әзіз айтар деп Көңіліңді салмағыл.
Нәпсі алдаушы дұшпанның
Насихатын алмағыл.

Ал М.М. Тілеужанов былай дейді: «Текті мен тексізді бағалауда халықтың орта буынының (яки жігіттердің) қимыл-әрекеті басты мөлшер болды. Қазақ үшін өзінің ұрпақ тәрбиесіндегі тәжірибелерін жинақтау үстінде орта буынға аса бір жауаптылықты артуына тура келді. Сырым Датұлы бұдан екі жүз жыл шамасында тілімізге *«мігіт»* деген анықтаманы енгізгені белгілі. Аса бір қажетті жағдайда қайрат-жігер көрсете бастаған жігіттеріміз дүниеден шейіт бола бастады *(Сырым),* бастары алына бастады *(Исатай, Махамбет),* туған жерден *(Бекет)* қуыла бастады, түрмеге

тығыла бастады *(Құрманғазы),* жігіттеріміздің бас көтерерлері кісенделсе, бұғаулана, тұсала, өрелене бастады. Елде жігерсіз ынжықтар, қолапайсыз-болбырлар, қысқасы, *мырқымбайлар* пайда бола бастады. Соңғы бір ғасыр шамасында тілге түсінбейтін кещелер, ойлау қабілеті жоғала бастаған мәңгүрттер, одан бергі жерде жалтақтар, немкеттілер, енжарлар көбейе бастады. «Үміт еткен көзімнің нұры – баламдардың» ішінен жігіт болудың орнына, «мігіттер» едеуір орнығып алды. Жігіттердің балаңдық кезінен басталған көрегенділік-тындырымдылық, тыңдарлық қабілеттері жойыла бастады. Жойылмай не қылсын, сенері мен сүйенері – тағылымынан айырылды, сөйлеу тілінен, ежелгі мәдениетінен айырылды, басқа тәрбиенің ықпалына ілікті, көзінің қарашығы деп баласы әке-шешесін бақпай, жетімдер үйіне тапсыру басталды» (2, 55-56 бб.). Асан Қайғы зары Кеңес дәуірінде жақсы сезілді, себебі қазақтың бар бойындағы асылын құрту үдерісі осы кезеңде қарқынды жүргізілді. Адамның атынан бастап, тегіне дейін ауыстыру оның бойындағы ұлттық сананы ауыстыруға дейін ұласты. Қазақтың этнограф ғалымы Жағда Бабалықұлының мына бір сөзін еске алалық: «Поштаға хат тасушы болып орналасқалы жатырмын. Тізімге алатын жер ме екен, әйтеуір бір орыс келіншек отыр екен, сол құжатыма көз жүгіртіп, қарап тұрды да:

– Сенің атың бұдан кейін Женя болсын, - дейді.

– Неге? – деймін мен ызыға булығып.

– Жағда дейтін бізде сөз жоқ, - дейді орыс қатын. Орысша атау керек сені, - дейді... Қолынан құжаттарымды жұлып алдым. Ашуым келіп, орыс қатынға біраз айқайлап бердім ғой деймін. Енді орысша білмеймін, қазақша айттым әлгі сөздерді ашуланып.

– Не дедіңіз сонда?

– Мені сен туып пе едің, әкеңнің аузы... – деп едім, маған қарап абдырып, аңырап қалды ол байғұс.» (3, 219 б.).

Екінші ғалымның жоғары қоятыны – көргенділік. Ол былай деп жазады: «көргенді атану – қазақ тағылымының басты шарты, не нәрсе болса да, көз жеткізу, иландыру, нандыру, шындық пен әділдіктен, ақиқаттан айнымау, берген антына берік болу, аманатқа борышты болмау» (2, 13 б.).

Қазақтың бойындағы асыл қасиеттердің біртіндеп жоғалып, кетіп жатқанын сезген фольклоршы-ғалым М.М. Тілеужанов қазіргінің Асаны іспетті өз насихат-күресін бір тоқтатпады. Бұрынғы тәрбиені көрген үлкендер кеңес кезеңінде бір ғаріпке айналғандай күй кешті.

Бірде ел абыздан «Не жетіспейді, не ғаріп?» деп сұрапты. Сонда Асан абыз:

Бұ заманда не ғаріп?
Аққалалы боз ғаріп.
Жақсыларға айтпаған,
Асыл шырын сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қария болар шын ғаріп.
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса;
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз, үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Мұритін тауып алмаса,
Азғын болса пір ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.

Ғалымды хатим еткендер,
Мақсатына жеткендер,
Жас кәрілер отырып,
Алдынан сабақ алмаса,
Қарамаса жүзіне,
Ғалым да болса ол ғаріп, -
Ердің құны сөз емес,
Есебін тапқан сабазға.
Төрден орын тимейді,
Патша болсын малы азға.
Мойнын бұрып сөз айтпас,
Көңілі қалған аразға.
Атадан жауып айтпаңыз.
Алғаным асыл ару деп,
Күн шығарып жатпаңыз.
Атамның малы көп-ті деп,
Атты басқа тартпаңыз.
Есенінде, тіріде
Бір болыңыз бәріңіз.
Ақыретке барғанда,
Хақ қасында тұрғанда,
Қыдырдың өзі болғай жарыңыз» деп толғайды. Осы бір Асан ата толғауында сол кездің өзінде қазақтың басына төнген қауіптің бара-бара күшейіп кететіні ескертіледі. Осының бәрі М.М. Тілеужановтың ойынша, ақсақалдық мектептің кеңес дәуірінде өліп кетуінен болған салдарлар. Ол былай деп жазған болатын: «Барлық ұлттардың өз ерекшеліктерін ескермей, бәрімізді бір шыбықпен айдады. Ал қазағымның заң жүйесі өзінің жөн-жосығы еді. Жөн-жосық әдетімізде, салт-санамызда, ырым-нанымдарымызда әбден орнығып, қай мәселені шешуде де жетекшілік рөл атқарып, халықтық заң-дәстүрге айналып болған еді. Дәстүріміз заңгерлік рөлден айырылғаннан кейін, кеңестік кезеңде әдіре қалды» (2, 35 б.). М.М. Тілеужанов ойынша, ақсақалдар мектебі – қазақ дәстүрін берік ұстаған қазақтың қасиетті заң отаны. Ғалымның ойынша, кез келген қарт ақсақал болай алмайды. Ол былай дейді: «Ақсақал атану кейде жасы ұлғайғандығына қарамайды, ақыл иесі, көреген, алдын болжағыш парасатты жас азаматтар да бола алады» (2, 37 б.). Асан Қайғы мектебі – осы қаймағы бұзылмаған ақсақалдар мектебінің жарқын көрінісі. М.М. Тілеужановтың ойынша, ақсақалдардың ең бірінші қасиеті – болжағыштығы. «Мұрат Мөңкеұлы 1873 жылы-ақ,

Мен қауіп еткеннен айтамын:
Ақ борықтай иілген
Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін,
Шашын-мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін.
Адыра қалған заманның
Мен жаратпаймын сүреңін!» - деген данышпандық пікірін айтқанда, отыз-ақ жаста екен» дейді М.М. Тілеужанов (2, 37 б.). Асан атамыздай ақсақалдарды жоқтаған ғалым былай дейді: «Ақсақалдарды қаймағы бұзылмаған орта тудырады. Біздің халықтың шалабы шайқалғалы қашан... Қарттарымыз қарт болмай қалды, ащы су көрсе қутыңдаған шалдар, мәужіреген қариялар мен қосағасылар көбейді» (2, 38 б.). Ақсақалдар мектебі реттеу мен шектеуге, насихат пен өсиетке құрылған өнегелі мектеп. Махамбет ақын айтқандай «Кәрісі кімнің жоқ болса, Жасы болар дуана». Шын

мәнінде, рухани жағынан азғындаған ұлттың іріп-шіруі тез жүретінін отарланып, ұлттық санадан айрылған аз ғана ұлттардың тұрмысынан көріп отырмыз. «Қызыл кітапқа» енетін ұлттар қазіргі жер шарында толып жатқаны соған айғақ. Асан Қайғы осы ақсақалдар мектебінің жарқын насихатын былай келтіреді:

Арғымаққа міндім деп
Артқы топтан адаспа,
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа,
Артық үшін айтысып
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.
Сара жолдан жаңылған.
Ханға зират қазылмас

Осы жолдарда, тіпті, ел басқарған ханның жолдан тайғанына қабір қазылмас деп, өзіне ескерту берілген. Бұны Асан ата насихаты, халықтық педагогиканың басты ережесі деп білген жөн.

М.М. Тілеужанов ақсақалдық мектеппен бірге, шешендер мен билер тағылымы, қыз-келіншек, әжейлер тағылымын халықтық педагогиканың басты бөліктері деп таниды. Осы жерде ақын Рахат Қосбармақтың «Бұрынғының адамдары» деген өлеңі еске түседі:

«Менің бала кезімнің адамдары,
Баяғыдай аяулы маған бәрі.
Ұят нәрсе істеуге дәті бармай,
Ұрпағының қамы үшін алаңдады.
Ол кездегі адамның тілі қандай!
Ықыласына көк мұз да жылығандай.
Той жасаса, барлығын шақыратын,
Бүкіл ауыл баратын бірі қалмай.
Жамандарды жабылып жазалайтын,
Жан-жүрегін ел мұңы мазалайтын.
Біреу мәңгі бақиға сапар шексе,
Бүткіл ауыл-ел болып азалайтын»

Н.Ә. Назарбаев бағдарламалық мақаласында былай деп жазған болатын: «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» (1).

Оның үстіне, жақында жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында елтану жұмысында атқарылар істер басты кезекке қойылады.

Қорыта келгенде, Асан Қайғы тағылымы профессор М.М. Тілеужановтың ұлттық сана мен ұлттық тәрбиені қайтадан қалпына келтіру туралы ойларында басты көрініс тауып, бірінші меже ретінде белгіленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар. https egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru
2. Тілеужанов М.М. Халық тағылымы. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1996. – 302 б.
3. Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме.- Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2010. – 500 б.

УДК 551.312.46

БАЛЬНЕОЛОГИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ЛЕЧЕБНЫХ ГРЯЗЕЙ СОЛЕНЫХ ОЗЕР ЗАПАЛНОГО КАЗАХСТАНА

К.М.Ахмеденов,
кандидат географических наук, ассоциированный профессор,
проректор по научной работе и международным связям
ЗКГУ им.М.Утемисова

Солянокупольные ландшафты Западного Казахстана концентрируют высокий рекреационный и бальнеологический потенциал, но он используется слабо, что связано с отсутствием инвестиции в эту сферу, и как следствие, отсутствие инфраструктуры и рекламы. В результате полевых и лабораторных исследований в 2015-2017 годах были изучены перспективные бальнеологи-ческие участка – озера Индер, Альжансор, Аралсор и Хакисор. Исследования показали [1], что в соответствии с классификацией лечебных грязей, в Западном Казахстане распространены наиболее ценные сульфидно-иловые бромные пелоиды, относящиеся к классу: сильносульфидные и сульфидные, и подклассу соленасыщенные (таблица 1). В сравнении с известными бальнео-грязевыми курортами грязи озера Индер и озера Альжансор соответствуют разновидности Эльтонский — по названию озера, существующего в Волго-градской области РФ [2,3]. Грязи озера Хакисор и Аралсор соответствуют разновидности Карачинский - по названию озера, существующего в Новоси-бирской области РФ. Очень важным свойством грязи и рапы является их высокая щелочность, что предохраняет грязь от выпадения осадка гипса, чем озера Хакисор и Аралсор выгодно отличаются от других лечебных озер, например, Тамбуканского. Эти особенности обуславливают высокие лечебные свойства их грязи и ставят ее в один ряд с лучшими лечебными грязями отечественных и зарубежных курортов.

Лечебные грязи озера ИндерАтырауской области представляют собой черную грязь, плотной консистенции и неоднородной структуры, хорошо мажется и пристает к телу, имеет запах мокрого битума.Грязи озера Альжансор Западно-Казахстанской области представляют собой мягкую, пластичную, массу, обладающую слабым запахом битума, консистенция плотная, структура однородная. Грязи озера Аралсор светло-серого цвета, консистенция густая, сметанообразная, неоднородной структуры, без запаха. Грязи озера Хакисор коричневого цвета, консистенция густая, сбитая в комок, однородной структуры, без запаха.Бальнеологическая ценность их определяется влагоемкостью (естественной влажностью), консистенцией (сопротивлением сдвигу), степенью засоренности крупными фракциями, теплоёмкостью и теплоудерживающей способностью, минерализацией грязевого раствора, наличием сероводорода и сульфидов железа, окислитель-но-восстановительным потенциалом и реакцией среды. Остальные показатели, например, тяжелые металлы, лимитируют концентрации, превышение которых недопустимо.

Таблица 1 - Состав исследованных сульфидно-иловых пелоидов Западного Казахстана в соответствии с классификацией лечебных грязей

Минерализация, г/дм^3	FeS, % от естеств. вещества	H_2S, в вес.%	pH	Eh, мВ	Br,мг/дм^3	J, мг/дм^3	Теплоёмкость, кал/ г.град	Класс, подкласс	Название аналогов
озеро Индер									
326	0,55	0,3	7,01	263	40,8	1,8	0,76	Сильно-сульфидныйсоленасыщенный	Эльтонский
озеро Альжансор									
152	0,56	0,1	7,97	310	104,3	0,1	0,84	Сильно-сульфидныйсоленасыщенный	Эльтонский
озеро Хакисор									
160	0,15	0,01	7,21	148	120,8	0,1	0,69	Сульфидные соленасыщенный	Карачинский
озеро Аралсор									
256	0,47	0,03	8,43	231	87,9	0,7	0,82	Сульфидные соленасыщенный	Карачинский

Десятикратное превышение в данном случае допустимо, т.к. природное рассеяние этих элементов ничтожно мало и, как правило, безопасно для обитания человека в течение всей его жизни [2].

По основным физико-химическим показателям грязь озера Индер относится: по содержанию водорастворимых солей в грязевом растворе (в г/л) – соленасыщенным (более 150), по содержанию сульфидов (FeS в процентах к естественной грязи) – сильносульфидным (более 0,50), по реакции среды (pH) - слабощелочным (7,0-9,0). По основным физико-химическим показателям грязь озера Альжансор относится к соленасыщеннымсильносульфидным, слабощелочным грязям (таблица 2). По основным физико-химическим показателям грязь озер Аралсор и Хакисор относится к соленасыщенным сульфидным, слабощелочным грязям (таблица 2).

Таблица 2 - Физико-химические показатели грязей Западного Казахстана

Показатель	Ед. изм.	Норма для сульфидно-иловых грязей	Грязи Индер	Грязи Альжансор	Грязи Аралсор	Грязи Хакисор
Влажность,	%	25-75	26,1	47,3	35,2	23,1
Засорённость минеральными частицами d 0,25-5,0 мм	% от естест. вещества	не более 3,0	2,99	2,99	6,45	0,78

Твердые минеральные включения d >5 мм	%от естест. вещества	отсутствие	отсутствуют	отсутствуют	отсутствуют	отсутствуют
Содержание сульфидов (FeS)	% от естест. вещества	не менее 0,01	0,55	0,56	0,47	0,15
Содержание органических веществ	% от естест. вещества	не менее 0,5	1,07	2,66	0,92	0,19
Сопротивление сдвигу	дин/см^2	1500-4 000	1640	4090	5440	31500
Содержание водорастворимых солей в грязевом растворе	г/л	более 150	326	152	257	160
Тяжелые металлы:						
цинк	мг/кг	не более природного фона	31,5	26,9	25,0	26,3
медь	мг/кг		10,0	8,9	7,52	7,7
свинец	мг/кг		49,7	38,7	7,13	0,1
кадмий	мг/кг		1,82	1,34	2,79	3,0
марганец	мг/кг		364	889	360	769
ртуть	мг/кг		0,03	0,02	0,16	0,3

Санитарно-бактериологические показатели указывают на пригодность грязей к лечебному применению и обеспечивают их эпидемическую безопасность (таблица 3).

Таблица 3 - Санитарно-микробиологические показатели грязей Западного Казахстана

Показатель	Норма по СанПиН №3.01.074-99 от18.05.1999	Грязи Индер	Грязи Альжансор	Грязи Аралсор	Грязи Хакисор
Общее микробное число (ОМЧ)	не более $1*10^6$	отсутствует	отсутствует	отсутствует	отсутствует
Коли-титр (БГКП)	10 и выше	>11,1	>11,1	>11,1	>11,1
Титр E.coli	30 и выше	>33,3	>33,3	>33,3	>33,3
Титр Cl.perfingens	0,1 и выше	>0,1	>0,1	>0,1	>0,1

Патогенная кокковая флора (S.aureus)	не допускается в 1,0	не обнаружено в 1,0	не обнаружено в 1,0	не обнаружено в 1,0	не обнаружено в 1,0
Cl.tetani	не допускается в 1,0	не обнаружено в 1,0	не обнаружено в 1,0	не обнаружено в 1,0	не обнаружено в 1,0
Pseudomonas aeruginosa	не допускается в 10,0	не обнаружено в 10,0	не обнаружено в 10,0	не обнаружено в 10,0	не обнаружено в 10,0
Термофилы	не допускается	не обнаружено	не обнаружено	не обнаружено	не обнаружено
Патогенные энтеробактерии	не допускается	не обнаружено	не обнаружено	не обнаружено	не обнаружено

Требования, предъявляемые к качеству лечебных грязей, предусматри-вают такие нормативные показатели, несоответствие которым исключает возможность лечебного использования пелоидов: влажность обусловливает консистенцию грязевой массы, которая только при определенном содержании воды может оставаться пластичной, удерживаться на теле больного и иметь высокую теплоудерживающую способность; засоренность минеральными частицами или растительными остатками ухудшает пластичность грязей, а при наличии крупных включений (кристаллов, осколков раковин и др.) вызывает ожоги; сопротивление сдвигу характеризует пластичность грязевой процедур-ной массы и, следовательно, ее пригодность для грязевых аппликаций.

Показатели влажности, засоренности, сопротивление сдвига исследованных грязей озер Индер и Альжансор соответствуют требованиям, предъявляемые к качеству лечебных грязей. По показателям засоренности грязи озера Аралсори по показателю сопротивление сдвига грязи озера Хакисор не соответствуют требованиям по качеству. Наиболее высокая минерализация в озере Индер (326 мг/л), затем в озере Аралсор (257 мг/л), Хакисор (160 мг/л). Минерализация оз. Альжансор составляют 152 г/л. Грязевые растворы оз. Индер, оз.Аралсор, оз.Хакисор относятся к хлоридно-натриевому, а оз. Альжансор к хлоридно-натриево-магниевому типам [4].

Как видно из приведенных данных, изученные образцы лечебных грязей оз. Индер и Альжансор наиболее отвечают требованиям, предъявляемым к грязям для лечебного использования. Следует сказать, что грязь оз. Альжансор отличается более высокой удельной теплоемкостью, что, вероятно, связано с повышенным содержанием влаги.

Таким образом, сравнительное физико-химическое и микробиологическое изучение лечебных грязей озер Альжансор, Аралсор, ХакисорЗападно-Казахстанской области и озера Индер Атырауской области позволяет сделать вывод об их соответствии требованиям, предъявляемым к грязям для лечебного использования. Уникальный химический состав лечебных грязей в сочетании с рапными ваннами делает вышеуказанные озера привлекатель-ными для рекреации граждан Казахстана и отдыхающих из сопредельных регионов России. Необходимо разработать рекомендации по проведению организованного туризма и созданию лечебно-профилактических зон с использованием грязей данных озер.

Литература

1. Ахмеденов К.М., Петрищев В.П., Мұхси А.С. Бальнеологическая оценка лечебных грязей солянокупольных структур Западного Казахстана // Вопросы степеведения. – Оренбург, 2016. – № 13. –С. 12-17.
2. Анализ социально-экономической значимости ландшафтов солянокуполь-ного происхождения для Республики Казахстана: отчет о НИР (промежуточ-ный) / АО «Нац. центр научно-техн. информ.»: рук. Ахмеденов К.М.; исполн.: Абишева С.Х. – Алматы, 2015. – 97 с. – № ГР 0115РК01761. – Инв. № 0215РК02550.
3. Анализ социально-экономической значимости ландшафтов солянокуполь-ного происхождения для Республики Казахстана: отчет о НИР (промежуточ-ный) / АО «Нац. центр научно-техн. информ.»: рук. Ахмеденов К.М.; исполн.: Абишева С.Х. – Алматы, 2016. - 149 с. – № ГР 0115РК01761. – Инв.№ 0216РК01025.
4. Анализ социально-экономической значимости ландшафтов солянокуполь-ного происхождения для Республики Казахстана: отчет о НИР (заключитель-ный) / АО «Нац. центр научно-техн. информ.»: рук. Ахмеденов К.М.; исполн.: Абишева С.Х. – Алматы, 2017. – 212 с. – № ГР 0115РК01761.

УДК 332.115(574)

КАЗАХСТАН И РОССИЯ: ПЕРСПЕКТИВЫ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ

Т.Т. Шайхиев
Завкафедрой АНК
ЗКГУ им. М. Утемисова,
научный сотрудник института
«Рухани жаңғыру»

Важную роль в формировании и становлении интеграционных процессов в Центральной Азии и на всем постсоветском пространстве играет Казахстан. Страна, обладающая богатыми углеводородными ресурсами и бурно развивающейся экономикой, страна, ставшая заметным игроком в глобальной политике. Участие в интеграционных процессах на постсоветском пространстве Астана всегда определяла в качестве приоритетного направления своей внешней политики.

Для Казахстана данная проблематика имеет особое значение, поскольку участие Казахстана в международной экономической интеграции является условием создания экономической основы суверенитета Республики Казахстан, обеспечения высокого экономического роста, вхождения его в мировое сообщество в качестве полноправного члена. Республика Казахстан является одним их первых лидеров и активным последовательным организатором интеграционных процессов. Развитие интеграционных процес-сов будет способствовать разрешению этих экономических, политических, социальных проблем, улучшению политического климата каждой из этих стран, укреплению дружбы народов их населяющих и имеющих много общего в истории.

Инфраструктура рынка жилищно-коммунальных услуг, отвечающая требованием современного времени, условиям развитой экономики, должна отличаться энергоэффективностью, адаптивностью к факторам внешней среды, поддержанием рациональных межрегиональных пропорций при общественном характере производства и потребления услуг.

Литература:

1. Уровень организованности тепловых сетей ЖКХ. / Г.Г. Таткеева, В.С. Портнов, А.В. Таранов, А.Д. Мехтиев // Наука и образование -ведущие факторы стратегии «Казахстан 2050» (Сагиновские чтения № 5): Труды Международной научно-практической конференции,20-21 июня 2013 года. - Караганда, 2013. - С.137-139.

ӘОЖ 94 (470)

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ ТӨҢКЕРІСКЕ ДЕЙІНГІ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Д.Ж. Танзенов
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың магистр-оқытушысы,
«Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері

Ресей империясы Орталық Азияны жаулап алғаннан кейін оның аумағына елдің орталық өңірлерінен шаруаларды қоныс аудару мәселесі басталды. 1891-1892 жылдардағы ашаршылық кезінде қара топырақты губернияларды қамтыған бұл процесс орыс публицистерінің назарын аудартпауы мүмкін емес еді. Ол ең алдымен, либералды ағым өкілдерінің назарына ілікті.

Н.М.Ядринцевтің «Қоныс аудару ісінің он жылдығы» деп аталатын «Вестник Европы» журналындағы (1891) мақаласында Ресей империясының алдымен Сібірді кейін Орталық Азияны отарлауының қорытындысын жариялайды. Автор ортаазиялық аумақтарды сәтті отарлау үшін алдымен аймақтың географиялық ерекшеліктері мен агрономиялық жағдайын зерттеу қажет болғанын атап өтеді. Алайда, оның пікірінше, бұл міндет шешілген жоқ, «...ол көптеген тәжірибе жүзіндегі қиындықтарға әкелгенін» айтады [1].

Ең алдымен автор қоныс аударушылар мен жергілікті қазақтар арасындағы жер дауларына назар аударады. Келімсек шаруалар өз бетінше егістік жерлерді басып алды, сол арқылы көшпелілерді жайылымынан айырды, бұл кейін осы аудандарда өмір сүретін жергілікті халықпен арадағы қақтығыстарға әкелгенін алға тартады[2]. Автор мұндай жағдайларды дұрыс емес деп санады және жергілікті әкімшіліктен қазақтарды қорғауға шақырды. Нәтижесінде ол бір жағынан қоныс аударушылардың істерімен айналысатын орталық мекеме құруды, ал екінші жағынан – жергілікті жерлерде қоныс аудару ісін реттеу үшін Орта Азияны отарлаудың басты бөлімдерінде арнайы кеңселер құруды ұсынды. Сонымен қатар, ол үкіметті «жол көмегінің» орнына бірнеше жылға қарыз беруге шақырды, ол «...қоныс аударушыларды толғандырып, жергілікті халықтың кедейшілігін, қаңғыбастығын және батылдығын хабардар етеді [3].

Осылайша, либералды автор қоныс аудару мәселелерін шешуді ұйымдастыру шараларын жетілдірумен және қаржыландыру қағидаттарын өзгертумен және жергілікті халықтың мүдделерін ескеретін ойластырылған мемлекеттік саясатты жүргізумен байланыстырды.

«Вестник Европы» журналының келесі публицистерінің бірі А.Дингельштедт: «1891 жылы аштықтың орын алып, өлкеге қоныстандыру-шылардың келуіне тыйым салынғанына қарамастан, Түркістандағы орыс қоныс аударушыларының саны екі есеге көбейгенін, алайда үкімет тарапы қоныс аударуға қолдау көрсетпеді және бұл істе салғырттық танытты» деген айыптағады. Автор сонымен бірге қоныс аударушылар үшін жердің жетіспеуі мәселесін қозғап, Түркістандағы бос жерлер туралы мәселеде өлкедегі жердің жоқтығы, бос жерлердің болғаны жағдайында оны көшпенділерге тиесілі екенін, нәтижесінде ол көшпелілерден алынған жерлерде қоныс аударушы-ларды орналастырудан бас тартуға шақырды [4]. Еңбекте келтірген көзқарасы жағынан бұл автор да Ядринцев сияқты, аймақта қоныс аударушылардың істерін реттейтін ұйымның жоқтығына назар аударады.

Либералдық тұрғыда Дингельштедт өлкеде ирригацияның дамуына ерекше назар аударды. Жергілікті және көшіп келген халықтың мүдделерін ескере отырып, «жер мәселесін» шешуді ұсынды. Сөйтіп автор жергілікті халықтарды біртіндеп алдымен

жартылай отырықшылыққа, кейін толықтай отырықшы күйге бейімдеуге болатынын көре білді [5]. Нәтижесінде публи-цист ауыр климаттық жағдайларға, экономикалық қиындықтарға қарамастан, орыс қоныс аударушылары еңбекқорлықтың арқасында жақсы егін жинауға қол жеткізгенін және жалпы осы аймақты игере алғанын атап өтеді. Сонымен бірге, ол өңірді одан әрі белсенді игеруде Орталық Азиядағы Ресейдің берік ұстанымдарын қамтамасыз ететінін атап көрсетеді. Бұл мемлекетке қосымша әскерлерді ұстаудан бас тартуға мүмкіндік береді [6].

«Русская мысль» басылым журналында да Орталық Азия аймағындағы отарлау мәселелеріне көңіл бөледі. Мәселен, К.Р.Кочаровский соңғы 30 жылдағы қоныс аудару ісін қорытындылайды. Статистикалық мәліметтер негізінде ол 1884-1891 жылдар аралығында Ақмола облысында қоныстанушылардың шаруашылық әл-ауқатының артуы орын алды, ал қазыналық борыш шамамен 6 есе азайды деген қорытындыға келеді. Алайда, автор осы саладағы шаруалардың әл-ауқатының деңгейі Азиялық Ресейдің басқа аймақтарымен салыстырғанда төмен екенін атап өтеді [7].

Журналдың тағы бір публицисі М.И.Венюков Орта Азияны тиімді бақылау үшін аймақтағы орыс халқының санын арттыру қажет деп санайды. Ташкентке жақын үш уезде орыс ауылдары мен қоныс аударушылар санын ұлғайтуды алға тартады [8]. Автор өлкенің ирригациялық жүйесіне ерекше көңіл бөлді, оны жетілдіру орыс отарлауының өсуіне әкелуі мүмкін екенін атап өтеді [9]. Оның пікірінше, аймақтың ең жарқын экономикалық жетістіктерінің бірі даму болды. Сонымен қатар, басқа либералды авторлар сияқты М.И.Венюков та үкіметті Түркістан экономикасын қаржыландыруды ұлғайтуға шақырды [10].

1890 жылдары «Северный вестник» журналы халық үніне айнала бастады. Өйткені, осы кезеңде авторлар орыс қоныс аударушы шаруаларының мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Осы тұста И.Гейер шаруалардың ерекше климаттық және табиғи жағдайлар мен қиындықтарға ұшырауына жергілікті әкімшіліктің кінәлі екенін алға тартып, өз қызметтік міндеттерін немқұрайлы атқарғандарын атап өтті [11].

Сол немесе басқа да жағдайларға байланысты қалаға қызметке мұқтаж, сол жерде ұзақ уақыт қалмаған және ауылға кеткен қоныс аударушылардың атына ескертуде публицист бұл «орыс шаруасының әдемі өзіндік белгісі - жерге тарту», ал Түркістанға қоныс аударушы «...Жермен тұрақты жұмыста өз несібесін іздеп табу болып табылады», сол жердегі ісін адал орындау арқылы, «өзінің отарлау миссиясын» адал орындауға көмектесті деп жауап берді. Бұл ретте И.Гейер қоныс аударушылардың өмір сүру жағдайын жақсартумен жер-гілікті әкімшілік айналысуы тиіс деп атап өтеді [12].

«Русское богатство» журналында либералды халықшылықтың мінбесі болған, сондай-ақ Түркістандағы орыс шаруаларының мәселелеріне ерекше назар аударылды. Мәселен, жарық көрген мақалалардың бірінде қоныс ауда-руды ұйымдастыру ісінде үкіметтің қоныстандыру мәселесінде іс жүзінде әрекетсіздігі атап өтілді. Автор аумақты орыс халқының белсенді отарлауына байланысты жергілікті тұрғындар егіншілікпен айналыса бастағанына назар аударды[13]. Халық публицисі А.В.Пешехонов журнал беттерінде мемлекетті қоныстандыру ісінде кедергі жасамауға, керісінше, шаруа арқылы қоныс аудару процесіне жәрдемдесуге шақырды [14]. Осылайша, «Русское богатст-во» журналында: «Түркістан аймағының орыс шаруаларымен отарлануының оң салдары байқалды, әрі мемлекет тарапынан да қоныстанушы шаруаларға көмек көрсетуді арттыру қажеттілігі туындады және жергілікті халық пен орыс шаруалары арасында достық қатынасы байқалды»,- деп жазды.

«Русский вестник» журналы елдегі консервативтік көзқарасты білдіруші басылым болып табылды. Себебі, бұл басылым Орталық Азияны отарлау тақырыбында бірқатар материалдарды жариялады. Мәселен, А.Иванов мақала-ларының бірінде Түркістандағы қоныс аударушылар санының артқанын атап өтеді [15]. Ол бюрократиялық топтардың

көзқарастарын көрсете отырып, ол қоныс аудару процесінің кемшіліктеріне арнайы тоқталды. Қоныстанушы орыс шаруаларының егіншілік, сауда және ұсақ өнеркәсіп мәселелерінде жергілікті халық өкілдерінен артта қалғанын атап өтті [16].

Өңірді отарлау барысын сипаттай отырып, Иванов Түркістан өлкесінде қоныс аударушылар тек ауыр жағдайда ғана емес, сонымен қатар аумақты игеру ісінде бастамалар көрсетпейтінін атады [17]. Нәтижесінде ол өзінің отарлау бағдарламасын жасады. Бағдарламада көшпелілерден алынған бос жерлерге сенімді шаруаларды қоныстандыру керек және қоныс аударушылар үшін «бір-біріне жақын орналасқан шағын шіркеулер» салуды, өндірістің өсуіне ықпал етуді, әрі осының арқасында қоныс аударушылар мен т.б. мұқтаждар үшін мемлекеттік шығындарды біртіндеп қысқаратынын атап өтті. Жалпы алғанда Ресей империясының Орталық Азияны XIX ғасырдың II жартысында шаруалармен отарлау мәселесі төңірегінде бұл идеялар консервативті көзқарасты көрсетті [18].

Осылайша, публицистикалық материалдарды талдау нәтижесінде ресейлік жетекші журналдар өкілдерінің Орталық Азияны шаруалармен отарлауда түрлі көзқарастар мен белгілі бір дәрежедегі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Жалпы олар бұл процесті қолдады. Алайда либералды «Вестник Европы» журналы немесе халықшыл «Северный вестник» және «Русское богатство» басылымдарының авторлары орыс қоныс аударушыларына мемлекет тарапынан барынша көмек көрсетіліп жатқаны, аймақтағы жер, су заңнамасының жетілгені, жергілікті халықпен тату көршілік қарым-қатынастардың дамығанын өз мақалаларында арқау етті. Бұл ретте олар мемлекет үшін емес, орыс шаруаларының мүдделеріне ерекше көңіл бөлді. «Русский вестник» консервативті басылымы өз тарапынан аймақты отарлауда алдымен қоныстанушы орыс шаруаларға материалдық көмек көрсету арқылы осы өлкедегі мемлекеттің тірегін көздеді.

Ойымызды қорыта келе, Ресей империясының Орталық Азияны отарлау мәселесінде алдымен өзіне тірек болатын орыс шаруаларын қоныстану арқылы жүзеге асырғысы келгені белгілі. Осыған арқау болған төңкеріске дейінгі басылымдарда жарық көрген мақалалардың өзегіне үңілсең, қай-қайсысының да отарлау шеңбері мен орыстық мүдде тұрғысынан аса алмағанын көреміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ядринцев Н.М. Десятилетие переселенческого дела // Вестник Европы. 1891. № 8. С. 805.

2. Сонда. С. 807.

3. Сонда. С. 825.

4. Дингельштедт Н.А. Наша колонизация Средней Азии // Вестник Европы. 1892. С. 236.

5. Сонда. С. 254.

6. Сонда. С. 256.

7. Кочаровский К.Р. Крестьянское хозяйство и переселение // Русская мысль. 1894.№ 6. С.70.

8. Венюков М.И. Туркестанские вопросы // Русская мысль. 1899. № 9. С. 145.

9. Сонда. С. 146.

10. Сонда. С. 148-151.

11. Гейер И. Переселенцы в Туркестане // Северный вестник. 1893. № 7. С. 6.

12. Сонда. С. 9.

13. С.Ф. Очерки колонизаторского движения в Акмолинскую область // Русское богатство. 1894. № 2. С. 203,217.

14. Пешехонов А. Земельные нужды деревни // Русское богатство. 1903. №11. С. 113.

15. Иванов А. Одна из наших окраин // Русский вестник. 1889. № 11. С. 178.

16. «Русское богатство». С. 179.
17. Иванов А. Русская колонизация в Туркестанском крае // Русский вестник. 1890.№ 11. С.231.
18. Сонда. С. 242-244.

ӘОЖ 94 (574)

ШАХЗАДА ШОНАНОВА – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Р.А.Қатарова
Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің
магистранты

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді... Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Оның бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс» деп басты айта отырып, өткен тарихын білмеген, өзінің ұлттық қасиеттерінен айырылған халық, қасіретке ұшырайтындығы туралы терең тұжырымдар жасады [1]. Әсіресе, Елбасы аса назар аударып отырған ел тарихының қатпарлы тұсы, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының ұлт мүддесі жолындағы қызметі – Мәңгілік еліміздің ұлы мұраттары жолында заманның қаталдығына мойынұсынбай қайсарлық көрсеткен, өжеттілігі кейінгі ұрпаққа өнеге боларлықтай қызметі бүгінгі ғалымдар мен зерттеушілер назарында.

1921-1954 жылдары Қазақстанда 100 мыңнан астам адам саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан аса адам ең ауыр жаза – ату жазасына кесілген. Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағаты деректеріне сенсек, Қазақстандағы НКВД қызметі 183 ұйымды «әшкерелеп», жалпы саны 3720 «тыңшыны» тапқан [2].

Небір қатарынан оза шапқан жүйріктер, ірі мамандар, ойы озық таланттылар, бір сөзбен айтқанда, кеңестік элитаның, партия және кеңес басшы қызметкерлерінің, халық комиссарларының, көрнекті қайраткерлерінің жарлары, аналары мен апа-қарындастары жазықсыз жалалы болып, «халық жауы» атанып, сталиндік «қызыл вагондарға» тиеліп, еңбек-түзеу лагерьлерге әкелінген. Қазақ өлкесіндегі сондай лагерьлердің бірі – АЛЖИР-де болған атақты адамдардың жарларын атасақ: Тұрар Рысқұловтың әйелі Әзиза мен енесі Әлиса, Сәкен Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам, Бейімбет Майлиннің әйелі Гүлжамал, Темірбек Жүргеновтің әйелі Дәмеш, Нығмет Нұрмақовтың әйелі Зұфнун, т.б. [3]. Тұтқында болған әйелдердің тағдырларын сараптай келе, нәзік жандылардың ерен ерлігі, төзімділігі мен ержүректілігі тәнті етеді.

Сонымен қатар, басқа елдерден жер аударылып, лагерьлерде жазасын өтеген қазақ қыздарымен қатар елге әйгілі, аты шыққан өнер иелері мен театр актрисалары, опера әншілері де болған. «Харьков опереттасының жеке орындаушысы Е.Олевейникова, «Мәскеу» опереттасының бұрынғы басшысы М.Лер, орыс халық әндерінің орындаушысы О.Кузьмеина, әртістер О.Окуневская, К.Орохелашвили, Л.Бабицкая-Головня, ақын К.Андроникова, Л.Русланованың оқушысы А.Иванова, балет бишілері М.Плисецкая сынды өнерлілер жиналып тұтқындар мен басшыларға арнап концерттік бағдарлама-лар ұйымдастыратын. 1947 жылы тұтқындар күшімен 241 концерт, 63 спектакль ұйымдастырған. К.Симоновтың «Орыс адамдары», К.Гельдидің

«Қонақ үй қожайыны», Н.Островскийдің «Жасаусыз қалыңдық», Б.Лавреневтың «Талқандау» сынды қойылымдары өз көрермендерін тапты. Ақын, суретші А.Л.Чижевскийде КАРЛАГ-та жазасын өтегендердің бірі. Ол атақты ғалымдармен таныс болып, жақсы қарым-қатынаста болған. Спасск лагерінің тұтқыны математик Г.Н.Перлатовпен дос болып, оған арнап «Плиний Старший» өлеңін арнаған. Кеңестік авторлардың патриоттық тақырыпқа жазылған пьессаларын қоюға рұқсат берілмеді. Халық жауы патриоттық жайлы сөйлеуі мүмкін емес, ол тек жалғандық деп саналды. Бұл мәселені қатты қадағалап отырды» [4].

Сондай солақай саясаттың құрбаны болған қазақ қызының бірі – Шонанова (Қаратаева) Шахзада Аронқызы. Ол 1937-1938 жылғы Кеңес үкіметінің шарпыған саяси қуғын-сүргін кезеңінде ең ауыр үкім – ату жазасына кесілген. Шахзада Шонанова (Қаратаева) 1903 жылдың 5 сәуірінде Батыс Қазақстан облысы, Сырым (бұрынғы Жымпиты) ауданында дүниеге келген. Әкесі Арон Қаратаев – әйгілі Әбілқайыр хан ұрпағы, төре тұқымынан, белгілі қоғам қайраткері, Дума депутаты болған заңгер Бақытжан Қаратаевтың інісі. Бұл жөнінде дерек Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясында «Қаратай сұлтан әулетінен тараған белгілі саяси, мәдениет қайраткерлер көп. Бақытжан Қаратаев, Әлікей Бейсалиев, Мұхит Мералиев, Қамбар Медетов, Шахзада, Мұхит, Шынтас, Шайхы Қаратаевтар, Лұқпан, Ғұбайдолла Мұхитовтар – Қаратайдың тікелей ұрпақтары» деп жазылған [5]. Анасы Хұсни-Жамал Зұлқайнайқызы Нұралыханова – Жәңгірханның немересі. 1894 жылы Бөкей ордасында мектеп ашқан, талай талантты шәкірттер тәрбиеленген ағартушы ұстаз. Қазақтың қайраткер қыздары – Алма Оразбаева, Рәзия Меңдешова, Әмина Сүлейменова Хұсни-Жамал Нұралыханованың мектебінен өткен шәкірттері.

Шахзада 1912-1917 жылдары Орал қаласындағы қыздар гимназиясында білім алған. Ол – XX ғасырдағы білімді, алғыр қазақ қыздарының бірі. Оның Алаш мұрасына, қазақ халқына сіңірген көп еңбегін түгелдеп санамалап жатпай-ақ, бір-ақ ауыз дерек келтірсек те жеткілікті. Ол туралы Алаш арысы Міржақып Дулатұлының қызы Гүлнар Дулатова өз естелігінде «Бақытсыз Жамалды» бірінші рет Шахзада Шонанованың (Қаратаеваның) аузынан естігенін айтады [2].

1920 жылы Шахзада Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түседі. Бірақ шыққан тегі, әкесі үстем тап өкілі болғандықтан, қудаланып, біреулердің көрсетуімен 2-курста оқудан шығарылған. Алғыр, жас ару бұған мойымаған. Ол 1922-1926 жылдарда Орал губерниялық атқару комитетінде іс жүргізуші болып істеген. Оның қызмет еткені жөніндегі мәліметтер Батыс Қазақстан облыстық мұрағатында сақталған. Мысалы, «№ 37 бұйрықта 1922 жылдың 3 ақпанынан бастап Басқару губерниясы Шахзада Қаратаеваны іс-жүргізуші лауазымына алған» [6]. Одан өзге Губотуправаның бұйрығында «1922 жылы 18 сәуірден бастап 1 ай мерзімдегі демалысында көктемгі егістік жұмыстарына шықты. Губерниялық атқару комитетінің хатшысы Қаратаеваға посевкомпаниямен байланысты 1 айлық демалысқа рұқсат берілді. Уақытша хатшылық қызметке Карыкин тағайындалды» деп жазылған [6].

Сондай-ақ, ол аз уақыт Сырдария губерниялық партия комитетінде нұсқаушы қызметтерін атқарған. 1926 жылдан бастап КСРО ағартушы қызметкерлер одағының мүшесі, 1928-1930 жылдарда Қызылордада Халық ағарту комиссариатының мектепке дейінгі балалар тәрбиесі бөлімінің нұсқаушысы болып орналасқан. Алайда Шахзаданың есіл-дерті оқуын жалғастыру еді. Осы мақсатпен 1931 жылы Алматыға қоныс аударып, Алматы медицина институтына оқуға түседі. Бірақ мұнда да «әлеуметтік тегі» бойынша бақылауға алынып, институт Шахзаданы «қоғам жұмыстарында тексеруге» міндеттелді. Осыған сәйкес, Шахзада 1932 жылдың 12 наурызынан 11 сәуірге дейін ең қауіпті ауру-бөртпе сүзек індеті жайлаған Прибайкалстройдың Спасск деген жеріне жіберілген. Ұлттық қауіпсіздік коммитеті архивінде сақталған құжаттағы деректе сол жердегі жұмыс орнынан институтқа ол жөнінде: «Жолдас Шонанова өзін қайратты, іскер қызметкер ретінде көрсетті... Қоғам

жұмыстарына қатысты... Санитарлық шаруаларды жүргізуші ретінде Шонанова ең сенімді қызметкер болды» деген мінездеме берілген [7]. Алайда, осындай үлгілі мінездемеге қарамастан Шахзада тағы да 2-курста «әлеуметтік тегіне байланысты» оқудан шығарылған.

Шахзаданың өмір жолы туралы қалам тартқан белгілі ғалым т.ғ.д., профессор Әбу Тәкенов «Шахзада тағдырдың тәлкегімен екі рет тұрмыс құрды. Алғашқы жолдасы мемлекет қайраткері Ыдырыс Мұстамбаев болды» деп жазады [8].

1931 жылы ол энциклопедист ғалым Телжан Шонановпен бас қосады. Осы кезеңде Телжан Шонанов Қаз ПИ-де доцент болып жұмыс істейді.

Шахзада Шонанова (Қаратаева) 1933-36 жылдарда педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында, Халық ағарту комиссиаратында, ұлттық мәдениетті ғылыми-зерттеу институтында кіші қызметкер сияқты түрлі қызметтер атқарды. Жас қызметкердің тынымсыз әрі табанды ізденісін байқаған Халық ағарту комиссары Т.Жүргеновтың шақыруымен ол бастауыш және орта мектеп бөлімінде ғалым, хатшы, кейін әдіскер кеңесші болып қызмет істейді. Бірақ 1936 жылдың басында бұл қызметтен де босатылды. Шахзада сонда да мойымады. 1936 жылы жасы 33-ке келсе де, белгілі бір мамандық алуға талпынған жас қайраткер Шахзада Шонанова (Қаратаева) ҚазМУ-дің биология факультетінің 2-ші курсында оқуға мүмкіндік алды. Бірақ бұл жолы да оқуы еріксіз үзілді. 1937 жылы 19 шілдеде жұбайы Телжан Шонанов «халық жауы» деген жаламен тұтқындалды. Артынша Шахзада да тұтқынға алынады.

Он тоғыз жасынан қызметке кірісіп, мәдени-ағарту саласында көптеген істерге ұйытқы болған, халыққа адал қызмет етуді армандаған, саяси қудалауларға мойымаған Шахзада Шонанова зұлмат саясаттың құрбаны болды. Осы кезеңде ел арасында 1937 жылы жаппай айыптауда азаматтар бірінің үстінен бірі арыз жазып, өзін-өзі қыруға себепші болды деген пікірлер бар. Өздеріне қажетті адамдардың үстінен іс қозғауға негіз болатын әңгімені НКВД-ның өзі ұйымдастырғаны да бұл күнде ешкімге жаңалық емес. Ойлап қарасақ, ұлтшылдық, террорлық-диверциялық, троицкийшілдік-зиновьевшіл-дермен, сондай-ақ неміс, жапон империалистерімен қазақты ауыз жаласты деп айтудың өзі де ақылға сыймайды. Осы күндері архив құжаттары беттерін ақтарып отырсақ, небір заңсыздықтарды, жалақорлықтың тәсілдерін қолданғанын көреміз. Осындай негізде Шахзаданы айыпау НКВД үшін аса қажет болған сияқты. Өйткені онсыз жоғары оқу орындарында ұлтшылдық ұйымдардың әрекетіне қалай сендіруге болады. Ал Шахзада қай жағынан алса да ыңғайлы болып шықты. Шыққан тегі де, күйеуінің «Халық жауы» ретінде тұтқынға алынуы, сауатты болуы, көптеген Алаштық зиялы азаматтармен араласуы бәрі де бұлтартпас айғақ ретінде ойластырылған.

Мысалы, 1938 жылдың 6 қаңтарындағы хаттамада Шахзада өзін антикеңестік ұйымға 1926 жылы Ыдырыс Мұстамбаев тартты деп «мойындаған», 13 қаңтардағы жауабында «ҚазМУ-да оқыған кезде мен студент жастар арасында күнбе-күн антикеңестік, ұлтшылдық насихат жүргіздім. Контрреволюцияшыл, буржуазияшыл, ұлтшылдық идеясын кеңінен тараттым» деген сөздер жазылған. Сонымен қатар, НКВД жендеттері 1936 жылы 20 қазанда ҚазМУ-де болған өртті де Шахзаданың мойнына артқан. 1936 жылғы 21 қазандағы жасалған актіде көзімен көрген куәгерлердің мәлімдемесінде өрт Совет көшесі, 9-ші үйде (қазіргі Достық көшесі бұрышы) анатомия кабинетінде болған. НКВД актісінде әдейі өртелген десе, НКВД-нің республикалық басшысы Лев Борисович Залинге көргендер оны абайсызда болған жайт деп жауап берген. Соған қарамастан 1938 жылдың қаңтарында өртті әдейі ұйымдастырған деген жаламен Шахзада Шонанова (Қаратаева) мен оның «сыбайластары» тұтқындалады. Сөйтіп, бұл іс бойынша адамдардан жауап алынады. Шахзаданың 1938 жылы 17 қаңтардағы жауабында «1936 жылы күзде ҚазМУ-ды өз қолыммен өртедім, соның нәтижесінде университет үйінің негізгі бөлігі жанып кетті» деп қол қойған. Куәгерлердің жауабын ескеретін болсақ, өрт лезде басылып, іле-шала сөндірілген. Аса көп залал болмаған, анатомия бөлмесіндегі кітаптар, құрал-жабдықтар далаға

шығарылған деп көрсетілген. Жазықсыз жалалы болған Шахзада Шонанова (Қаратаева) «өкіметке қарсы қылмысы үшін» ату жазасына кесіліп, 1938 жылы 9 наурызда жұбайы Телжан Шонановтан (1938 жыл 27 ақпан) он күннен кейін сол кездегі Қылмыстық Кодекстің 58-бабы бойынша «антисоветтік ұлтшылдық ұйымдармен байланыста болды, ұлтшылдық жұмыстарды белсенді жүргізді» деген айып тағылып, Алматы түрмесінде атылған. Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінен табылған құжаттардың бірі – «Тұтқындалушы анкетасында» Шонановтар отбасынының Алматы қаласында Красина көшесі, 51 үйде тұрғанын, Шахзаданың әлеуметтік тегі – бай-полуфеодал» деп көрсетілген [7].

Шахзада Аронқызы Шонанова (Қаратаева) 1958 жылы 9 наурызда КСРО Жоғары Сотының Әскери Коллегиясының ұйғарымымен «тағылған айыптың қылмыстық негізі жоқ» деп табылып ақталған. Бұған қатысты құжаттар БҚО Мұхит Мерәлі атындағы Қаратөбе аудандық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған [8].

Телжан Шонанов пен Шахзада Аронқызы Шонанованың (Қаратаеваның) артында ұрпақтары қалмаған. Тек өз бауырларына басқан ұлдары –Жақыптың есімі ғана аталады. Жақып сол жылдарда Донбаста, Сталино қаласында индустриялдық құрылыс институтының студенті екен. Сол Жақыптың кейінгі тағдыры туралы мағлұматтар өкінішке орай табылмады. Шахзада өмірінің соңғы сәтіне байланысты мына бір деректе:

«Халық жауларын» үш сағат бойы атып, содан соң мүрделерін жабық әскери машиналарға тиеп, Әлі деп аталатын ауылға апарған. Бұл – 1932 жылдың ашаршылығында барлық тұрғындары қырылып, қаңырап қалған ауыл еді. Балшықтан соғылған үйлердің орындарында жартылай құлаған қабырғалар ғана сорайып тұр. Міне, сол қабырғалар арасында солдаттар күндіз шұңқырлар қазатын да, ал түнде ол шұңқырларға атылған адамдардың мүрделері тасталған. Қаңырап тұрған бұл ауыл жанында жаңа ауыл да бар еді. Оның тұрғындарына көне ауылға жақындамау жөнінде бұйрық берілді. 1937-1938 жылдары атылған адамдар тізімін қолымызға алғанда біз НКВД «машинасының» демалыс, мейрам дегенді білмей күндіз-түні жұмыс істегенін ұқтық. Әр күні 40-50 адам НКВД ғимаратының жертөлесінде атылған. Осы қантөгіске қатысқан жендеттің айтуынша, «машинадан шұңқырға мүрделерді лақтыра бастағанда, кенеттен олардың бірі тіріліп, айдалаға қаша жөнеліпті. Бұл әйел адам еді. Жендеттердің бірі оны сол арада атып құлатқан. (Тізімде жалғыз ғана әйел адам болғандықтан, бұл жерде әңгіме ҚазМУ студенті Шахзада Шонанова жөнінде деп жорамалдаймыз.) Осы оқиғадан кейін машинаға саларда атылғандардың аяғының сіңірін қиып жіберетін болған» [7].

«Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден», - деп сол заманның қайраткері Әлихан Бөкейханов айтқандай, Шонанова (Қаратаева) Шахзада Аронқызының өмірі тарихи реализм мен ізгілік, бостандық соқпағын нұсқайтын сияқты. Оның жасап кеткен игі ісі келешек ұрпаққа жаухар дүние. Халқының ұлылығы мен батырлығын ардақтаған апамыздың ерлігін насихаттау – болашақ ұрпақтың, біздің абыройлы борышымыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Айқын. 2017 ж. 19 сәуір.
2. Сімәділ Қ. Қазақстандағы КСРО-дан бөлгісі келген әйелдер. // Қазақ әдебиеті. 2013 ж. 8 наурыз. №10
3. Тәшенов Т. Атылған аналар// Айқын. 2010, 4 наурыз.
4. Хамидуллина Д. Қазақстандағы «арнайы контингенттің» күнделікті өмірі (XX ғасырдың 30-50-шы жылдарында). - Алматы, 2014 ж. - 175 бет
5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 580 бет
6. Батыс Қазақстан облыстық мұрағаты, 24-қор, 5-тізбе, сақтау бірлігі-41, бума-4
7. Жекекқызы Н. Отыз бесінде атылған ару.// Данаказ. Тарихи-танымдық журнал. 2015ж. №2-3
8. Тәкенов Ә. Ату жазасына кесілген ару. // Зерде. 2004ж. №12

ӘОЖ 82-1

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ МӘТІНДЕРІНЕ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУЛАР

Г.Т.Мағзомова,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы күрделі жұмыстардың бірі – текстоло-гия мәселесі. Шығарма тілін жете білу, сөздердің мағынасын толық түсіну, әдеби нұсқаның басқа бір шығармаға ұқсас жерін бағдарлау, шығарманың идеялық көркемдік жағынан күдіксіз екендігіне көз жеткізіп, оны оқушы қауымға ұсыну – текстологияның басты міндеттерінің бірі.

Әдебиеттануға өзіндік үлесін қосып, әдебиет теориясын жасаған ғалым З.Қабдолов текстологияға былайша анықтама беріп кетеді: «Текстология көркем шығарманың тұрақты түпнұсқасын белгілейді, оның автор қолымен жасалған ақтық редакциясын анықтайды, әр алуан варианттарын өзара салыстырады, әр басылымын автографпен салыстырады, текстің автор еркінен тыс қысқарған жерлері немесе бөгде қолмен орынсыз өзгертілген тұстары болса қалпына келтіреді, түпнұсқаны көшіріп басқандар мен әріп терушілер тарапынан кеткен, ең арғысы, емле қателері болса да ұқыппен түзетіп отырады» [1, 51 б.]. Егер де ғалымның соңғы пікірімен келісер болсақ, онда текстология – тек шығарманың тексінің тарихын зерттеу емес, сонымен қатар, мәтінді басуда кеткен орфографиялық, пунктуациялық қателерді анықтап, ретке келтіру болмақ. Демек, жыраулар поэзиясының текстологиясын сөз еткенде, ондағы мәтіндік айырымдарды айта кетуге әбден болады.

Сонымен жыраулар мұраларының тілін зерттеуде қиындық тудыратын, кейде тіпті зерттеушіні немесе жалпы оқырмандарды шатастыратын келеңсіз-дік бар. Ол – жеке сөздердің қате берілуі. Бұл мұралардың қай кітапта, қай журналда, қай жылда басылғанын алсаңыз да, бәрінде де қателерді, әсіресе, бейтаныс сөздердің жазылуындағы ала-құлалықты кездестіреміз. Ала-құлалықтың бірқатары – араб жазуымен жеткен кітаптар мен қолжазбалардағы сөздерді қазіргі жазуға көшіргенде, контекске қарай түзетіп жазуға байланыс-ты алшақтықтар.

Айталық, Асан қайғының мына жыры Х.Сүйіншәлиевтың «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты кітабында:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай елінің
Ойына келген асын жейтұғын [2, 79 б.],- деп берілсе, «Бес ғасыр жырлай-ды», «Жеті ғасыр жырлайды», «Алдаспан» жинақтарында «Оймауыттай тоғай егіннің» деп берілген.

Сондай-ақ:
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген.
Екі семсер қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген [2, 80 б.], - делінсе, өзге жинақтарда *«екі семіз»* деп беріледі.

Х.Сүйіншәлиевтің еңбегінде Асанның мына толғауы:
Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер?
Хан менен билер қысқанда,
Халық қайтіп күн көрер?

Онда халық түнерер,

Халыққа қысым күш берер,

Халықтың кегі күшке енер[2, 81 б.], -деп берілген. Алайда өзге барлық жинақтарда бастапқы екі тармақтан басқасын мүлде кезіктірмейміз. Жырау-дың бұл толғауы жайында Қ.Өмірәлиев: «Алғашқы екі жол шешендік сөзді Асан қайғы айтты деген сөз дей қояйық. Алайда сол дәуірдегі эпостық шығармаларда араб тіліне тән халық сөзі кездеспейді. Оның орнына үнемі байырғы жұрт сөзі айтылады. Асан қайғы әдебиетте жұрт сөзін халық сөзімен алғаш ауыстырған жырау бола қойсын делік. Бірақ «халықты қысу» сияқты сөз тіркесі сол дәуірдегі тілде норма болды ма? Бұл сөз тіркесі сол дәуір тілінде норма болды дей қояйық, бірақ «қысым-күш берер» түріндегі сөз тіркесі болды ма? Бұл сияқты тіркес заңдылығын ол дәуірде болды дей қою өте қиын. Ал «кегі күшке енер» түріндегі тіркес, мұндағы тіркесім заңдылығы сізді қалай дегенде де еріксіз күдікке жеңгізеді емес пе? Демек, бұл өлең көп өзгеріске түскен. Өлеңнің тең жартысы кейінгі дәуірдің жалғама, қоспа жолдары. Олай болса, бұл өлеңді Асан сөзі деп айту басқа емес, сол Асанның өзіне жасаған қиянат болар еді» деген пікір білдіреді [3, 136 б.].

XV ғасырдың өкілі Қазтуған жыраудың «Мадақ жырын» алатын болсақ, толғаудың тоғызыншы тармағы «Бес ғасыр жырлайды» жинағында «Билер отты би соңы» [4, 54 б.], - деп берілсе, «Жеті ғасыр жырлайды» жинағында «Билер атты би соңы» [5,18 б.],– деп берілген. Ал кейбір зерттеушілер «отты», «атты» сөздердің орнына «өтті» деген сөздің қолданылуын дұрыс деп бағалап, ойға қонымды ұсыныстар жасайды. Себебі толғауды бастан аяқ оқып шығар болсақ бұл сөздердің орнына «өтті» сөзінің болуы орынды екенін бірден байқар едік. Яғни:

Билер өтті би соңы,

Би ұлының кенжесі,

Сүйінішұлы Қазтуған,-деп жырау өзін «басқа билер өтті, мен билердің соңы, кенжесімін» деп бағалайды.

XVI ғасырдың өкілі Доспамбет жыраудың «Айналайын Ақ Жайық» толғауын қарастыратын болсақ, жырдың үшінші, төртінші тармағы барлық басылымдарда:

Еңісі биік боз орда

Еңеке кірер күн қайда, – деп берілсе,

«Жеті ғасыр жырлайды» жинағында:

Еңсесі биік боз орда

Еңкейе кірер күн қайда?! [5,26 б.] – деп берілген. Бұл жерде «еңеке» сөзі дұрысырақ болар еді. Өйткені «еңеке» сөзі К.Қайыржан құрастырған сөздікте «тік, еңкеймеймеген қалпы» деп түсіндіріледі [6,131 б.]. Демек, екі басылымдағы «еңеке» және «еңкейе» сөздерінің мағынасы бір-біріне қарама-қарсы екені көрініп тұр. Бұл жерде жырау еңкейіп кіруден гөрі, еңкеймей кіргенді армандағаны анық. «Еңісі», «еңеке» сөздері жырау өмір сүрген ғасырдың таңбасын, яғни тілінің көнелігін танытатын болған соң бәлкім жинақ шығарушылар да ол сөздерді өзгертпей, ел аузынан қалай жиналса, сол күйінде беруді ұйғарған болар.

Доспамбет жыраудың «Айнала бұлақ басы тең» деген өлеңі «Бес ғасыр жырлайды» жинағында:

Ағарып атқан таңдай деп,

Шолпанды шыққан күндей деп [4, 32 б.],- деп берілсе,

«Жеті ғасыр жырайдыда»:

Ағарып атқан таңдай деп,

Шолпан шыққан күндей деп [5, 25 б.], - деп берілген.

Біріншісінде -*ды* қосымшасы арқылы шолпанды шыққан күнге теңесе, екінші нұсқасында шолпанның мекенін, орналасу аймағын білдіріп тұр. Бірақ екінші нұсқада ой екпіні шолпаннан күнге ауысады. –ды қосымшасының түсіп қалуы сөз мағынасын өзгертіп тұр.

«Бес ғасыр жырлайды» жинағында Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауында»:

Алтынды кесе сары бел,

Алсам мен саған ұсынармын [4, 37 б.],- деп берілсе, «Жеті ғасыр жырлай-ды» жинағында:

Алтынды кесе сары бал,

Алсам мен саған ұсынармын [5, 30 б.],- деп жазылған. Контекстік жағынан мұндағы «кесе» сөзімен «белден» гөрі «бал» сөзінің тіркесуі дұрысырақ болар еді.

Сонымен бірге, «Бес ғасыр жырлайды» жинағында осы толғауда кездесетін «дұспаныңдан бір сақын, достларыңнан мың сақын» [4, 38 б.], - деген тіркестер «Жеті ғасыр жырлайды» жинағында «Дұспаныңнан бір сақын, достарыңнан бір сақын» [5, 31 б.], - деп түзетілген.

Жыраудың «Шағырмақ бұлт жай тастар» толғауын алатын болсақ, «Бес ғасыр жырлайды» жинағында:

Құсты жисаң бүркіт жи,

Қыс тоныңды түлкі етер[4, 43 б.],- десе, Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты кітабында:

Құсты жисаң бүркіт жи,

Қыстауыңды түлкі етер[2, 87 б.], - деп берілген.

Қазақтың көнеден келе жақан байырғы дәстүрлерінің бірі – бүркітпен түлкі аулау, саятшылық құру. Саятшылықтың ең қызықтысы да құндысы – бүркіттің түлкі аулауы. Қазақ құсбегілері бағасы қымбат, кезі келсе «қара түгілі, ханға да байламайтын», аса сирек кездесетін қара түлкі, өте қымбат қырдың қырмызы түлкісін және қырдың қызыл түлкісінің терісін аса жоғары бағалаған. Демек бұл тұста әңгіме бүркіттің түлкі аулауы «қыстау» үшін емес «қыстық тон» үшін болып отырғаны айдан анық.

Немесе осы жырдың соңғы тармақтары «Бес ғасыр жырлайды» жинағын-да:

Бір жаманмен дос болсаң,

Күндердің күні болғанда,

Жімле ғаламға күлкі етер [4, 44 б.],- деген жолдардағы «Жімле» сөзі «Жеті ғасыр жырлайды» жинағында «жүмле» [5, 36 б.], Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты кітабында «жұмыла» [2, 87 б.] деп беріледі. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл сөзді «жүмлә» деп береді. Яғни бұл – араб тілінен енген сөз, «барлық, барша, күллі» деген мағынаны береді деп көрсетілген [7, 626 б.]. Демек, алдағы жарыққа шығатын басылымдарда осы үш нұсқаның орнына оның дұрыс нұсқасын қолданған жөн болар еді.

Сонымен қатар бұрынғы басылымдарда дұрыс берілген сөздердің кейінгі кітаптарда не қате жазылғандары, не өзгертілген түрлері орын алғаны да байқалады. Мысалы Жиембет жыраудың «Еңсегей бойлы ер Есімге» арнаған толғауы «Бес ғасыр жырлайды» жинағында:

Меніңменен ханым ойнаспа,

Менім ерлігімді сұрасаң,

Жолбарыс пенен аюдай,-деген жолдарда қазіргі қазақ тіліндегі «менің» сөзі «менім» деп берілсе, дәл осы бетте осы толғаудың отыз үшінші, отыз төртінші жолдары:

Есімде менің сүймеуің,

Істетпеске қойған тіліндей [4, 53 б.], - деп енді «менім» емес, «менің» деп өзгертіліп жазылған. Сондай-ақ осы жолдар «Жеті ғасыр жырлайды» жинағында мүлдем жоқ.

«Жеті ғасыр жырлайдыда»:

Меніменен ,ханым, ойнаспа,

Менің ерлігімді сұрасаң,

Жолбарыс пенен аюдай [5, 40 б.],- деп беріледі.

Дәл осындай екітүрлілік Қазтуған жырау толғауларында да кездеседі. Бұны Р.Сыздық былайша түсіндіреді. Ол: «есімдіктің I жақтағы жіктеулі түрі – менім сөзі 1982 жылғы «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» атты кітапта осы күнгі нормаға сай менің болып «түзетілген»: Сөйткен менің Еділім (72-б). Сірә, осы жерде менім тұлғасы Қазтуған сөзіне жуықтау болар, өйткені «Салп-салпыншақ анау үш өзен» атты толғаудың бас жағында «Салуалы менім ордам қонған жер» деген тармақ бар. Бір жырау бір толғаудың ішінде екі түрлі тұлғаны (менің/менім) қолдануы неғайбіл. Біздіңше, XV-XVI ғасырлардағы ноғайлы-қазақ жырлары тілінде бізің, бізім, менім, не білейім деген ноғайлық тұлғалардың болуы заңды. Тіпті бұлар қазақтың сол тұстағы сөйлеу тілінде де бар болуы ықтимал, себебі менің, біздің деген осы күнгі қазақтық нормалардың бірден қалыптасуы мүмкін емес» дегенді айтады [10, 75 б.].

Сондай-ақ, «Бес ғасыр жырлайды» жинағында «Періктігімді сұрасаң, Қарағай менен қайыңдай» деген жолдардағы «періктігімді», «Қаз мойынды ханыша» деген жолдардағы «ханыша» сөздері «Жеті ғасыр жырлайды» жинағында «беріктігімді», «ханшаңыз» болып өзгертіліп берілген.

«Бес ғасыр жырлайды» жинағында:

Қайырылып хайыр қылғуға,

Қылығың жоқ ұнаған [4, 53 б.], - деген жолдар «хайыр қылғуға» тіркесі «Жеті ғасыр жырлайдыда» «қайыр қылуға» [5, 41 б.] деп берілген. Қылғуға деген сөздегі артық бір «ғ» әріпі теруден кеткен қате.

Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауындағы мына жолдар «Бес ғасыр жырлайды» жинағында:

Жаралы қудай ыңырантып,

Жарылған мұздай күңірентіп.

Алғайдың құба жонына,

Жайылған қойым сыймаса [4, 63 б.],- деп берілсе,«Жеті ғасыр жырлайды» жинағында:

Жаралы қудай ыңыратнып,

Жарылған мұздай күңірентіп.

Алғидың құба жонына,

Жайылған қойым сыймаса [5, 65 б.],- деп келеді. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «Алғай» сөзін толғау, жырларда кездесетін, әлқиссасында айтылатын қайталама сөз деп көрсетеді [8, 390 б.]. Ал «Алғи» сөзінің осы сөздікте екі мағынасы қарастырылған. Біріншісі – елсіз, алыс, қиын, қатерлі жол. Екіншісі – Тау беткейлерінде өсетін, шикі күйінде улы, ащы, дәмі бар, қызғалдақ туысына жататын өсімдік [8, 392 б.]. І.Кеңесбаевтың «фразеологиялық сөздігінде» бұл сөзермен тіркесіп тұрған «құба жон» сөзі «біркелкі, орташа, ұзын-ырға дөңес, қырқа жал» деп түсіндіріледі. [9, 463 б.] Демек «құба жон» сөзімен «алғи» сөзінің бірінші мағынада тіркесуі дұрысырақ болмақ.

Сондай-ақ «Бес ғасыр жырлайдыда»:

«Халқы тозып кем болмас,

Әділ болса ұлығы»[4, 66 б.] деген жолдардағы халқы сөзі «Жеті ғасыр жырлайды» жинағында «халқың» [5, 66 б.] деп берілген. Немесе дәл осы жырдағы мына жолдар «Бес ғасыр жырлайды» жинағында:

Сырқат болсаң жат жерде,

Жаныңда кім бөгелер [4, 67 б.],- деп берілсе, «Жеті ғасыр жырлайды» жинағында:

Сырқат болсаң жат жерде,

Жаныңа кім үңілер?! [5, 67 б.] -деп өзгертілген. Екі нұсқаның да айтар ойы бір болғанымен, соңғы нұсқасының тілі әдеби түрге ауысып тұрғандай.

Үмбетей жыраудың «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» жырында мына жолдар «Бес ғасыр жырлайды» жинағында:

Анау бір жылы атанған,

Әскерді қырғыз қырғанда [4, 78 б.],- деп берілсе, «Жеті ғасыр жырлайды» жинағында:

Анау бір жылы аттанған,

Әскерді қырғыз қырғанда[5, 75 б.], - деп келеді. Бірінші нұсқадағы «т» әріпінің түсіп қалуын теруден кеткен қателік деуге болады.

Осы жырдың «Бес ғасыр жырлайды» жинағында елу екінші және алпыс төртінші аралығындағы жолдар:

Аруағыңа болысқан,
Әділ билік қылысқан.
Қашпаған қандай ұрыстан
Керейде батыр Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай –
Абылай, сенің тұсыңда
Сол бесеуі болыпты-ай!
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондай сый[4, 78 б.], - делінсе, Х.Сүйіншәлиевтің кітабын-да:

Аруағың болысқан,
Батырың өтті Бөгенбай
Қаз дауысты Қазыбек,
Керейден шыққан Жәнібек,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай
Абылай, сенің тұсыңда
Сол төртеуі болыпты-ай!
Үшеуі батыр, бірі би,

Тағдырдан келді-ау мына күй! [2, 145 б.] – деп мүлде өзгертіліп берілген. Шындығында төртеуі болды ма, бесеуі болды ма?! «Бес ғасыр жырлайды» жинағында кездескен Қу дауысты Құттыбай деген кім? Бірінші нұсқада «кейі батыр, кейі би деп» жалпылап көрсетсе, екіншісінде «үшеуі батыр, бірі би» деп кесіп айтқан. Міне, осындай екітүрлілікті жыраулар шағармаларының әр жылы шыққан нұсқаларынан көптеп кездестіруге болады.

Қорыта келгенде, жыраулар поэзиясына қатысты әлі де сұрағы көп мәселелер, жіберілген қателіктер мен тілін зерттеудегі қиындықтар әлі де шешемін толық таппай келеді. Келешекте жыраулар мұрасы барлық жарық көрген жарияланымдармен өзара салыстырылып, кейбір түсініксіз сөздердің мағынасын түсіндірме, қазақ тілінің әдеби сөздіктері мен емле қателері болмас үшін орфографиялық сөздікке сүйене отырып, мәтіндегі аз-кем айырымдарға текстологиялық тұрғыдан зерттеу жұмысы жүргізіліп барып ғылыми басылымға ұсынылса екен дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002
2. Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967.
3. Қ.Өмірәлиев XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. А., 1976.
4. Бес ғасыр жырлайды. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1989
5. Жеті ғасыр жырлайды. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2008
6. Қайыржан К. Сөз-сандық: қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер, 2013
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-6-томдар. – Алматы, 2011
9. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007
10. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. 3-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014.

«ҰЛТ САНАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»

«МОДЕРНИЗАЦИЯ СОЗНАНИЯ НАЦИИ И ЦЕННОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

Ғылыми редактор:	Кужалиева Р.Р.
Компьютерде беттеген және дизайн:	Кужалиева В.М.
Техникалық редакторлар:	Есимгалиева Ж.З.
	Сахметова С.К.
	Кубегенова Г.К

Көлемі 17,8 б.т. Таралымы 100 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 32

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстанмемлекеттік университетінің редакциялық баспа орталығы.

Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162